Сайлау елімізді ұлы істерге ұйыстырып, баянды болашақ жолында біріктіре түсеріне сенемін. Қазақстандықтарды ел тарихындағы тағы бір тағдырлы оқиғаға жауапкершілікпен қарап, белсене қатысуға шақырамын.

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**
*(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Үндеуінен)*

# Егемен Қазақстан

**№38 (28516)**
**26 АҚПАН**
**БЕЙСЕНБІ**
**2015 ЖЫЛ**

ISSN 1990-9720

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады • www.egemen.kz

# Мемлекет басшысының Қазақстан халқына ҮНДЕУІ



**Құрметті қазақстандықтар!**

Ел ішінде биыл кезектен тыс Президент сайлауын өткізу мәселесі қызу талқылануда. Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі көтерген бастамаға қоғам өкілдері жан-жақты пікір білдіруде. Парламент депутаттары мен саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, еңбек ұжымдары өз пікірлерін айтты. Маған күн сайын еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген хаттар келуде. Барша жұрт кезектен тыс Президент сайлауын өткізу бастамасына қызу қолдау білдіруде.

**Құрметті қазақстандықтар!**

Кезектен тыс Президент сайлауын өткізуге Демократиялық күштердің «Қазақстан-2050» жалпыұлттық коалициясы бірауыздан қолдау білдірді. Ол 6 саяси партияның, 18 республикалық қоғамдық бірлестіктің, 500 өңірлік үкіметтік емес ұйымдардың басын біріктіреді. Аталған мәселе бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі бастамашылық жасады.

Бұл күндері менің атыма кәсіпорындардың еңбек ұжымдарынан, ардагерлерден, студенттерден, жасы және кәсібі әртүрлі адамдардан көптеген хаттар мен жеделхаттар түсіп жатыр. Мұның өзі біздің азаматтарымыздың өсе түскен саяси белсенділігі мен олардың ел тағдырына шынайы қамқорлығын білдіреді. Барлықтарыңызға осы үшін зор рахмет.

Біздің азаматтарымыз үшін бүгін не нәрсе аса маңызды?

Біріншіден, маған арналған барлық үндеулерде ешқандай ішкі кикілжіңдер мен сыртқы жанжалдар біздің елімізге кесірін тигізбесін деген бүкілхалықтық алаңдаушылық байқалады. Адамдар бұл үшін тұрақтылық пен қоғамымыздың бірлігін нығайту қажет екенін түсінеді.

Екіншіден, әлемдік экономикалық дағдарыс белең ала түскен кезеңде халыққа ертеңгі күніне деген сенімділік керек. Бұл, ең алдымен, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік төлемдердің, жалақының, стипендиялардың тұрақтылығы.

Үшіншіден, жаһандық геосаяси қарама-қайшылықтар ушыға түскен жағдайда, біздің азаматтарымызды ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі алаңдатады. Сондықтан қазақстандықтар теңдестірілген ішкі және сыртқы саясаттың әрі қарай жалғастырылғанын қалайды.

Бұлар оңай мәселелер емес. Оларды шешу барлық азаматтар мен барлық деңгейдегі атқарушы биліктен дағдарыстан шығу жөніндегі белгіленген бағдарламаларды орындау үшін күш біріктіруді талап етеді. Осылайша, барлығымыздың алдымызда аса ауыр жұмыс тұр.

Маған Қарағандыдан Нина Алексеевна Мисоченко былай деп жазады:

«Күн сайын балаларымның амандығы үшін, жеріміздегі бейбітшілік пен тыныштық үшін мінәжат етемін. Күн сайын Құдайдың алдында біздің үйлерімізге ешқашан ешқандай алауыздық пен ешқандай соғыс қатер төндірмесін, біз қашанда бейбіт және бақытты өмір сүрейік деп жалбарынамын. Қазақстанда барлық адамдар татулық пен бір-біріне сеніммен өмір сүріп жатса, бұл Сіздің ерен еңбегіңіздің арқасы. Қазақстандықтар бірге еңбек етіп, бір-біріне қолұштарын береді, балалары мен немерелерін алаңсыз оқытып, өсіріп жатыр. Әрқашан және мәңгілік осылай бола берсін!».

Рахмет, Нина Алексеевна! Бұл тек менің ғана емес, біздің бүкіл халқымыздың еңбегі. Тәуелсіздік жылдарында қазақстандықтардың бойында бейбітшілік пен келісім – басты жалпыхалықтық игілігіміз деген даналық ұғым мықтап орнықты. Және оны әр күн сайынғы еңбекпен қорғау және нығайту қажет. Бүгінгі біздің қазақстандық мінез бітіміміз осындай! Бірлік пен Тұрақтылық – бұл біздің жауапты таңдауымыз! Бұл біздің Отанымыздың табысты дамуының басты формуласы.

**Қымбатты отандастар!**

Өткен 23 жыл – біз үшін ғасырға бергісіз жылдар. Кезең-кезеңімен жүргізілген тұрақты саясаттың арқасында біз бүгінгі белеске көтерілдік. Қазақ қазақ болғалы қазіргідей төрт құбыласы түгел, қуатты елге айналып көрген емес. Біз бүгін қариясы қамсыз, азаматы алаңсыз, ұрпағы уайымсыз елдердің қатарына ұмтылдық. Біз үшін көк аспанымыз ашық, көк байрағымыз асқақ болғаннан артық мәртебе жоқ.

Жер бетінде саны қанша миллион болса да туын тігер ұлтарақтай жерді, ұрпағына мирас етер елді арман еткен ұлттар қаншама! Елі болғанмен бағдары жоқ, бағдары болғанмен берекесі жоқ халықтар да көз алдымызда. Қазақстан даму көшіне ілескен елдерден суырылып шығып, көш тізгінін ұстаған елдердің санатына бет алды. Бірақ, біз өткенді ешқашан ұмытпауға тиіспіз.

Қазақ – тарихи жады мықты, соңына қарап тәубесін айтқан, жолына қарап тәуекел еткен халық. Әсіресе, осы күндері маған жүздеген хаттар келіп түсуде. Солтүстік Қазақстан облысының жасы тоқсаннан асқан тұрғыны Байқуаныш Сәрсембин ақсақал былай деп жазыпты:

«Өткен ғасырдағы түрлі тарихи оқиғалардың бәрі менің көз алдымда өтті. Бірде құлдырап, бірде өрлеген қилы замандарды көрдік. Бірақ, дәл қазіргідей Алтын Ғасыр халқымыздың басында ешқашан болған емес. Елінің шекарасын бекітіп, барлық елдермен достық қатынас орнатып, барша адамзат тағдырын шешуге араласып отырған қазақ баласы ешқашан болмаған», – дейді Байқуаныш қария.

Мен жеткен абырой, мәртебе – барша Қазақстанның мерейі. Әрбір хат иесінің бүгінгі Қазақстанды мақтан етіп, марқаятынын көремін.

Біз өресі биік, рухы берік, отаншыл елміз. Біз үшін туған елдің бір уыс топырағынан қасиетті жер жоқ, бір түп жусанынан жұпар иіс жоқ. Елдің бірлігін нығайтып, Отанымызды көркейтуге бағытталған кез келген ұсыныс мен үшін құнды. Қоғамда талқыланып жатқан кезектен тыс Президент сайлауын өткізу жайын мен осы тұрғыдан сараладым.

**Құрметті отандастар!**

Бұрынғы Президент сайлауынан бері 4 жыл өтті. Бұл Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер ашқан күрделі уақыт еді. Біз 2011 жылғы сайлауалды науқаны барысында менің тарапымнан айтылған барлық мақсаттарға қол жеткіздік. Біз әлемдегі аса дамыған 30 елдің қатарына ену жөніндегі ұзақ мерзімді 2050 Стратегиясын жүзеге асырудамыз. Бүгінде мен жаһандық экономикалық және геосаяси тәуекелдерді есепке ала отырып айқындап берген мемлекеттік бағдарламаларда дамудың барлық стратегиялық мәселелері белгіленген.

Дағдарыс пен біздің экспорттық тауарларымызға бағаның күрт төмендеуінен бізге бюджет саясатын жедел оңтайландыруға тура келді. Дағдарысқа қарсы шаралар кешені жүзеге асырылуда. Біз жаһандық дамудың ауыртпалықтарын абыроймен еңсеретінімізге сенімдімін. Бізде бұл үшін барлық жағдай – іс-қимылдың нақты жоспарлары, халықтың бірлігі мен қажетті ресурстар бар.

Енді сайлау туралы айтайын. Бүгін мен Парламент Сенаты мен Мәжілісі басшылығымен, Премьер-Министрмен және республика Конституциялық Кеңесінің Төрағасымен консультациялар өткіздім. Оның алдында Сенат Төрағасының сауалы бойынша Конституциялық Кеңес кезектен тыс Президент сайлауын өткізу бойынша жан-жақты түсініктеме берді. Президент және Парламент сайлауларын өткізудің күнтізбелік мерзімі 2016 жылға дөп келіп, іс жүзінде қосақталып тұр. Конституция бұған жол бермейді.

Менің Мемлекет басшысы лауазымындағы конституциялық өкілеттілігімнің мерзімі 2016 жылы аяқталады. Осыған байланысты екі ұсыныс айтылуда. Бірінші – ел Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізу. Екінші – Мемлекет басшысының өкілеттілігін ұзарту туралы референдум өткізу. Екі ұсынысты да жүзеге асыруға болады.

Көңілге қонымдысы, Конституция талаптарына жауап беретіні сайлау өткізу болып табылады. Сондықтан халықтың мүддесіне орай, оның өтінішін, жалпыға ортақ ерік-жігерін есепке ала отырып, Негізгі Заңды бұлжытпай сақтау үшін мен Конституцияның 41-бабының 3-1 тармағына сәйкес шешім қабылдап, 2015 жылдың 26 сәуірінде кезектен тыс Президент сайлауын белгілеу туралы Жарлыққа қол қойдым. Қазақстан үшін сайлау қашанда қоғамдағы бірлік пен келісімнің жоғары тетігі болды. Қазір де және әрқашанда солай болатынына сенімдімін!

Сайлау – аса маңызды конституциялық және патриоттық акт. Оны заңнамаға қатаң сәйкес, ашық және адал, отандық және халықаралық байқаушыларды кеңінен қатыстыра отырып өткізу қажет. Алдағы сайлауға өзімнің қатысатыныма орай шешімді мен кейінірек, еліміздің Конституциясы мен заңдарына толық сәйкес қабылдайтын боламын.

**Қымбатты қазақстандықтар!**

Қайта қаһарына мінген әлемдік дағдарыс жағдайында бірлік бізге бұрынғысынан бетер құнды. Мемлекеттің тыныштығы мен елдің бірлігін сақтап, дамыту Президенті бастап, елі қостаған кезде ғана баянды болмақ. Жауапкершілік бүкіл халыққа да жүктеледі. Осыны ұмытпайық. Алдағы биік белестер мен асқар асулар үшін біз барлық кедергілерді бағындырып, алға басуға тиіспіз.

Құзырлы органдар Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасы еліміздің Конституциясына және Сайлау туралы Заңға сай деген қорытынды шығарды. Мен сайлауға қатысты «иә» мен «жоқты» мұқият ой таразысына салдым. Сөйтіп, «кезектен тыс Президент сайлауын өткізген жөн» деген пайымға келдім. Сайлау елімізді ұлы істерге ұйыстырып, баянды болашақ жолында біріктіре түсеріне сенемін. Қазақстандықтарды ел тарихындағы тағы бір тағдырлы оқиғаға жауапкершілікпен қарап, белсене қатысуға шақырамын.

Баршаңызға бірлік пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

*Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы*

## Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **қаулы етемін:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26 сәуіріне тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Н.НАЗАРБАЕВ.**

Астана, Ақорда, 2015 жылғы 25 ақпан. №1018

## Палаталар төрағаларымен консультация өткізді

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевпен және Парламент Мәжілісінің Төрағасы Қабиболла Жақыповпен консультация өткізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.



Кездесу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасы қаралды.

Мемлекет басшысы бұл бастаманы ел-жұрт, соның ішінде еңбек ұжымдары мен қоғамдық бірлестіктер мүшелері, зиялы қауым, жастар және аға буын талқылап жатқанына тоқталды.

– Бастаманы Парламент палаталары да қарап, қолдау білдірді және маған тиісінше үндеу жолдады. Парламент Сенатының сауалы бойынша Конституциялық Кеңес осы мәселе жөнінде нормативтік қаулы қабылдады, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев елдегі негізгі салаларды дамытуға бағытталған бірқатар мемлекеттік ұзақ мерзімді бағдарламалардың белсенді түрде жүзеге асырылып жатқанына назар аударды.

– Менің ойымша, қазақстандықтар аталған бағдарламаларды жүзеге асыру ісіне жұмылу үшін сайлау өткізу қажет деп санайды. Сондай-ақ, тұрғындар әлемде болып жатқан оқиғаларға және ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауға байланысты алаңдайды. Бұдан арғы жұмыс үшін халықтың қолдауы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қ.Тоқаев Конституция ережелеріне сай келетін Президент сайлауын өткізуді қолдады. Ол қазіргі уақытта, әлемде қалыптасқан тұрақсыздық жағдайында бүкіл елімізге Мемлекет басшысының беделі қажет екенін атап өтті.

Қ.Жақыпов Мәжіліс депутаттары мен Қазақстан қоғамының түрлі топтары елдің жетістіктері мен әлемдегі ахуалды ескере келіп, сайлау өткізуді қолдап отырғанын айтты.

## Келісіп пішкен тон келте болмас

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Премьер-Министр Кәрім Мәсімовпен консультация өткізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.



Кездесу барысында Мемлекет басшысы биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтары басшыларымен консультациялар ел тұрғындары мен түрлі ұйымдардың Президент сайлауын өткізуге қатысты ой-пікірлеріне байланысты өткізіліп отырғанын айтты.

– Халық мемлекет жүзеге асырып жатқан бағдарламалар жалғастырылып, өз мәресіне жеткізіледі, ал олардың нәтижелері жұрттың өмірін жақсартуға мүмкіндік береді деп күтіп отыр. Бұл мәселе инвесторлар үшін сенімділік беріп, жаңа перспективаларға жол ашатындықтан маңызды мәнге ие, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

К.Мәсімов қоғамда Президент сайлауын өткізу мәселесі белсенді талқыланып жатқанын қуаттады.

– Үкімет сайлау өткізу үшін заңдық тұрғыдан кедергі көріп тұрған жоқ. Іс жүзіндегі қисындылық жөнінен, Сіздің «Нұрлы Жол» Жолдауыңыз дер кезінде жасалып, ел ішінде және сыртында жоғары бағаланды. Сондай-ақ, Сіз «Қазақстан-2050» Стратегиясында ұзақ мерзімді іс-қимыл жоспарын ұсындыңыз. Осыған байланысты сайлау өткізу мәселесі дер кезінде көтерілді, өйткені, ол аталған шаралардың бәрін жүзеге асыру үшін қосымша мандат береді. Жалпы алғанда, сайлау Қазақстанның тұрақты дамуы үшін қажетті сенімді еселей түседі, – деді Премьер-Министр.

## Ешқандай құқықтық кедергі жоқ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Конституциялық Кеңес Төрағасы Игорь Роговпен консультация өткізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.



Кездесу барысында Мемлекет басшысы Конституциялық Кеңеске Президент сайлауын өткізу мүмкіндігіне қатысты сауал жолданғанына тоқталды.

Нұрсұлтан Назарбаев Парламент палаталары төрағаларымен, сондай-ақ, Премьер-Министрмен консультациялар өткізгенін айтты.

Қазақстан Президенті сайлау өткізу Конституция талаптарына дәлме-дәл сай болуы тиістігін атап өтті.

И.Рогов Негізгі Заңның 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес, кезектен тыс президенттік сайлауды белгілеу тек Қазақстан Президентінің құзыретіне жататынына тоқталды. Аталған конституциялық құзырет ешқандай шартқа және шектеуге байлаулы емес, Мемлекет басшысы оны дербес жүзеге асырады. Осыған байланысты Конституциялық Кеңес Төрағасы кезектен тыс Президент сайлауын өткізуге қандайда бір конституциялық құқықтық кедергінің жоқ екенін айтты.

*Суреттерді түсіргендер*
**С.БОНДАРЕНКО, Б.ОТАРБАЕВ.**

## Телефон арқылы сөйлесті

**Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Франция Президенті Франсуа Олландпен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.**

Қазақстан мен Франция басшылары Украинаның оңтүстік-шығысындағы ахуалға қатысты 12 ақпандағы Минск келісімін жүзеге асыру жөніндегі кешенді шараларды атқару аясында пікір алмасты.

Екі ел президенттері Минск келісімі қазірдің өзінде қантөгісті тоқтатуға ықпал еткеніне назар аударды. Қақтығыс аумағынан ауыр техниканы әкетудің маңыздылығы атап өтілді.

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей мен Еуропалық одақ арасындағы санкцияларды біртіндеп алу үшін қажетті шарттарға көңіл аударды. Ф.Олланд оқ ату толық тоқтатылып, ауыр техника әкетіліп, Мариуполь төңірегіндегі қақтығыс басылған жағдайда санкцияларды азайту мәселесі талқылануы мүмкіндігін айтты.

Екі ел көшбасшылары Украинадағы дағдарысты реттеу мәселесі бойынша халықаралық серіктестермен өзара іс-қимылды жалғастыруға дайын екенін білдірді.

Сондай-ақ, әңгіме барысында Қазақстан-Франция стратегиялық серіктестігінің келешегі талқыланды. Нұрсұлтан Назарбаев Ф.Олландқа Францияға биыл сапармен келуге шақырғаны үшін алғыс айтты.

Телефон арқылы сөйлесуге француз жағы бастамашылық етті.

*• Президент поштасынан*

## Қолдау жеңіске жігерлендіреді

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа WBA, IBO және WBC тұжырымдары бойынша кәсіпқойлар арасындағы бокстан әлем чемпионы Геннадий Головкиннен хат келді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.**

Қазақстандық спортшы өз хатында Мемлекет басшысына таяуда өткен жекпе-жектегі жеңісіне орай жолдаған жылы лебізі мен тілегі үшін алғыс айтады.

«Мен туған елімді халықаралық аренада танытып және Қазақстаннан шыққан саңлақ спортшы қандай болатынын бүкіл әлемге көрсете отырып, айрықша мақтаныш пен патриоттық, жауапкершілік сезімдеріне бөленемін. Еліміздегі бокс пен спортты дамытуға қарапайым үлесімді қоса жүріп, Сізге және барша отандастарыма қуаныш сыйлаумен, мемлекетіміздің мерейін өсіру мүмкіндігіне ие болғаным үшін шынайы бақыттымын», – делінген хатта.

Г.Головкин хат соңында Нұрсұлтан Назарбаевтың және барша қазақстандықтардың тарапынан көрсетілген қолдау оның жеңіске деген жігерін нығайта түсетінін атап өткен.

# ЕЛБАСЫ СӨЗІ –

## Нұрсұлтан Назарбаев президенттік сайлауды биыл өткізу



## Сын сағатына дайын болайық



Қазақстан Президентін сайлауды кезектен тыс өткізейік деген жалпы халық қолдап отырған пікірге біз де үн қосамыз. Саяси, экономикалық, қауіпсіздік ахуал күрделеніп кетті. Сын сағаты келді. Осындай жағдайда ел тізгінін берік ұстап отыратын басшыны қауіптің алдын ала сайлап алудың маңызы зор.

Дәлірек айтсақ, әлемде тыныштық бұзылды, дүрбелең көбейді. Бір-бірімен соғыспай, дауласпай жатқан елдер жоқтың қасы. Үлкен қақтығыстардың қаупі де көрініс беріп отыр. Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың мүшесі ретінде көптеген елдермен саяси, экономикалық тығыз қарым-қатынас жүргізеді. Татулығы бұзылған, бір-бірімен мәмілеге келе алмай қылышын жалаңдатып, санкциялық соғыс майданын ашып отырған әлем елдерінің ызғары, теріс әсері біздерге де келмей қоймайды, келіп те жатыр. Қазақ елі үшін бұл үлкен қауіп. Одан да сақтанып, алдын алмаса болмайды.

Әлем экономикасы дағдарыстан әлі шыққан жоқ. Осы дағдарыс, тіпті, қоюлана бастаған сияқты. Әлемде тауарға сұраныс азайды. Осының салдарынан мұнай бағасы екі есеге жуық, әртүрлі металл бағамы айтарлықтай төмендеді. Қазақстан экономикасын бұл ауыр жағдайға әкелді, өйткені, жоғарыда аталған тауарлардан алатын табыс көзі күрт тарылды. Ресей мен Украина арасындағы жағдай да екеуінің экономикасын құлдырату үстінде. Соның салдарынан олармен, әсіресе, Ресеймен экономикалық қатынас біздің шаруашылығымыздың жағдайын бұрынғыдан да қиындататын түрі бар, қиындатып та жатыр. Ел экономикасына келген осы қауіпті біз барынша сезініп отырмыз.

Сондықтан да осы қауіптердің алдын алатын ауқымды шаралар жүргізіп, өз тағында уақытына алаңдамай мықты отыратын Президент керек.

**Кенжеғали САҒАДИЕВ,**
**ҰҒА академигі.**

***АЛМАТЫ.***

## Шығысқазақстандық еңбек ұжымдары қолдайды

**Думан АНАШ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу жөніндегі бастамасына шығысқазақстандық ірі кәсіпорындардың еңбек ұжымдары да үн қосып, қолдау білдірді. Шығыс өңіріндегі түрлі еңбек ұжымдары өкілдерінің пікірінше, президенттік және парламенттік сайлауларды бір мерзімде өткізу электоралдық науқан үшін қолайсыздық тудырады.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу жөніндегі бастамасын теледидар арқылы көрдім. Осы уақытқа дейін мемлекеттік саясат бар күш-жігерін отандастарымыздың жақсы өмір сүруі мен елдегі бейбітшілікті нығайтуға жұмсады. Бұл бағытта мемлекетіміздің келешегі үшін кезектен тыс сайлау өткізу этносаралық ынтымақты күшейте отырып, еліміздің дамуына серпін береді деген сенімдеміз. Біздің 25 мыңға жуық адам еңбек ететін компаниямыз Ассамблея өкілдерінің бастамасын толығымен қолдайды. Еліміз үшін саяси мәні зор оқиғадан тыс қалмаймыз, – деді «Казцинк» ЖШС-нің бас директоры Юрий Гусев.

Аталған компания кәсіподақ комитетінің төрағасы Сергей Солдатовтың айтуынша, үлкен ұжымның бұл бастаманы бірауыздан қолдауы тегін емес. «Елбасының «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты отандастарымыздың жағдайын жақсартуға бағытталған. Жоспарды жүзеге асыру біршама уақытты талап етері сөзсіз. Сондықтан, барша қазақстандықтар үшін кезектен тыс сайлау өткізудің маңызы зор дер едім. Қазіргі әлемдік экономикадағы тұрақсыздық белең алған уақытта, бізге тұрақтылықты сақтауға кепілдік қажет», дейді кәсіподақ төрағасы.

Ассамблеяның бастамасын аталған зауыттың барлық жұмысшылары да қолдап отыр. «Ассамблея мүшелері елдің жарқын болашағы үшін халыққа да, билікке де ортақ ұсыныс тастады. Біз 2007-2009 жылдары болған дағдарыс кезеңінде қалай өмір сүрсек, бүгін де, ертең де солай өмір сүргіміз келеді. Өскемендегі ірі кәсіпорынның өкілдері ретінде Ассамблеяның бастамасын қолдаймыз. Себебі, шет мемлекеттердегі қазіргі ахуалды ескергенде, елімізде ең алдымен тұрақтылық пен ынтымақтың сақталуы өте маңызды екенін байқадық. Алдағы уақытта өткізілуі мүмкін сайлау елдің жарқын болашағының кепілі деп білемін. Біз мемлекеттің қарапайым азаматтары ретінде әрдайым атар таңымыздың арайлы болуына сенімді болуымыз керек», деді «Казцинк» ЖШС электролиз цехының шебері Сергей Серов.

Өскемен титан-магний комбинатының ұжымы да осы пікірді қуаттап отыр. Кәсіпорынның жөндеу шебері Дмитрий Нескладный зауыт жұмысшыларының пікірі ел мүддесі мен әрбір қазақстандықтың пайымымен тоғысатынын жеткізді. «Біз татулығы жарасқан, бірлігі бекем елде тұрамыз. Қазақстанның әр тұрғыны келешекке сеніммен қарағысы келеді. Ауызбірлігіміз әлемдік дағдарыс орын алған аумалы-төкпелі кезеңде ішкі тұрақтылығымыздың сақталуын және еліміздің одан әрі гүлденуін қамтамасыз етеді», деді Д.Нескладный.

«Өскемен титан-магний комбинатында 2,5 мың адам жұмыс істейді. Әріптестерімнің әңгімесінен байқағаным, Ассамблея ұсынысын жұрт жұмыла қолдауда. Әлемдегі өзге елдердің бір-бірімен келіспеушілігі салдарынан халықаралық жағдайдың ушығып тұрғанынан хабардармыз. Сол себепті еліміз кезектен тыс сайлау өткізе отырып, болашаққа нық қадам басуы керек деп есептеймін», деді кәсіпорын жұмысшысы Талғат Құмарбеков.

Өскемен титан-магний зауытының еңбек ұжымы келер жылы президенттік және парламенттік сайлау сынды екі ауқымды электоралдық науқанды қатар өткізудің көңілге қонымсыз екенін жеткізіп, президенттік сайлауды биыл өткізген ләзім деген пікірлерімен бөлісті.

***ӨСКЕМЕН.***

## Бірден-бір дұрыс шешім

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелері Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын кезектен тыс өткізу туралы бастама көтеріп, үндеу жариялауын қуана қарсы алдық. Қазақстан халқы Ассамблеясы осы маңызды мәселе бойынша ұстанымын білдіруді өздерінің азаматтық борышы деп санайды.

Жаһандық сын-қатерлер кезеңінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанды дағдарыстан алып шығуына мүмкіндік беретін жаңа сенім мандаты берілуі қажет. Елбасына сенім мандатын білдіру арқылы әлемдік дамудың жаңа кезеңінде халқымызды біріктіріп, мемлекетті дамытудағы маңызды мәселелерге ден қоюға мүмкіндік аламыз.

Бүгінде «Мәңгілік Ел» идеясын, «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасын және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру үшін Елбасына үнемі сенім артуымыз керек. Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясат төңірегінде топтасу арқылы еліміздің одан әрі қарқынды дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізе алатынымызға сенімдіміз. Сондықтан біз барша қазақстандықтарды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың төңірегіне топтасуға шақырамыз.

Сонымен қатар, Елбасына жаңа мандат беру арқылы Қазақстан халқын оның төңірегіне тығыз топтастырып, еліміздің дамуына, мемлекеттілігімізді нығайтуға, елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті күшейтуге, Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынған «Нұрлы Жол» – болашаққа бастар жол» ұзақ мерзімді стратегиясын жүзеге асыруға қол жеткізетініміз анық. Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясатқа қолдау білдіру еліміздің қарқынды дамуына, халқымыздың жақсы өмір сүруіне қолдау білдіру деп ойлаймыз.

Тәуелсіздік алғанына 23 жыл ғана болған Қазақстан Республикасының абыройын аспанға асқақтатып, әлемдегі алпауыт елдермен иық тіресетіндей әлеуетке жеткізген Елбасының сарабдал саясатының тереңдігін, көз түгіл көңіл жетпес көкжиекті болжай алған көрегендігін, ел алдындағы ерен еңбегін, отандық қана емес, жаһандық саясаттағы жетекші орнын, бүкіл дүниежүзінің әйгілі саясаткерлерінің мойындап отырғанын біз зор мақтаныш тұтамыз.

Ел экономикасының гүлденуіне кедергі келтіретін қаншама қиындықтарды жеңуге, халқымыздың еңсесін көтеріп, болашаққа нық сеніммен қарайтын бүгінгідей жағдайға жеткізуге, әдебиет пен мәдениетін, білімі мен ғылымын биіктете түсуге, көпұлтты мемлекетіміздегі береке-бірлікті нығайтып, саяси, әлеуметтік тұрақтылықтың берік орнығуына ұйытқы болып келе жатқан Тұңғыш Президентке Қазақстан халқы шексіз риза. Оның Қазақстан Республикасын гүлденген елге айналдырып, халқымыздың қасиет-құтын барша әлемге танытып, еліміздегі әр азаматтың патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын тереңдете түсу мақсатындағы әрбір қадамы, жаңа бастамалары жарқын болашаққа жетелейді.

Әлемдік өркениетке туған халқын адастырмай апаратын дана тұлға, дара азамат әр елге керек. Сондықтан қазақстандықтар Н.Ә.Назарбаевты Елбасы деп бекерден-бекер ардақтап жүрген жоқ. Бұл халқымыздың оған деген шынайы құрметі, шексіз сенімі. Бізде Елбасы біреу, біз оған қай уақытта да сүйеу бола білуіміз керек. Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелерінің Қазақстан Республикасы Президентін сайлауды кезектен тыс өткізу туралы бастамасын Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері толық қолдайды. Елбасына сенімді ел болашағына берілген кепілдік және орынды да бірден-бір дұрыс шешім санайды.

**Менболат ТІНӘЛИЕВ,**
**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы.**

***ОРАЛ.***

## Елдіктің тірегі – тіл

**Шарафаддин ӘМІРОВ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Жақында Алматы қаласындағы «Достық үйінде» Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының алқа мүшелері бас қосып, барша қазақстандықтарды толғандырып отырған бүгінгі таңның басты мәселесі – президенттік сайлау өткізу бастамасын талқылады.

Қоғам төрағасы, ҰҒА академигі Өмірзақ Айтбайұлы өз сөзінде Ұлытау төрінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұлтымыздың тілі мен діні, мәдениеті мен тарихы туралы айтқан ұлағатты сөздерін еске салып, ширек ғасырдан бері мемлекеттік тіліміздің даму жолдарының жетістіктері мен көлеңкелі тұстарын сараптай келе, ана тіліміздің бірте-бірте қарқындай дамып, мемлекеттің басты ұйыстырушы негізіне айналып келе жатқанын атап өтті.

Одан кейін де сөз алған қоғам қайраткерлері елдіктің басты тірегі – тіл екенін тағы да бір нақтылай түсіп, татулық пен бірліктің арқасында экономикамыз өсіп-өркендеумен қатар, ұлтымыздың рухани-мәдени түлеуі де еселей түсетініне сенім білдірді.

Тіл жанашырлары Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастамасын мақұлдап, мұның уақыт талабы екенін атап көрсетті.

***АЛМАТЫ.***

## Қоғамды оятатын бастама

М.Әуезов атындағы жалпы орта мектеп ұжымы кезектен тыс президенттік сайлау өткізу жөніндегі ұсынысты бірауыздан қолдайды, мұны халық мүддесіне сай келетін ең дұрыс шешім деп санайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы Жол» Жолдауы елімізді қазіргі дағдарысқа ұрындырмайтын жарық жол деп білеміз. Қазақстан Президенті «Әр баланың өз нәсібі бар», деп халықтық пайымға жаңа ұғым беріп, біздің кәсіби қызмет өрісімізді кеңейтті. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушыларын мұғалімдер қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады», деп Елбасымыз айтқандай, жаппай білім мен тәрбие жолында, рухани-мәдени майданда аянбай еңбек етеміз.

Осы орайда, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізуді ұсынғаны құптарлық жәйт. Бұл біздің ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен «Мәңгілік Ел» идеясының жүзеге асырылуын қамтамасыз ете отырып, бұдан да қуатты, бұдан да тас түйін бола түсуімізге мүмкіндік береді. Қысқасы, барлық қазақстандықтарды Қазақстан халқы Ассамблеясы Кенесінің үндеуін қолдауға шақырамыз. Бұл қоғамды оятты. Тың серпін берді.

**Айнұр ӘЛШЕРІ,**
**М.Әуезов орта мектебінің мұғалімі.**

***Оңтүстік Қазақстан облысы,***
***Отырар ауданы.***

## Салиқалы саясаттың нәтижесі



Мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері Парламент Мәжілісіндегі депутаттық топқа, саяси партияларға, үкіметтік емес ұйымдарға және бүкіл Қазақстан халқына ел Президентінің сайлауын кезектен тыс өткізуге бастама көтеру туралы үндеуін мұқият оқып шықтым. Ассамблея мүшелерінің бұл бастамасын құптарлық, қолдауға лайық бастама деп түсінемін.

Шын мәнінде қазіргі дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың тұсында бір жылда, яғни 2016 жылы президенттік және парламенттік қос бірдей сайлауды қатар өткізу мемлекетіміздің бюджетіне ауыр салмақ түсіретіні анық. Сондықтан ел Президентін сайлауды биыл, 2015 жылы өткізген дұрыс. Елімізді сонау 2007 жылдан бастау алған әлемдік қаржы дағдарысына, өткен жылдың соңына қарай мұнай бағасының құлдырауына қарамастан, дамытып қана қоймай, оның ішінде әлеуметтік салаларда қолға алынған жұмыстарды арттыра түсуге бағыт-бағдар беріп отырған еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа жаңа президенттік мандат беру туралы мәселе көтерілгені орынды деп білемін.

Әлемдік экономикалық дағдарыстың жақын қалғанын сезген Елбасы оның алдын алып, 2014 жылдың аяқталуын күтпей-ақ «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауын халыққа жариялады. Бұл Жолдауда ұлттық қордан қомақты қаржы бөлініп, инфрақұрылым саласы қолға алынатындығы, сөйтіп, әлемдік дағдарыс тұсында халқымыз тұрақты жұмыстармен қамтылатындығы туралы нақты көрсетілген. Мұндағы айтпағым, осындай қиын-қыстау күрделі кезеңде, халқына тұйықтан шығудың жолын нұсқап, болашақтың бағдар шамын іздестірумен жүрген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының қасына топтасып, оның жүргізіп отырған ішкі, сыртқы саясатын қолдауымыз қажет деп түсінемін.

Еліміздің қазіргі ахуалына қарап шүкіршілік етемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш жағдайда өмір сүрудеміз. Жұмыс істеймін, кәсіпкерлікпен айналысамын дегендерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, қаржысы жоқтарға несиелер беріліп жатыр. Осының нәтижесінде жұмысын дөңгелетіп, өзінің тұрмыс-жағдайларын жақсартып жүрген азаматтар көптеп саналады.

Ал зейнет жасындағы біз сияқтылар, мүмкіндігі шектеулі адамдар, мемлекеттік қызметтің басы-қасында жүрген азаматтар, ұстаздар мен дәрігерлер өздерінің еңбекақылары мен зейнетақыларын уақтылы алып отыруымыз мемлекетіміздің іргетасының мықтылығы, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған салиқалы саясатының дұрыстығының нәтижесі дер едім. Сондықтан мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері ұсынған президенттік сайлауды кезектен тыс, яғни биыл өткізу туралы бастамасын бар ықыласыммен қолдайтынымды білдіремін. Осыған отандастарымды да шақырамын.

**Бектұрған ЖАМБАБАЕВ,**
**ардагер журналист.**

***Жамбыл облысы,***
***Меркі ауданы.***

# ЕЛДІКТІҢ КӨЗІ

## жөніндегі бүкіл халықтың қалауын қолдап, шешім шығарды

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің үстіміздегі жылы кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастамасы жұртшылық тарапынан қызу талқылану үстінде. Белсенді пікірталастарға қарағанда, бұл үдеріс жалпыхалықтық қолдауға ие болып отыр. Түрлі мамандық иелері – кәсіпорын жұмысшылары мен ауыл еңбеккерлері, мұғалімдер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғылыми қоғамдастық және үшінші сектор өкілдері, кәсіпкерлер мен түрлі саяси партиялар мүшелері, қысқасы, барша халық сайлау өткізуді қолдау туралы өздерінің пікірлерін білдіріп жатыр. Қазақстандықтардың бұл ұстанымдарынан қоғамдағы тұрақтылық пен келісім ғана елімізді жаңа биіктерге бастайды деген ой анық аңғарылады.





**Нұриддин КАЮМОВ,**
**Тәжікстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы:**

– Бүгінде әлемде қаржы-экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны кеңінен тарап келеді. Жағдай геосаяси қысымдармен де айтарлықтай күрделене түсуде. Осы орайда, тіпті, дамыған елдердің өзінде ксенофобия, діни төзімсіздік, радикалды қозғалыстар өсіп отыр. Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі жариялаған 2015 жылы президенттік сайлау өткізу туралы бастамасы уақтылы және орынды шешім болып табылады.

Қазақстанда президенттік сайлау өткізу бұған дейін белгіленген бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, ел экономикасының өсімін одан әрі қамтамасыз ететін болады. Мұның шетел инвестициялары үшін де үлкен кепілдік атқаратыны күмәнсіз. Сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің өңірлік ынтымақтастығына да оң ықпал ететін болады.



**Сәуірбай ЕСЖАНОВ,**
**«Астанаэнергосервис» АҚ басқармасының төрағасы:**

– Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастамасы негізсіз емес. Әлемде байқалып отырған қазіргі күрделі жағдай Қазақстанға Мемлекет басшысы нұсқаған бағыттан таймаған жағдайда ғана тиімді даму мүмкіндігін беретіні ақиқат. Сонымен қатар, қалыптасқан жағдайда ғана Қазақстан өсіп-өркендеп, елдегі тұрақтылық пен келісімді толық көлемінде сақтай алады деп білемін.

Ал біздің кәсіпорынға келетін болсақ, ол Астанадағы коммуналдық қызмет көрсетуде үлкен басымдыққа ие. Холдинг табыстарының маңызды қырының бірі ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауы десем, еш артық айтқандық емес. Бұл қолдау ұжымымызды тек тиімді жұмысқа ғана ынталандырып қоймай, әлеуметтік міндеттемелерін орындауға да алғышарт жасап отыр.



**Владимир ТОЛОКОННИКОВ,**
**Қазақстан орыс қоғамының Қызылорда облыстық филиалының директоры:**

Қазіргі таңда Қазақстан – посткеңестік кеңістіктегі ең тұрақты және орнықты дамып келе жатқан республика. Біз қалыптасқан нарықтық экономика құрып, жұмыссыздықтың ең төменгі деңгейіне қол жеткіздік және азаматтарымыз өмірінің сапасын жоғарылата отырып, әлеуметтік салада айтарлықтай биіктерді еңсердік.

Қазақстан табыстарының негізінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың дана да сара саясаты жатыр. Мұндағы ең басты базистердің бірі – ұлттар достығы мен қоғамдық келісім. Осының арқасында елімізде тұрып жатқан 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар Қазақстанды өздерінің ортақ Отаны санайды. Мен кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастама көтерген Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесіне де үлкен ризашылығымды білдіремін. Орыс қоғамының Қазақстандағы филиалы бұл ұсынысты бірауыздан қолдайды.



**Бекболат ТІЛЕУХАН,**
**Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының президенті:**

– Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастамасын жан-жақты қолдайды. Бұған нақты себептер бар. Бірінші кезекте бұл елде бірлік пен тұрақтылықты қамтамасыз етіп, Отанымызды дәйектілікпен дамытуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру үшін қажет.

Ұлттық спорт түрлері елімізде жақсы дамып келеді. Бұған бір ғана мысал келтірейін. 2014 жылы Түркістанда өткен әлем чемпионатына Қазақстанның барлық 14 облысынан, сондай-ақ, Астана мен Алматыдан құрама командалар толық құрамында қатысты. Бұл нені білдіреді? Бұл жер-жерлерде дәстүрлерімізді жалғастыруға жан-жақты назар аударылып келе жатқанын білдіреді. Атап көрсететін бір жайт, мұнда Мемлекет басшысының орасан зор рөлі бар.



**Әлия САЛИЕВА,**
**кәсіпкер, Батыс Қазақстан облысы:**

– Президенттік сайлау – бүгінде ең көп талқыланып жатқан тақырыптардың бірі. Осы ұсыныстың пайдасына көптеген дәлел-дәйектер келтіруге болады. Еліміз әлемдік қоғамдастықта айтарлықтай жоғары бедел алып үлгерді. Оның үстіне, өзінің ерекше даму жолының дұрыстығын әркез айғақтап келеді. Бұл – барлық қазақстандықтардың, бірінші кезекте, халықты жалпыұлттық идея төңірегінде топтастыра білген Президенттің еңбегінің нәтижесі.

Бизнес-қоғамдастықтың кез келген өкілі тұрақтылық пен келісім жағдайында ғана табысты дамуға қол жеткізуге болатынын жақсы біледі. Отанымыздағы татулықтың арқасында қазақстандықтар, тіпті, тәуелсіздіктің елең-алаңындағы ең қиын кездердің өзінде оған төтеп беріп қана қоймай, экономикалық өсімге де берік іргетас қалады. Сондықтан да ҚХА Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастамасы жан-жақты қолдау тауып отыр.



**Тимур НАҚЫПБЕКОВ,**
**Оңтүстік Қазақстан облыстық кәсіпкерлер палатасы департаментінің жетекшісі:**

– Қазақстанның әлемдік экономикадағы күрделі жағдайларды еңсеруіне «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты жәрдемдеседі. Қазіргі таңда басты мақсаты шикізаттық экономикадан кету болып табылатын индустрияландырудың екінші бесжылдығын жүзеге асыру қатарласа жүруде. Осы мемлекеттік бағдарламаларды табысты жүзеге асыру үшін Президенттің жеке бақылауы мен қатысуы ауадай қажет. Өйткені, олардың бастамашысы да Елбасының өзі болып табылады. Бизнес жақсы даму үшін тұрақты экономикалық бағыт пен саяси кепілдік қажет.

Көптеген дамушы елдерде президенттік сайлаулардың алдында инвесторлар әдетте қандай да бір мерзімге тайм-аут алады. Себебі, елдегі саяси ахуал қай жаққа қарай бұрылатынын білмейді. Үстіміздегі жылы сайлау өткізу инвесторларға одан әрі сенімді түрде жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік береді.



**Рубен АНДРИАСЯН,**
**Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:**

– Қазіргі кезде әлемдегі саяси жағдай тұрақсыз екендігін көріп отырмыз.

Әлемдік дағдарыс өзінің шыңына қарай жақындап қалды. Біз дағдарыс көріністерін қалай еңсеруді ойластырып жатырмыз. Ал бізді асау тасқыннан Президент Н.Ә.Назарбаев болмаса, кім алып өтеді? Мен елдегі барлық этностар өкілдік ететін Ассамблеяның бастамасын толық қолдаймын. Өзгелерді де қолдауға шақырамын.

Біздің бәріміз ел болып бірігіп, алда тұрған бірінші кезектегі міндеттерді шешуге кірісуіміз керек. Бұл тек сайлау ғана емес, онда халық пен ұлттың тағдыры шешілетін болады. Мемлекет басшысына сенім мандатын беру халықаралық саясаттың ең бір күрделі кезеңінде жұдырықтай жұмылудың жалғыз жолы болатыны күмәнсіз.



**Жексенбек ӘДІЛОВ,**
**Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ректоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі:**

– Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен еліміз нағыз нарықтық экономикалы егемен мемлекет бола отырып, үлкен табыстарға қол жеткізді. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаевтың жүйелі қайта жаңғыртуларды жалғастырғаны біздің ортақ мүддемізбен сәйкес келетінін түсінуіміз қажет.

Осымен байланысты, ҚазҰТУ-дің сан мыңдаған ұжымы ғылыми кеңестің кеңейтілген мәжілісінде Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі мен «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы бастамасына тұтастай қолдау білдірді.

Еліміздегі индустрияландыру үдерістерін қамтамасыз ету үшін үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында білікті маман-кадрлар дайындауға 10 техникалық ЖОО іріктеп алынғаны белгілі. Олардың арасында біздің университет те бар. ҚазҰТУ ұжымы алға қойылған міндеттер үдесінен шығуға бар күш-жігерін жұмсайтын болады.



**Юрий ЦХАЙ,**
**Қазақстан бокс федерациясының вице-президенті:**

– Соңғы 20 жылда Қазақстанда спортты дамыту үшін көп жұмыс жасалды. Біздің Көк байрағымыз отандық спортшылардың олимпиадаларда, әлемдік біріншіліктерде қол жеткізген табыстарына орай барған сайын жиі-жиі көтерілетін болды. Бұған қоса, еліміз ірі халықаралық жарыстар өткізетін орынға да айнала бастады. Болашақта да осылай болуы тиіс деп ойлаймын.

Бұл үшін баршамыз ел басшылығын қолдауға тиіспіз. Бұл Қазақстан бағыты бұрынғысынша тұрақты, жеңістерге бет бұрған қалпында қалуы үшін керек. Біздің боксшыларымыз әлемде жетекші орынға сенімді тұрақтаған. Қазақстан боксы қазіргі таңда бүкіл әлем танитын брендке айналып отыр. Бізде қашанда әлеует жоғары, яғни талантты спортшылар көп. Соңғы жылдары ол Мемлекет басшысының спортты дамытуға жан-жақты қолдау көрсетуінің арқасында бұрынғыдан да табысты дами түсті. Қысқасы, біз жаңа биіктерді бағындырдық, алда кезекті шыңдар тұр.



**Роза КӘРІБЖАНОВА,**
**«Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынның бас директоры:**

– «Дана мемлекет мыңдаған жыл өмір сүреді», деген жақсы тәмсіл бар. Мұндай табыстың іргетасы дамудың тереңнен ойластырылған стратегиясы екені түсінікті. Нақ осындай стратегия Қазақстанда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жасалып отыр. Халықаралық сарапшылар бүгінде тарихи қысқа мерзімде әлемдегі аса дамыған 50 мемлекеттің қатарынан ойып тұрып орын ала алған еліміздің тамаша трансформациясын оқып-үйренуде.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елімізді дәйекті ілгерілетуінің алгоритмі «Қазақстан-2050» Стратегиясында нақты көрініс тапқан. Бұл Қазақстанды өсіп-өркендетуге апаратын жол болып табылады. Бұл мақсат қашанда біздің ата-бабаларымыздың басын біріктіріп келсе, қазіргі кезде де Елбасының басшылығымен осы бағытты бетке алып жүріп келеміз. Отанымыздың болашақ дамуын да Нұрсұлтан Әбішұлының атымен тікелей байланыстырамыз.



**Зарема ШӘУКЕНОВА,**
**Ғылым және білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, «Нұр Отан» партиясы Алматы филиалы саяси кеңесінің мүшесі:**

– «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты, сондай-ақ, «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» кем дегенде дағдарыстан кейінгі дүниенің контурларын айқындап беретіндей. Бұл арада мен біздерге, барлық қазақстандықтарға, балаларымыз бен немерелерімізге қатысты айтып тұрмын. Осылайша Елбасы ешкімде де жоқ деп айтсақ қателеспейтін нақты іс-қимыл бағдарламасын белгіледі. Сондықтан бізге Мемлекет басшысына бұған дейін де талай мәрте жасағанымыздай, сенім көрсетіп, әркім өз орнында барынша көмектескені жөн.

Бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда осы күнге дейін сенім үдесінен шығып келе жатқан Елбасына сенбегенде, кімге сенеміз? Біз тарихи әділеттілік пен уақыт байланысын қалпына келтіріп, халқымызды тату-тәтті тірлікке бастай білген Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге егемен Қазақстанды әрі қарай күшейтуді жалғастырайық дегім келеді.



**Анастасия ЛУШПЕЙ,**
**Ақтөбе белгі беру және байланыс дистанциясының механигі:**

– Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің бастамасы туралы өткен демалыс күндері ғаламтордан оқып білдім. Бастамашы топ Елбасына сенім мандатын білдіру арқылы әлемдік дамудың жаңа кезеңінде халқымызды біріктіріп, мемлекетті дамытудағы маңызды мәселелерге ден қоюға мүмкіндік аламыз деп хабарлады. Ассамблея өкілдері «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасын және «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерімізді біріктіру керек деген ұсыныс айтады.

Менің ойым да осыған саяды. Еліміздің саяси өмірінде нендей өзгерістер болса да, тек оптимистік көзқарастамын. Өйткені, барлығы қарапайым халық игілігі үшін жасалып жатыр деп ойлаймын.

# Оңтайландыру – ел экономикасын ынталандыру тетігі

**Мәжіліс Төрағасы Қабиболла Жақыповтың жетекшілігімен өткен палатаның кешегі жалпы отырысында 2015-2017 жылдарға арналған бюджет жобасы талқыға түсті. Бұдан басқа, депутаттар мақта саласын дамыту, ойын бизнесі салаларына қатысты заң жобалары, сондай-ақ, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің интеграцияланған валюта нарығын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау мәселесін қарады.**

Асқар ТҰРАПБАЙҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан».

Алдымен күн тәртібінде қаралған «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев, Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов және Ұлттық банк төрағасы Қайрат Келімбетов баяндама жасады.

Ұлттық экономика министрінің сөзіне қарағанда, өткен жылы мұнай мен темір кенінің әлемдік бағалары 2 есеге төмендесе де, ел экономикасы 4,3 пайызға өскен. Мұнайға деген бағаның 2 есеге төмендеуін және әрі қарай да төмендеу ықтималдығын ескере отырып, қара алтынның бір барреліне деген баға 50, 40 және 30 АҚШ долларына дейін түскендегі және металға баға индексінің 5,0 пайызға төмендеуі кезіндегі Қазақстан экономикасы дамуының болжамы әзірленген. Бұл ретте барлық үш жағдайда да мұнай өндіру 2015 жылы 80,5 миллион тоннаны, 2016 жылы – 80,8 миллион тоннаны, 2017 жылы – 86,0 миллион тоннаны, 2018 жылы – 90,0 миллион тоннаны және 2019 жылы 93,0 миллион тоннаны құрайтындығы ерекше атап өтілді. ІЖӨ-нің өсуі 2015 жылы 1,5 пайызға, 2016 жылы 2,3 пайызға және 2017 жылы 3,4 пайызға дейін өседі деген болжам жасалыпты. Ал инфляция деңгейі 6-8 пайыз межеде сақталады деп күтілуде.

Сонымен, 2015 жылға арналған республикалық бюджет кірістерінің (трансферттер түсімін қоспағанда) нақтыланған болжамы 3219,9 миллиард теңге сомасында айқындалып отыр. Оның ішінде салықтық түсімдер 959,6 миллиард теңгеге, ал салықтық емес түсімдер, керісінше, 20 миллиард теңгеге ұлғайғаны белгілі болды. Тағы бір атап кетерлігі, Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген трансферт мөлшері бекітілген 1702 миллиард теңге деңгейінде сақталады. Түсімдер бойынша нақтыланған болжамды және тапшылықтың ұлғаюын ескере отырып, 2015 жылы республикалық бюджеттің шығыстары бекітілген көлемге қатысты 610,6 миллиард теңгеге азая отырып, 7244,5 миллиард теңгені құрайтын болады.

Шығыстарды оңтайландыру барысында әлеуметтік саладағы жаңа бастамаларды іске асыру мерзімін 2016 жылға дейін ауыстыру; тиімділігі төмен немесе онысы расталмайтын бағыттар мен бағдарламаларды қысқарту; сондай-ақ, әкімшілік шығыстарды, іссапар және өкілдік шығыстарын, талдамалық және консалтингтік зерттеулер жүргізуге арналған шығыстарды, ақпараттандыру саласындағы жекелеген шығыстарды және күрделі шығыстарды қысқарту көзделеді.

«Б» корпусы қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру және азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа моделін енгізу жөніндегі жаңа бастамаларды іске асыру мерзімдерін 2015 жылғы 1 шілдеден 2016 жылғы 1 қаңтарға ауыстыруға байланысты 189,9 миллиард теңге сомаға шығыстар оңтайландырылып отыр. Ел экономикасындағы ахуалдың нашарлауы мүмкін екендігі ескеріліп, Үкімет резерві 1 триллион теңге шеңберінде экономиканы ынталандыру жөніндегі екінші транштан Проблемалы кредиттер қорын қосымша капиталдандыруға бұрын көзделген 250 миллиард теңгеге ұлғая отырып, 317,8 миллиард теңге сомасында айқындалған. Мұнымен қоса, «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасының жобасы шеңберінде 101 миллиард теңге қаражатты 2015 жылы жаңа дағдарысқа қарсы шараларға қайта бөлу көзделген.

Негізгі баяндамалар аяқталысымен депутаттардың бірқатар сұрақтарына жан-жақты жауаптар берілді. Ұласбек Сәдібековтің сұрағына орай жауабында Е.Досаев 2015 жылы экономика өсімі 1,5 пайыз деңгейінде жоспарланып отырғандығын, алдағы үш жылда мұнайдың 1 барреліне деген баға 50 доллар көлемінде белгіленгенін алға тартты. Ресей рублі бағамының төмендеуімен бұл елдің тауарлары да қазақстандық нұсқаларына қарағанда екі есеге дейін арзан екендігін алға тартқан Серікжан Қанаев отандық тауар өндірушілерді жеңілдетілген несиелендірумен немесе салықтық ауыртпалықтарды кемітумен қолдау жайын мәселе етіп көтерді. Депутаттың бұл сауалына жауап берген Үкімет басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев қазіргі кезде 80-нен аса отандық кәсіпорын үкіметтік іс-шаралар жоспарына кіргендігін, олардың өңірлердегі жұмысымен танысу жұмыстары қолға алынғандығын айтты. Соның негізінде теміржол және электр қуатына деген тарифтердің төмендетілері де аталмай қалмады.

Осылайша талқылаудан өткен 2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы депутаттар тарапынан қолдау тауып, мақұлданды.

Күн тәртібінде екі оқылымда қаралған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мақта саласын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы да депутаттар тарапынан мақұлданды. Мәжіліс депутаты, Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі Розақұл Халмұрадов бастаған бір топ депутат бастамашы болған заңдық құжат саладағы бірқатар проблемаларды шешуге бағытталыпты.

Сондай-ақ, кеше «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы да екінші оқылымда қолдау тапты.

*• Әкім есеп берді. Ел не деді?*

# Дағдарысты болдырмаудың қайтарымды қадамдары

Сатыбалды СӘУІРБАЙ,
«Егемен Қазақстан».



Ақтөбе – қойнауы құт қазынаға толы, құйқалы өңір. Соңғы жылдардағы тау-кен саласындағы табысты жүзеге асырылған жобалардың облыстың экономикалық дамуына серпін бергені де шындық. Десек те, әлемдегі геосаяси тұрақсыздық пен экономикалық дағдарыс жоспарлы жұмыстарды жүзеге асыруға өзгерістер енгізуді алға тартты. Өңірде күрделі кезеңнің салмағын жеңілдетудің, дағдарысты еңсерудің сәтті қадамдары жасалып, лайықты жалғасын табуда. Бұл туралы облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтің өңір жұртшылығымен дәстүрлі жылдық есеп беру кездесуінде тереңірек баяндалды.

Архимед Мұхамбетов облыстың 2014 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2015 жылға арналған міндеттер туралы баяндай келе, өткен жылы әлемдік дағдарыстың салдарына қарамастан облыс экономикасының негізгі көрсеткіштері бойынша ілгерілеу болғанын жеткізді. Жыл ішінде 1200 миллиард теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілген. Алда тек жаңа жұмыс орындары көптеп ашылатын жобаларға ғана басымдық берілетінін де жасырған жоқ.

2014 жылы шағын және орта бизнес нысандарының белсенділігі төмендеген жоқ. Олардың саны өткен жылы 20,0 пайызға ұлғайды. Тек «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын дамытуға ғана 4,7 млрд. теңге бөлініп, 10,0 млрд. теңге көлемінде облыстағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің 160-тан астам өтінімі мақұлданған. Бұған бірінші кезекте «Бизнестің жол картасы-2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020», «Агробизнес-2020» және басқа бағдарламаларды іске асыру ықпал етті. Осы кезеңде негізгі капиталға салынған инвестиция өсімі 102,0 пайызды құрады. Біздің облыс Қазақстанның өзге өңірлерінің арасында тартылып отырған инвестициялар көлемі бойынша төртінші орында келеді, деді А.Мұхамбетов.

Облыс әкімінің айтуынша, 205,8 млрд. теңгенің құрылыс жұмыстары атқарылды, 476,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 4,0 мың отбасы қоныс тойларын тойлады. Мемлекеттік бюджетке 235,4 млрд. теңге салықтар мен басқа да міндетті төлемдер түсті, яғни 2013 жылға қарағанда 16,6 пайызға артты. Жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеуге, оны тұрақты деңгейінде сақтауға қол жеткізілді. Жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құрады, бұл республикалық орташа көрсеткіштен едәуір төмен. «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 8,4 мың азамат еңбекке тартылды. Өткен жылы 15,7 мың жаңа жұмыс орны ашылды.

Өңір басшысы үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жүзеге асырылған кезден бастап өнеркәсіп өндірісінің өнімі 32,9 пайызға өскенін мәлім етті. Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі анағұрлым артып, өңір экономикасындағы үлесі ауқымды бола түскен. Облыстың индустрияландыру картасына 691,1 млрд. теңгенің, құрылыс кезеңінде 10,7 мың жұмыс орындарының ашылуымен, 83 инвестициялық жоба енгізілген. Алғашқы бес жылдықта жоспарланған нысандардың 90,0 пайызға жуығы жүзеге асырылып, 547,0 млрд.теңге инвестиция тартылды.

Архимед Мұхамбетов екінші бесжылдықтың негізгі үш міндетіне тереңірек тоқталды. Ол Индустрияландыру картасына бұрын енгізілген, бюджетке қосымша 1,0 млрд.теңгеге дейін түсімді арттыратын, ал жаңа өнім көлемі 165 млрд.теңгеден кем түспейтін, 1,3 мың адам жұмыс жасайтын ферроқорытпа және рельс арқалықтары зауыттары сынды ірі жобалардың бірінші кезекте жоспарлы қуатына қол жеткізу, Ақтөбе қаласындағы қуаттылығы жылына 300,0 мың дана темір-бетон шпалдарын өндіретін қазақстандық-италиялық зауытты, қуаттылығы жылына 25,0 мың тонна өнім өндіретін Хромтау ауданындағы әк өндірісін, Мұғалжар ауданындағы жалпы қуаттылығы 188 МВт екі газтурбиналы стансаны, ЖГӨЗ үшінші кезегін, сондай-ақ, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жобаларды жүзеге асыру болып табылады. Биыл іске қосылатын жобаларға салынатын жалпы инвестицияның көлемі 46,3 млрд. теңгені құрайды. 900-ге жуық жұмыс орындары ашылады деп күтілуде. Ақтөбе қаласы және Алға, Хромтау, Мұғалжар аудандарында құрылатын индустриялық аймақтар да өңірдің экономикалық әлеуетінің артуына қызмет ететін болады деп күтілуде.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесі де Архимед Мұхамбетовтің назарынан тыс қалған жоқ. Ол 2014 жылы салаға 10,1 млрд. теңге бағытталғанын айтты. Сондай-ақ, 5,9 млрд. теңге көлемінде субсидия бөлініп, алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есеге артқан. «Сыбаға» бағдарламасы жүзеге асырылған кезден бастап 410 фермерлік шаруашылықтар 2,0 млрд. теңгеден астам сомаға 14,5 мың ірі қара малын сатып алған. 2014 жылы «Алтын асық» бағдарламасы арқылы 2,6 мың қой және «Құлан» бағдарламасы арқылы 320 жылқы сатып алынған. 2014 жылы «Ырыс» бағдарламасымен 2 тауарлы-сүт фермасы ашылып, ал ағымдағы жылы «Айс» ЖШС өз өндірісін кеңейту мақсатында қосымша 1600 ірі қара сатып алуды көздеуде.

Өңір басшысы «Ақбұлақ», «2011-2020 жылдарға арналған ТКШны жаңғырту» және «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары аясында көлемді жұмыстар атқарылып жатқанын тілге тиек етті. Қазірдің өзінде тұрғындардың 92,0 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етіліп, 83,0 пайызы көгілдір отынның игілігін көріп отырғанын мәлімдеді. Аудан орталықтарын толықтай газдандыруды 2016 жылы аяқтау көзделіп отыр. Облыс әкімдігі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ арасында қол қойылған ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастық туралы меморандумға сәйкес, 2015-2017 жылдар аралығында жалпы құны 19,939 млрд. теңгеге 17 жобаны жүзеге асырып, газ бөлу желілерін құрылымдауды жоспарлаған. Бұл 30 елді мекенді қосымша газдандыруға мүмкіндік береді.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға өткен жылы 15,9 млрд. теңге бөлінген. Жалпы ұзындығы 684 шақырымды құрайтын Самара-Шымкент күрежолын қайта жаңғырту жұмыстары толықтай аяқталды. Үстіміздегі жылы ұзындығы 330 шақырым «Ақтөбе-Атырау» автомобиль жолын қайта жаңарту жобасын дайындау жалғасады.

Биыл жалпы ауданы 466,6 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда, яғни 5 мыңға тарта отбасы баспаналы болады.

Білім саласының жағдайын баяндаған Архимед Мұхамбетов үш ауысымды және апатты жағдайдағы мектептер мәселесін шешуге маңыз беріліп отырғанына нақты мысалдар келтірді. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде облыс өткен жылы ҰБТ қорытындысында өңірлер арасында үшінші орынды иеленген, 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамту 87,0 пайызға жеткен. Есепті кезеңде денсаулық сақтау саласында 10 дәрігерлік амбулатория пайдалануға беріліп, 138 жұмыс орны ашылды, 16 нысан күрделі жөндеуден өтті. Облыста оң демографиялық ахуал қалыптасып, тұрғындардың туу көрсеткіші 0,4 пайызға артып, халықтың табиғи өсімі көтерілді, өлім-жітім көрсеткіші 6,8 пайызға төмендеді.

Облыс әкімі өңірдегі жұмыс орындарын сақтау бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды да жүйелей әңгімеледі. Елбасы тапсырмасын орындау мақсатында ірі және орта кәсіпорындармен еңбек қатынасының тұрақтылығы туралы 800-ден астам меморандумдарға қол қойылған. Былтыр 15,7 мың жаңа және 1,0 мың әлеуметтік жұмыс орны ашылған, 10,5 мың азаматтардың жұмысқа тұруына көмек көрсетіліп, 4,5 мың жұмыссыз азамат уақытша еңбекпен қамтылған, жастар тәжірибесіне 615 адам жіберілген.

Бұдан кейін баяндаманы талқылау болып, онда сөз алғандар есепті кезеңде атқарылған жұмыстарға ризашылығын білдірді. Архимед Мұхамбетов жиынға қатысушылардың және арнайы жәшіктерге, әкім блогына және облыстық әкімдік сайтына келіп түскен сауалдарға жауап берді.

***Ақтөбе облысы.***

**Кеше Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев қызылшаға қарсы жаппай вакциналау басталғаннан кейін республикада туындаған жағдай бойынша селекторлық кеңес өткізді, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.**

# Сапалы сараптама жүргізу тапсырылды

Белгілі болғандай, туындаған эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, 15-19 жас аралығындағы адамдарды қосымша иммундау үшін қызылша моновакцинасының 1 млн. дозасы сатып алынған. 15-19 жас аралығындағы жас ерекшелік топтарын іріктеу қызылшаға сезімталдығы бар жасөспірімдер арасында жоғары көрсеткішпен байланысты болған.

2015 жылғы 19 ақпандағы жағдай бойынша республикада вакциналауға жататын 881мың баланың 59,4%-ы екпе алды. 2015 жылғы 24 ақпандағы ахуал бойынша медициналық көмекке 185 адам жүгінген, ол вакцина алғандардың жалпы санынан 0,03 %-ды құрайды. Жүгінген балаларды қарап-тексеру нәтижелері бойынша балалардың шағымдарының басым бөлігі балалар организмінің вакцина енгізуге жеке сезімталдығымен байланысты екені белгілі болды.

Балаларға медициналық көмек толық көлемде көрсетіледі, қажеттілігіне қарай оларды динамикалық байқау үшін стационарға емдеуге жатқызу жүзеге асырылуда. Қазіргі сәтте қызылшаға қарсы вакциналау республика бойынша тоқтатылды.

Кеңес қорытындысы бойынша Б.Сапарбаев вакцинаға сапалы сараптама жүргізілуін, сондай-ақ жаппай вакциналау кезінде және вакциналаудан кейінгі әсерлер себептерін белгілеу бойынша талаптардың сақталуына тексеру жүргізу бөлігінде өңірлік комиссиялар қызметін үйлестіру жөніндегі республикалық жұмыс тобының құрылуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар, вице-премьер Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес одан әрі иммундаудың жүргізілуіне бақылауды күшейтуді міндеттеді.

# Еңбек ресурстарына – ерекше назар

**Кеше Премьер-Министрдің орынбасары Б. Сапарбаевтың төрағалығымен еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру мәселесі бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларының қатысуымен кеңес өткізілді, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.**

Кеңес барысында көші-қон процестерінің, ішкі көші-қон ағындарын бөлудің және еңбек ресурстарына деген ұсыныс пен сұраныстың теңгерімділігінің өзекті мәселелері талқыланды.

Өңірлік экономикалық және көші-қон теңгерімсіздіктерін түзету мақсатында «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасының шеңберінде азаматтардың ұтқырлығын арттыру бойынша, сондай-ақ мемлекетіміздің солтүстік және шығыс өңірлерінде білім инфрақұрылымын дамыту бойынша шаралар жария етілді.

Кеңес қорытындысы бойынша Б. Сапарбаев мемлекеттік органдарға еңбек ресурстарының ішкі ұтқырлығын арттыруға және еңбек нарығының теңгерімсіздігін төмендетуге қатысты нақты тапсырмалар берді.

# Мұнай өндіру көлемі арта бермек

Эльмира МӘТІБАЕВА,
«Егемен Қазақстан».

Еліміз егемендігін алғалы бері, 1991 жылдары 25 миллион тоннадан бастау алған мұнай өндіру көлемі бертін келе артып, 2014 жылдың есебі бойынша 80,8 миллион тоннаға өскен. Ол дегеніміз, бастапқыдан 3 есеге ұлғайғанын көрсетіп отыр. Бұл көлеммен тоқтамай, әлемде болып жатқан экономикалық ахуалдарға қарамастан, біздің елде мұнай өндіру көлемін арттыру жоспарда бар. Айтар болсақ, 2017 жылы 86 миллион тонна, ал 2020 жылдарға қарай 104 миллион тонна өндіруге жағдайлар жасалуда.

Бұл жөнінде Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен жиында Энергетика вице-министрі Ұзақбай Қарабалин мәлім етті. Сонымен қатар ол, мұнай өндіруден алда тұрған еліміздегі бірқатар көшбасшы өңірлерді атап өтті. Оның айтуынша, бірінші орында тұрған Атырау облысы, бір жылдық мұнай өндіру көлемі 32,2 миллион тонна, одан кейінгі – 18,5 миллион тонна көлем көрсеткішімен Маңғыстау облысы тұр, сонымен қатар Батыс Қазақстан облысы 13,1 миллион тонна мұнай өндірген.

Сонымен бірге, Ұ.Қарабалин мұнай көлемінің артуы жағынан алда тұрған бірнеше компанияларды да хабарлады. Атап айтқанда, бірінші орында «Теңізшевройл» ЖШС тұр, ол өткен жылдың есебі бойынша бір жылда 26,7 миллион тонна мұнай өндірген. Келесі орынға жылына 12,2 миллион тонна мұнай өндірген «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» компаниясы шықты, дейді вице-министр. Және де одан кейінгі кезектерде «ҚазМұнайГаз», «Маңғыстаумұнайгаз», «Ақтөбемұнайгаз», «Қазгермұнайгаз» т.б. секілді компаниялардың аттары аталды.

Ұ.Қарабалин мәлім еткендей, пайдалы қазбаның мол қорының арқасында, біздің еліміз мұнайлы елдердің арасында 12-ші орынға ие. 80,8 миллион тонна көрсеткішпен мұнай өндіруден Қазақстан 17-ші орынға шықты, деді вице-министр.

# Көлеңкелі экономикамен күрес жоспары

**Қалалық әкімдікте мемлекеттік кірісті ұлғайту мен көлеңкелі экономикаға қарсы күрес бойынша 2015-2016 жылдарға арналған шаралар жоспары таныстырылды, деп хабарлады қала әкімінің баспасөз қызметі. Астана қаласының әкімі Әділбек Жақсыбековтің басшылығымен өткен бұл жиналыста экономика, мемлекеттік сатып алу тәртібі, еңбек мигранттарын тіркеу мен сол бойынша мониторинг жүргізу бағыттарындағы көлеңкелі өндірісті азайту мәселесі талқыланды.**

Жиналыс барысында қала әкімі елорда өміріндегі басым бағыттың бірі ретінде қалалық бюджетке түсетін кіріс көлемінің артуын атады. Бұл салада жұмысты үйлестіретін негізгі орган салық пен кеден және экономикалық тергеу қызметтерін біріктірген Мемлекеттік кіріс департаменті болып табылатынын атап көрсетті.

Елорданың тартымдылығын сөз ете отырып, әкім бұл салада да кемшіліктердің жоқ еместігіне тоқталды, солардың нәтижесінде экспорттық әлеует толыққанды пайдаланылмайды және сыртқы нарыққа шығу жолдары жоқ. Сондай-ақ, жиналыста қала бюджетіне еңбек мигранттары тарапынан түсетін кірістің 25 пайызы ғана ресми түрде тіркелетіні айтылды. Еңбек мигранттарының мыңдаған саны болғанымен, бюджетке түсетін ізі жоқ. Олар құқық қорғау органдарындағы жемқорлардың табыс көзі болып табылады.

Қала басшысы жылжымайтын мүлік пен тұрғын үйлерді бағалау мәселесінде де орын алған келеңсіздік көп екенін тілге тиек етті.

# Бизнесті трансформациялау – қолайлы жүйе

**Кеше Орталық коммуникациялар қызметінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-тың Корпоративтік даму бойынша басқарушы директор Еркін Жусанбаев пен Трансформациялау блогының жетекшісі Алма Сәулебаева баспасөз мәслихатын өткізді.**

Нұрбай ЕЛМҰРАТОВ,
«Егемен Қазақстан».

Елімізді ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосу тұрғысында Елбасының берген тапсырмасына орай, ұлттық компанияда бизнесті трансформациялау шарасы басталып, оның қалай жүргізіліп жатқаны жөнінде әңгімелеген басқарушы директор, оның тиімді тұстарына тоқталды. «Былтыр «Самұрық-Қазына» қорына қарасты еншілес компаниялар – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Қазпошта, ҚазМұнайГаз, Қазатомпром және басқаларында бизнесті трансформациялау басталды. Трансформация компанияның бизнес үдерісіне терең талдау жасайды. Сол арқылы өнімсіз бағыттарды алып тастап, нарықтағы қажетті қызмет түрлері мен технологияларды, ұсыныстарды қабылдап, өндіріске енгізеді. ҚТЖ-да алғашқылардың бірі болып тәжірибелі сарапшылардың қатысуымен трансформация командасы құрылды. Бүгінгі таңда олар халықаралық тәжірибеге сүйеніп, жаңа бизнес-модель мен холдингтің үдерісі картасын жасауда. Сол арқылы компания тиімділіктің жаңа деңгейі мен қызмет көрсетудің жаңа сапалық түріне көшеді», деді Е.Жусанбаев.

Адам әлеуетін барынша ашып, талантын шыңдау үшін оған барынша қолайлы жағдай жасау компанияның беделінің өсуіне және бизнес үдерісінің тиімділігін көтеруге көмектесетінін айтқан А.Сәулебаева, бұл шараны теміржолшылардың қалай қабылдағаны туралы да әңгімеледі. «Компанияда бизнесті трансформациялау шарасын әуелгі кезде дұрыс түсінбей, бізге оның не қажеті бар деген азаматтар да болды. Бұл игі шараның мән-маңызы жөнінде түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілген соң, теміржолшылар елге пайдасы мол болатын жобаны бірауыздан құптап жатыр», деді.

# Жұмыспен қамтудағы тиімді әдістер

Эльмира МӘТІБАЕВА,
«Егемен Қазақстан».

Дуалды жүйе маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің бір түрі екендігі белгілі. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік жасайтын, болашаққа жол сілтеп, бағыт-бағдар беретін оңтайлы бағдарлама.

Осының аясында, атқарылып жатқан істер жайында құлақтандырылған баспасөз мәслихаты болып өтті. Жиында Білім және ғылым вице-министрі Есенғазы Иманғалиев, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев, «Өрлеу» БАҰО» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Мұрат Әбенов және халықаралық сарапшы Мэтью Андерсон болды.

Бірінші сөз алған Е.Иманғалиев «Баршаңызға белгілі, 2012 жылдың ақпан айында Елбасы Германияға сапарында «Кейін оқытудың дуалды жүйесін» енгізу туралы тапсырма берген болатын. Сондықтан 2014 жылғы Жолдауында 2-3 жылдың арасында техникалық және кәсіптік білімді ұлттық дуалды жүйе құру тапсырмасы болған», деді. Былтыр Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірігіп, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен меморандумға қол қойылды. Сол жұмыстар жүйелі нәтиже беріп жатыр деуге болады, дей келе, осының аясында 3225 кәсіпорын 280 колледжбен әріптестік шартқа қол қойғандығын хабарлады. Елбасының тапсырмасы бойынша жұмыспен қамту мәселесі назарда екендігін тілге тиек ете отырып, вице-министр дуалды технологияларды қолданып, қазіргі таңда жастар 100 пайыз жұмыспен қамтылып отыр, деп хабарлады. Сонымен қатар, ол 2015 жылға қойып отырған мақсаттардың бірі – кәсіпкерлер жалпы 2776 грант бөліп жатыр дей келе, 1712 әрбір баланың басына шаққанда дифференциалды түрде стипендия бөліп жатыр, деді. Осы тұста, вице-министр 2000 меморандум мен шарттарға қол қойылу үстінде екенін айтып өтті.

М.Әбенов өткен жылы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қолдауымен ортақ «Серпін» деген бағдарламаны бастаған болатынбыз, дей келе, кадрлар тапшылығына байланысты оралымды ойын жеткізді. Қарап отырсақ, кей өңірлерде кадр жетіспеушілігі байқалса, ал кей жерлерде артықтығы көрініс тауып отыр. Осыған байланысты жастар арасында қандай мамандықтар жетіспейтіндігін нақтылап алу үшін бізге Ұлттық палата ақпарат беріп отырады. Ал кейінгі кезекте осы мәселе бойынша кадр даярлау жұмысына кірісеміз, деді М.Әбенов.

● *Жасампаздық жемістері*

# ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА

## Елбасының тапсырмасы орындалып, қазақ тілінің терминологиялық қоры жасалды

**XXI ғасыр, жаһандану заманында, жан-жақты негізделген тіл саясаты еліміздің орнықты дамуының басты кепілдіктерінің бірі деп батыл тұжырымдауға болады. Біздер үшін барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілі – қазақ тілі руханиятымыздың, ұлттық болмысымыздың, мемлекеттілігіміздің, тәуелсіздігіміздің басты тірегі болып табылады.**

Бүкіл дүниежүзіндегі тіл ахуалын зерделей қарасақ, қазіргі уақытта 7 мың 48 тіл бар екен. Ғалымдардың пайымдауынша сол тілдердің 40 пайызы жойылу қаупінде, себебі екі апта сайын жер бетінде бір тіл жойылып отырады. Демек, тіл проблемасы аса күрделі проблемалар санатына жатады. Ол жеңіл болса, қай ұлт өз тілінен айырылуға мүдделі дейсіз. Демек, оның жойылуына әсер ететін, көзге ілінбейтін бір жойқын күштің болғаны және ол күшті сол елдің уақытында байқап, оның алдын алмағанынан болса керек.

Қоғам дамуымен бірге тілді де дамытып отыру керек. Қазіргі қоғамда болып жатқан орасан өзгерістер, ғылым мен техниканың дамуы, қандай болмасын тілге өзіндік салмақ салады. Сондықтан келешегін ойлаған халық өз тілін, оның терминологиясын дамытуға ерекше көңіл бөлуі қажет.

Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев «Тіл – ұлттың жаны» десе, тілдің терминология саласы – оның күретамырларының бірі болады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай бай терминологиялық қорын жасаған соң, оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек», деп атап өтті.

Елбасының тапсырмасы орындалып, қазақ тілінің терминологиялық қоры жасалды. Енді осы мақсатта қандай еңбек атқарылғанына тоқталайық.

Елімізде Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан қазақ тілі терминологиясын дамыту, терминдерді біріздендіру және үйлестіру мақсатында қомақты жұмыс атқарылғаны белгілі. Бұл жұмыс қазір де жалғасуда. Атап айтқанда, 1999-2000 жылдары министрліктің тапсырысымен еліміздің тарихында алғаш рет 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер топтамасы жарық көрді. Әрбір томы 5 мыңдай салалық терминді қамтитын бұл сөздіктерді шығаруға 400-ден аса сала мамандары мен ғалымдар атсалысқан болатын. Бұл терминология саласындағы қоғам өмірінің барлық салаларын қамтитын бірінші кешенді еңбек еді.

Мұндай ерен еңбек кемшіліксіз болмақ емес, әйтсе де ол қазақ терминологиясын реттеу мен жүйелеуде өлшеусіз рөл атқарған, жалпы қазақ тілінің даму процесіне мол үлес қосқан үлкен еңбек болды.

2012-2014 жылдары Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы негізінде Педагогикалық ғылымдар академиясы осы сөздіктерді әрі қарай жетілдіру және толықтыру жұмыстарын жүргізді. «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ғылым мен техниканың, өндіріс пен мәдениеттің барлық салаларын қамтитын 30 томдық салалық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер топтамасы әзірленді. Басты мақсат бұрын жарық көрген сөздіктер топтамасын сараптамадан өткізіп, өңдеп, әр томдағы терминдер санын 9000-ға, тіпті, 11-12 мыңға дейін толықтыру болды.

Терминология – әдеби тілдің өркениетке иек артқан аса маңызды, әрі өте қомақты саласы. Егер егемендіктің мәні, қазақ халқының тағдыры мемлекеттік тіл қызметін өтеуге тиісті қазақ тілінің тағдырымен қосақтаулы десек, ана тіліміздің тағдыры өзінің дамыған, сындарлы, жүйелі, осы заманғы өркениет талаптарына сай ұлттық терминологиясына тәуелді.

Әдетте, ғылым дүниесінде белгілі бір ұғым, құбылыс, заңдылықтың қасиеттерін, арақатынастарын зерттеу нәтижесінде бұрын белгісіз жаңа ұғымдар дүниеге келеді. Тіл байлығынан осы ұғымдардың табиғатын, ішкі сырын жете өрнектейтін сөз іріктеліп, сұрыпталып алынып, оған атау беріледі. Мұны жаңа ұғымның атауы, термин дейміз. Әрбір жаңа ұғымның бұрын белгісіз жаңа сыры, жаңа қыры, өзіндік жаңа бояуы болады. Міне, осынау сан алуан табиғи байлықты өрнектей отырып, тың мағыналы жаңа термин сөз дүниеге келеді немесе алғашқы мағынасына қосымша жаңа мағынаға ие болады.

Сапалы термин жасау үшін осы күнге дейін бірнеше ұрпақ қазақ зиялыларының талантты да қажырлы еңбегімен жасалған терминдердің өскелең өмір, жаңа заман талабына жарайтындарын ғасырлар қойнауынан заман талабына үйлесетіндей етіп таңдап, екшеп алу қажет. Осынша жауапты әрі өте күрделі іс үлкен еңбек ұжымы асқан жауапкершілікпен жұмыла жұмыс жасаған жағдайда ғана сапалы атқарылатын болады.

30 томдық сөздіктер топтамасын дайындауға 52 мекемеде



– жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, академияларда, министрліктер мен Парламентте, салалық ведомстволарда жұмыс жасайтын 144 ғылым докторы, 120 ғылым кандидаты атсалысты. Жалпы 350-дей адам жұмыс жасады.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары барлық авторлық ұжым мүшелерімен бірлесе отырып еңбек етті.

Салалық терминдер қалыптастыру алдымен сала мамандарының ісі дейтін болсақ, Тіл білімі институтының ғалымдары терминдер түзуде қазақ тілінің заңдылықтарын сақтай отырып, олардың дұрыс жазылуларын басты назарда ұстады.

Сөздіктерді сапалы дайындау мақсатында «Қазақша-орысша және орысша-қазақша (екі тілді) салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер топтамасын әзірлеу принциптері (ұстанымдары)» әзірленді, осы уақытқа дейін жарық көрген барлық салалық терминологиялық сөздіктер, жалпы сөздіктер, тіл дамыту проблемаларына және терминологияға қатысты ғылыми еңбектер кеңінен пайдаланылды.

Авторлық ұжым мүшелері өз сөздіктерін дайындап болғаннан кейін жақын салалар анықталып, топтастырылып, ортақ талқылау жұмыстары жүргізілді. Талқылауға бірнеше баламалары берілген терминдер анықталып, ұсынылды. Мысалы, Физика және Астрономия, Математика, Информатика және Есептеуіш техника, Энергетика, Электроника, Радиотехника және Байланыс сөздіктері (1741 термин), Химия, Биология, Медицина, Экология, Дене тәрбиесі және спорт сөздіктері (2114 термин), Тарих, Мәдениет және өнер, Философия және саясаттану, Педагогика және психология, Әдебиет және лингвистика сөздіктері (1656 термин) бірге талқыланды. Мақсат ортақ терминдерді біріздендіру болды.

Сонымен бірге, авторлық ұжымдар сөздіктерді дайындау барысында өздері бір шешімге келе алмаған терминдерді де ортақ талқылауға ұсынып отырды. Жалпы осындай отырыстарда 20 мыңға жуық термин талқыланды. Талқылаулар Педагогикалық ғылымдар академиясының басқарма төрағасы бекіткен кесте бойынша қатаң тәртіпте жүргізіліп отырды. Әр талқылауға 20-30, кей отырыстарға 35-40 адам қатысты. Осынша терминдерді талқылауға шамамен 1000-нан аса сағат, 10-11 ай уақыт жұмсалды.

Мұндай талқылаулар өте нәтижелі өтті. Ұзақ жылдар бойы қазақ тілінде дәріс беріп, сала терминологиясын қалыптастырумен шұғылданып жүрген мамандар мен А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары бірге отырып, әр терминді жеке-жеке талқылағанда термин жасау мәселесінің ғылыми негіздері, сала терминдерін қалыптастыру жолдары, шетел терминдерін дұрыс алу реті, сөзжасам мәселелері, көне сөздерді пайдалану тәсілдері, сала терминдерінің қамтылуы, қазақ тілі заңдылықтарының сақталуы, жалпы термин жасау проблемалары және т.б. көптеген мәселелер кеңінен талқыланды. Осы отырыстар сөздік авторлары үшін үлкен термин жасау мектебі болды.

Мұндай отырыстарды өткізу бір жағынан өте қиын болса, екінші жағынан оңай болды. Себебі, сала терминдерін қалыптастырумен ұзақ жылдардан бері шұғылданып жүрген танымал ғалымдардың әрқайсысы өз терминдерінің дұрыстығын дәлелдеуге тырысты, ал екінші жағынан ол кісілердің барлығы да сала терминологиясын дұрыс қалыптастыруға мүдделі болды. Сондықтан әр отырыста тартысты жағдайлар туындап тұрғанымен, барлық авторлардың терминологияны дұрыс қалыптастыруға деген адал ниет – басты ұстанымдары ортақ шешімге келудің түп қазығы болды.

Біз ақылдаса отырып, осындай отырыстарда сала терминдерін жүйелеп жазып талқылау әдісін пайдалануды жөн көрдік. Бұл тәсіл өзінің тиімділігін көрсетті. Мысалы, техника салалары бойынша «Кесу» құралдарына қатысты 12 термин, «Қысу» құралдары – 17 термин, «Егеу» құралдары – 13 термин, «Бөген» – 33 термин, «Арыққа» қатысты 63 термин жеке жазылып талқыланды.

Осылай 2000-нан аса термин талқыланды.

Физика және астрономия, Математика, Информатика және есептеуіш техника, Механика және машина жасау, Энергетика, Электроника, Радиотехника және байланыс, Машина жасау, Көлік және жол торабы, Сәулет және құрылыс, Геология, геодезия, география, Химия, Биология, Медицина, Ауыл шаруашылығы, Су шаруашылығы, Экология, Кен ісі және металлургия, Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет, Іс жүргізу және мұрағат ісі, Дене тәрбиесі және спорт, Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік, Әскери іс, Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі, Философия және саясаттану, Тарих, Педагогика және психология, Мәдениет және өнер, Әдебиет және лингвистика, Экономика және қаржы, Заңтану салалары бойынша дайындалған сөздіктер 2014 жылдың соңында «ҚазАқпарат» баспа корпорациясында басылып шықты.

Бұл сөздіктердің бұрын дайындалған сөздіктерден ерекшелігі қазақ ұлтына ғана тән салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге, тұрмыс-тіршілігімізге қатысты, өзге тілдерде, соның ішінде орыс тілінде мүлдем кездеспейтін көптеген термин сөздердің жүйеленіп берілуі болды. Бұл қазақ тілінің әлем тілдерін байыта түсуге мүмкіндігінің де мол екендігін көрсетуге тырысқан талпыныс еді. Шындығында өзге тілдерде ұшыраспайтын, ал аударма нұсқалары қазақ тіліндегі түсінігін дәлме-дәл бере алмайтын көптеген қазақ сөздері бар. Мысалы, «Бесті қымыз», «Езген құрт», «Жаппа нан», «Майқуырдақ», «Айналайын», «Жігіттік», «Жеңгетайлық», «Сүйінші», «Бас табақ», «Құда табақ», «Күйеу табақ», «Жоралғы», «Бәйге қамшы», «Білеу қамшы», «Дүре қамшы», «Қара шаңырақ», «Түндік», «Астау», «Күбі», «Ақсақал», «Әмеңгер», міне, осылай ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді нашықтай түсетін терминдер ретін жалғастыра беруге болады.

Біздер осындай терең мағыналы терминдерді жиып алып, оларды ғылыми айналысқа нақ қазақ тілінде енгізуге тырыстық. Оларды орыс тіліне аудармай, орыс тілінің орфографиясына сәйкестендірілген қазақ сөзі түрінде бердік. Мұны қалың жұртшылық дұрыс түсініп, құптар деп ойлаймыз. Қазақ тілін жетік білмеген жандарға бұл терминдердің орысша жазылып берілуі түсініксіз болуы мүмкін, сондықтан алдағы уақыттарда түсіндірме сөздіктер жазу негізінде, оларды жалпы қолданысқа қосу керек деп ойлаймыз. Сонымен бірге, шетел халықтары да ол сөздердің шын мағынасын терең түсініп, оларды өз тілдерінде қолданысқа алып жатса, бұл қазақ тілінің мәртебесін көтерер еді.

Жалпы, терминжасам ісі – бүкілхалыққа ортақ іс. Терминдер жасау сала мамандары мен терминолог ғалымдардың ісі болғанымен, оған жалпы жұртшылықтың да араласқаны дұрыс. Сондықтан 2012–2014 жылдары «Ана тілі» газетінің №23 санында «Оқырманмен ойласу» атты айдармен «Терминжасам: Ұсыныс. Пікір» деген тақырыппен 2500-ден аса термин жарияланды. Сонымен бірге, 1000-ға жуық термин Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайтындағы «Терминдер» айдарында жарияланды. Оларға тілге шын жанашыр жандардан пікірлер келіп жатты.

Дайындалған сөздіктердің сапасын арттыруға Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мүшелері мол үлес қосты. Әр сөздік алдын ала анықталған Терминкомның бір мүшесіне тапсырылды. Терминком мүшелері: Ербол Әбдірәсілов, Қабылсаят Әбішев, Сауытбек Абдрахманов, Мәди Айымбетов, Сарқыт Әлісжан, Жарылқап Бейсенбайұлы, Кеңесбек Демеш, Самат Ибрайым, Дәуітәлі Омашұлы, Шәмшиден Пәттеев, Нәсіпқали Сейітов, Кеңес Юсуп сөздіктерді мұқият қарап, мыңдаған терминдерге қатысты ұсыныс-пікірлер айтты. Айтылған барлық ұсыныс-пікірлер бойынша авторлар ол кісілермен ақылдаса отырып, тиянақты жұмыс жүргізді.

Терминком мәжілісінде сол отырысқа төрағалық жасаған Сауытбек Абдрахмановтың ұсынысы бойынша дайындалған сөздіктерді халықтың кең талқысына салу мақсатында оларды Педагогикалық ғылымдар академиясының сайтына ілу жөнінде шешім қабылданды. Ол ұсыныс министрлік тарапынан қолдау тауып, барлық 30 сөздік академия сайтына ілінді. Ол туралы «Егемен Қазақстан» және «Ана тілі» газеттеріне арнайы хабарлама жарияланды. Тілге қамқор жандар бұл сөздіктердегі терминдерге қатысты да өз пікірлерін жіберді.

Авторлық ұжым мүшелері сөздіктерге қатысты барлық айтылған ұсыныс-пікірлермен танысып, мұқият жұмыс жүргізді.

Елімізде осындай көлемді еңбек алғаш рет атқарылды. Бірде-бір ТМД елінде 30 томдық ғылыми салалық терминологиялық сөздіктер топтамасы дайындалған емес.

Мұндай ауқымды еңбек салалық министрлік тарапынан нақты қолдау болған жағдайда ғана іске асырылары сөзсіз. Бұрынғы Мәдениет және ақпарат министрі, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі М.Құл-Мұхаммед, қазіргі Мәдениет және спорт министрі, кезінде Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры болып жүргенде «Мәдениет және өнер» саласы сөздігін сапалы дайындау мәселесін өз қамқорлығына алған А.Мұхамедиұлы, бұрынғы Тіл комитетінің төрағасы М.Сқақов, комитет төрағасының орынбасары, терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы, қазіргі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыстар комитетінің төрағасы Д.Таумұрат ақыл-кеңес беріп, осы жұмысты асқан жауапкершілікпен атқару қажеттігін айтып, қолдау көрсетіп отырды.

Сала терминологиясын қалыптастырумен шұғылданып жүрген сала мамандары мен ғалымдары, тілші ғалымдар, республикалық терминологиялық комиссия мүшелері бірлесе отырып атқарған және жалпы жұртшылық пікірі ескеріле отырып дайындалған осындай көлемді жұмыс негізінде қазақ тілінің 250 мыңнан аса салалық ғылыми терминдер қоры жасалып, қазақ тілі терминологиясының ғылыми негізде дамып, кемелдене түсуіне нақты негіз қаланды.

Алдағы уақыттарда салалық терминологиялық сөздіктер жасайтын ғалымдар мен мамандар тыңнан сүре салмай, осы қорды негізге алып, оны жетілдіріп, толықтыру мақсатында жұмыстар жүргізетін болса, онда қазақ тілі шын мәнінде өркениетке иек артқан, қай уақытта болмасын заман талабына сай дамып-жетіліп отыратын тілдердің санатында болар еді. Бұл бәріміздің ортақ асыл арман-мұратымыз емес пе?!

**Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ,**
**30 томдық салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер топтамасын дайындау жобасының ғылыми жетекшісі.**

● *Көзқарас*

**Өткен жылдың қараша айында жарияланған Президент Н.Назарбаевтың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы сарабдал саясаткердің кемел қасиеті халық тағдыры таразыланар тұста тереңірек танылатынының дәлелі іспеттес болды деу орынды. Өйткені, Елбасының өзі айтқандай, бүгінде бүкіл әлем жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Ал «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты – осындай күрделі кезеңнен қысылмай шығудың бағыттарын анықтап берген баянды бағдарлама. Жолдауда қозғалған мәселелердің қай-қайсысы да өзекті.**

**Оның ішінде әсіресе, тарихи құжаттың басты түйіні ретінде сипатталған алысты жақын ететін жолдың орны бөлек. «Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын таратататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашады».**

# ТАСЖОЛ ТАҒДЫРЫ

## немесе «Қарабұтақ–Торғай» трассасының қисынсыздығы хақында

Осы тұрғыда көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Әуелгі кезекте, негізгі автожолдар жобасы жүзеге асырылмақ. Бұлар: «Батыс Қытай – Батыс Еуропа», «Астана–Алматы», «Астана–Өскемен», «Астана–Ақтөбе–Атырау», «Алматы–Өскемен», «Қарағанды–Жезқазған–Қызылорда», «Атырау–Астрахань» автокөлік жолдары. Осылардың ішінде Ақтөбе облысының аумағынан «Батыс Қытай–Батыс Еуропа» халықаралық көлік дәлізі өтіп жатыр. Бұл облыс экономикасының дамуына серпін беруде. Сонымен қатар, «Астана – Ақтөбе – Атырау» бағытында жүргізілетін автокөлік жолы да ақтөбеліктер үшін аса маңызды болып табылатыны даусыз. Тап осы жолға қатысты негізгі бағдарды Елбасы айқындап бергенімен, оны жүзеге асыруда, яғни жолдың қай жерлермен жүргізілетіні турасында қарама-қайшы көптеген пікірлер мен көзқарастар бар. Бұл жөнінде мерзімді баспасөз беттерінен оқып жүрміз. Әрине, әркімнің өз көзқарасы мен оны еркін білдіруге құқығы бар десек те, не нәрсені де әуелі саралап, оң-терісін безбенге салып салмақтап барып көпшілікке жариялаған жөн.

Осы тұрғыда республикалық «Экономика» газетінің осы жылғы №2 санында шыққан «Қарабұтақ–Торғай» тасжолының логистикасы» деген тақырыптағы мақаланы мысалға келтірсек ешбір әбестігі болмас. Авторы анау-мынау емес, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің қауымдастық профессоры Мұханбет-Шәріп Кенжебай екен. Мақаланы оқып шығып, жағамызды ұстадық. Профессор мырза «атты тым әріге айдап» жіберіп қарақшыға жеткізе алмаса керек, өзі көтеріп отырған жобаны негіздей алмапты. Сондықтан осы мақаланы жазуға еріксіз бардық. М.Кенжебай Қарабұтақ–Торғай бағытын бес өлшем бойынша негіздемек болған екен, біз сол бес өлшемнің қисынсыздығын айтқымыз келеді.

Біріншіден, Торғайдан Қарабұтаққа ең төте жол салғанның өзінде арақашықтық мақалада айтылғандай 187 шақырым емес, 263 шақырымды құрайды. Бұған кемінде 3 көпір салынуы керек, егер мамандар көктемгі су тасқынын ескерер болса, тағы қосымша су өткізгіштер және басқа құрылыстар салынуы мүмкін. Ал жол салудағы әрбір көпір құрылысының қаншалықты қымбатқа түсетіні баршамызға белгілі. Екіншіден, автор бұл бағытта тығыз орналасқан халықты қайдан көріп жүр? Торғайдан Тұмабұлаққа дейінгі 170 шақырым құла түзде ұшқан құс, жортқан аң жоқ. Үшіншіден, екі ортада 10-нан аса ауыл түгілі, мал бағып отырған қос та жоқ. Бұл аралықта Кеңес өкіметі кезінде де ел көп қоныстанып көрген емес. Төртіншіден, Сібірден ұшқан құстар дамылдайтын көл-көлшіктер бұл бағытта да бар. Бесіншіден, Әбілқайыр хан бейіті де бұл жолдан 60-70 шақырым жоғарыда жатыр.

Енді автор теріске шығаруға жанын салып отырған «Ырғыз–Торғай» жобасына келсек, оның қисындылығын төмендегіше пайымдауға болады.

Біріншіден, профессор айтқандай, Ырғыз бен Торғайдың арақашықтығы 200-250 шақырым емес, тура 200 шақырым.

Екіншіден, Ырғыз бен Торғайдың арасында Ырғыз ауданының Нұра және Қостанайдың Жангелдин ауданының Ақшығанақ ауылдық округтері, 4 елді мекен бар. Одан басқа жағалай шаруа қожалықтары орналасқан. Ал М.Кенжебай мақаласында «Торғай–Ырғыз» тасжолының іргесінде Құйылыс елді мекенінен басқа 40 шақырымнан жақын бірде-бір елді мекен орналаспаған» дегенде не айтқысы келгені тіпті түсініксіз. Егер автор бұл жердің жай-жапсарын толық білмейтін болса, білетіндерден сұрап алуына болатын еді ғой. Ырғыз ауданының Тәуіп ауылдық округінің орталығы Құйылыс ауылы мүлдем басқа бағытта жатыр. Ол жолдан шығысқа қарай 90 шақырымдай қашықта.

Үшіншіден, көпір бір-ақ жерден, Өлкейек өзенінен салынады. Және бұл бағытта Торғайдан Ақшығанаққа дейін, Ырғыздан Нұраға дейін бұрынғы кеңестік дәуірден қалған көтерме жол бар, сонда осы екі елді мекеннің арасындағы 40 шақырым жол табаны ғана көтеріледі. Ал Торғайдан Қарабұтаққа дейінгі 263 шақырымның басынан-аяғына дейін жол табанын көтеру керек. Бұл да көп шығынды талап ететіні белгілі.

Төртіншіден, «Ырғыз–Торғай» автожолын салудағы ең маңызды



мәселенің бірі туризмді дамыту мүмкіндігі болып табылады. Бұдан миллион жыл бұрын алып метеорит түскен жер «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» және «Ырғыз-Шалқар» тас жолдарының, яғни төрт жолдың торабы түйіскен жерден 35 шақырым оңтүстікте, Әбілқайыр ханның бас батырларының бірі Бөкенбай батырдың қарауыл төбесі 15 шақырым батыста, Әбілқайыр ханның ордасы тігілген жер 40 шақырым шығыста жатыр. Басқа да тарихи орындар жеткілікті. Бұдан басқа айдын көлдер мен шағыл құмдарға саяхат жасау арқылы экотуризмді дамыту мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Қазірдің өзінде Малайдар көлдер жүйесі экотуристік саяхаттың маршруты мен тарифі республикада бекітіліп, ұйымдастыру шаралары қолға алынуда. Ал туризмді дамытуда инфрақұрылымның дамуы аса маңызды екенін ешкім жоққа шығармаса керек.

Тағы бір назар аударатын жайт, Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы жарияланған соң көп ұзамай облыстық «Ақтөбе» газетінде «Қазавтожол» ұлттық компаниясы» АҚ облыстық филиалының сапаны бақылау және жұмыстарды қабылдау бөлімінің басшысы Ерділдә Қалағановтың сұхбаты жарық көрді. Ол 2015 жылы қаралуы тиіс үшінші жоба – «Қандыағаш–Ембі–Шалқар–Ырғыз» автожолы екендігін атап көрсетіпті. «Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес еліміздің орталығын оңтүстік, батыс және шығысымен байланыстыру мақсатында Астана арқылы ұлттық автожол желісінің құрылысын бастау қолға алынған болатын. Осыған орай Астананы Ақтаумен байланыстыратын жаңа көлік дәлізі пайда болмақ. Бұл жолдың болашақтағы бағыты «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық транзиттік дәлізімен қиылысатын қазіргі «Қандыағаш–Ембі–Шалқар–Ырғыз» тасжолының жекелеген бөліктерін қамтиды. Бұл жолдың облыс аумағындағы ұзындығы – 401 шақырым», дейді Е.Қалағанов.

Н.Назарбаев 2014 жылдың қаңтар айында жариялаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында келешекте Қазақстан теңізге шығатын жолдары бар елдерде логистика орталықтарын құруға инвестиция салуға тиіс екендігін айтқан еді. Осыған байланысты Ақтау портының қуаттылығын күшейту жөнінде тапсырма берген болатын. Ұзындығы 1200 шақырым болатын «Жезқазған–Шалқар–Бейнеу» теміржолы осы мақсатта салынды. Ол орталықтың көптеген аудандарына жан бітіріп, елдің шығысы мен батысын тікелей байланыстырады. Елбасы осы ойын «Нұрлы Жол» Жолдауында әрі қарай дамыта түскенін көріп отырмыз.

Қазақстанның картасына зер салып қараған жан Астанадан Ақтауға баратын төте жолдың Ырғыз арқылы өтетінін көрер еді. Яғни, жоғарыдағы «Торғай–Ырғыз» тасжолы осынау «Астана–Торғай–Ырғыз–Шалқар–Бейнеу–Ақтау» атты ұлы жолдың бір бөлшегі болмақ. Торғайдан Ырғызға барған жол әрі қарай Шалқар, одан әрі Бейнеу арқылы Ақтауға тура асып түседі. Неге екені белгісіз, әзірге осы бағыт ешкімнің аузына түсер емес. Теміржолмен қатар салынатын автожолдың стратегиялық маңызын да ұмытпауымыз керек емес пе? Қазір «Шалқар–Бейнеу» теміржолы бар, екі ортаға автожол салатын болсақ материал тасу теміржол арқылы арзанға түседі. Сонда Елбасы атап көрсеткендей, Ақтау портына еліміздің солтүстігінен, порттан солтүстікке ең төте жолмен жүк тасу жолға қойылады. Егер осы жоба іске асса, жол Ырғыздың түбінен өтетін «Батыс Еуропа–Батыс Қытай» магистралына қосылып төрт тарапқа бірдей тарайды. Ырғыз–Шалқар–Бейнеу арқылы Ақтауға, Ырғыз–Қарабұтақ–Ақтөбе арқылы Батыс Еуропаға, Ырғыз–Арал–Қызылорда әрі қарай оңтүстік арқылы Батыс Қытайға шығады. Астана мен портты қала Ақтауды қосатын төте жол салған кезде біраз қаражатты қажет еткенімен кейін оның еселеп қайтарылатынына шүбә жоқ. Өйткені, «Шалқар–Қандыағаш–Мақат–Бейнеу» тасжолы «Шалқар–Бейнеу» жолынан екі есе қашық, яғни 500 шақырым жол үнемделеді.

Әрине, бұл айтылғандардың көпшілігі әлі ұсыныс немесе жоба күйінде ғана тұр. Дегенмен, қиындықтарды еңсеру үшін қолға алынатын басты шаруаның бірі – автокөлік жолдарының құрылысы болатыны Мемлекет басшысының өзі белгілеп берген бағдар. Сондықтан қалай болғанда да халықтың игілігіне айналар жол құрылысының қызу жұмыстары көп кешікпей-ақ басталарына күмәніміз жоқ. Тек осы жолдарды салғанда қатаң есеп, салиқалы ұстаным және қисынды идея басшылыққа алынса деген ой біздікі.

**Нұрқасым СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,**
**зейнеткер.**

***Ақтөбе облысы,***
***Ырғыз ауданы.***

● *Сауалы мен жауабы*

**Президент Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметтің таяуда өткен кеңейтілген құрамдағы отырысында сөйлеген сөзінде елдің жаңа жағдайға қарай неғұрлым тезірек бейімделе білуінің маңызы аса зор екенін айта келіп, осыған байланысты жергілікті жерлерде ұдайы назарда ұстап отыруға тура келетін бірқатар өзекті мәселелерді тарқатып айтып өтті. Солардың қатарында барлық салалар бойынша ретсіз шығындардың көлемін күрт қысқарту, агроөнеркәсіп кешенін қаржылық жағынан сауықтыру, жұмыссыздықтың көбеюіне жол бермеу және еңбек дауларын дер кезінде шешіп отыру жайлары айтылды. Осы сөздің ыңғайында Елбасы әр өңірде жұмыспен қамтылуға ықпал ету бағдарламалары әзірленуі тиіс екенін қадап тұрып, атап өтті. Қазіргі таңда еліміздің барлық аймақтарында аталған міндеттерді іс жүзіне асырудың барлық шаралары мен шарттары жасалып жатыр. Мұны төмендегі топтамада сөз болатын жағдаяттар да анық аңғартады.**




## Қазақ хандығы тойын тойлауға бөлінетін әр теңгенің орны бар

*Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуын тойлауға бюджеттен 23 млрд. теңге қаражат бөлінгелі жатқанын естідік. Бұл есепсіз көп ақша емес пе? Шараға бөлінгелі тұрған бұл ақшаның қайда және қалай жұмсалатынын айтып беретін адам бар ма?*

**Жұмасейіт НҰРБАЕВ,**
**кәсіпкер.**
***ТАРАЗ.***

Мұның жай-жапсарын айтып беретін адам бар. Ол – аталмыш той өткелі тұрған аймақтың өкілі, **Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ерқанат МӘНЖУОВ**. Мемлекетіміздің өткенімен, бүгінімен және болашағымен сабақтас айтулы мерейтойдың ел тарихында алар орны ерекше екен. Қазақтың ұлт болып қалыптасуында ерекше мән-маңызға ие сол тарихи кезеңдерді жаңғырту арқылы елдің рухы көтеріліп, санасы жаңаратыны тағы ақиқат. Дегенмен...

– Оқырманның ақпараты бүгінгі күннің шындығына сәйкес келмейді, – деді біздің тілшімізге Ерқанат Нұрбалаұлы. – Мемлекеттік бюджеттен той үшін бөлінетін қаржының ауқымы бұл айтылғаннан әлдеқайда аз. Ол бар-жоғы 3,4 миллиард теңгені ғана құрайды. Қазір тойға дайындық жұмыстары басталып кетті. Осы орайда жоғарыда келтірілген соманың қайда жұмсалатынын да айтып өтейін. Бұл қаржыға Тараз қаласындағы кейбір ғимараттар мен көшелер жөндеуден өткізіледі, этномәдени орталық ғимараты мен көне шаһар орнынан табылған жәдігерлерге арналған музей бой көтереді. Бұған дейін той өтетін жер қала іргесіндегі Айша бибі елді мекенінің маңы болып белгіленген-ді. Бірақ соңғы сәтте ол шешім өзгеріп, той Тараз қаласының өзінде өтетін болды.

Қазақ хандығының 550 жылдығы бір тараздықтарға ғана емес, бүкіл елімізге ортақ той емес пе? Сондықтан еліміздің 14 облысы көмекке келіп, көне қаланың той өтетін жерлерін аббаттандыру, жаңарту, көркейту жұмыстарын жүргізуді міндеттеріне алды. Дәл қазір барлық облыстардан сәулетшілер келіп, өздерінің жобаларын жасап жатыр. Бұл мәселеде біз сәулетшілерге еркіндік беріп, қиял-ғажайып, фантазияларына ешқандай шектеу қойып отырғанымыз жоқ. Мысалы, Атырау облысының сәулетшілері бір қарағанда-ақ өзіндік сән-салтанаты, ою-өрнегімен Сарайшықты еске түсіретін макеттер жасауда. Яғни, Тараз қаласының төрінен еліміздің барлық облыстарының өз бет-бейнесі, өз ерекшелігі, сұлбасы орын тебеді деген сөз. Ал «Қазақ хандығының 550 жылдығы» монументіне еліміздің Мәдениет министрлігі бәйге жариялады. Соның қорытындысына қарай қандай абаттандыру жұмыстары жүретіні, қанша қаржы жұмсалатыны белгілі болады. Елбасымыз жақында ғана халықтың ақшасын аста-төк мерейтойларға жұмсамау керектігін жақсы айтты. Шынында шамадан тыс ақша шашу арқылы тойды адамдардың санасында қалдыра алмайсың. Әйткенмен, жоғарыда атап өткенімдей, бұл тойдың орны ерекше болғандықтан, ортақ шараға сырттан біраз демеушілерді де тартқалы отырмыз.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген, оның дүбірі қазірден-ақ сезіле бастады. Және бұл мерейтой өте қарапайымдылығымен, өнегесімен елдің есінде қалуға тиіс. Осы айда жас ақындардың мүшәйрасы керуен кереді. Мамыр айында қолөнер шеберлерінің облыстық «Қолөнер – халық қазынасы» көрме-жәрмеңкесі, «Қазақ хандығы ту тіккен өлке» экспедициясы қанат жаяды. Облыстық қазақ драма театрында жазушы-драматургтер Қ. Ысқақ пен Ш. Құсайыновтың «Қазақтар» атты тарихи драмасы қойылады. Қыркүйек айында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған театрландырылған қойылым, республикалық ақындар айтысы, «Қазақ хандығының құрылуы және тарихы» кітабының таныстырылымы өтеді. Сондай-ақ, Таразда «Қазақ хандығының 550 жылдығы» монументі ашылады. «Тараз – ғасырлар куәсі» көрмесі, бәске Президент сыйлығы қойылатын қазақша күрес бойынша «Еуразия барысы» халықаралық турнирі мен ұлттық спорт бойынша жарыстар ұйымдастырылады. Қыркүйек айында Қытайда Сиань қаласынан Ұлы Жібек жолының бойымен келе жатқан керуен экспедициясына қатысушылармен кездесу ұйымдастырылады. Қараша айында Таразда «Текті сөздің төресі – терме» республикалық терме байқауы болады. Қысқаша айтқанда, шаралар дүрмегі осындай.

## Қостанай облысының шаруалары дағдарыспен күресуге дайын

*Дүниені дүрліктіріп жатқан қаржы-экономикалық дағдарысының биылғы көктемгі дала жұмыстарына, жалпы ауыл шаруашылығы саласына кері әсері болмай ма?*

**Киікбай АХМЕТБЕКОВ,**
**Глазунов орта мектебінің мұғалімі.**
***Қостанай облысы,***
***Қостанай ауданы.***

Бұл сұрақтың жауабын бізге **Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Харьков ауылындағы «Қарқын» ЖШС директоры, Қазақстанның Еңбек Ері Сайран БҰҚАНОВ** береді.

– Әлемдік-экономикалық қаржы дағдарысынан біздің еліміз тыс тұра алмайды. Өйткені, сыртпен экономикалық байланыссыз ешбір елдің өз бетінше дами алмайтыны белгілі, – деді Сайран Бәлкенұлы. – Алайда, оның ауыл шаруашылығы саласына зияны пәлендей қатты бола қоймайды. Мен өмір бойы ауылдық жерде, ауыл шаруашылығында келе жатқан адаммын. Дәл қазір дағдарыстың ауылға нақты ешқандай кері әсері болып тұрған жоқ. Көктем шыға ауыл тұрғындарының малдары төлдеп береді. Осыдан кейін сүті де, еті де, қаймақ-майы да, қымызы да дайын. Жалқаулыққа ұрынбай, барлық бейнетін көтере отырып, мал ұстайтын, көкөніс-бақша өнімдерін дер кезінде егіп, жинап алатын азаматтарға дағдарыс ештеңе істей алмайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: «Ауыл шаруашылығы – экономиканың іргетасы» деген болатын. Әбден жөн сөз. Сондықтан елімізде басқа салада үнем жасалып жатса да, дәл ауыл шаруашылығын дамытуда қаржы қысқартылған емес. Себебі, нан, ет, сүт болмаса, экономика түгілі, өмірдің өзі де тоқтап қалады. Қандай жағдайда да халыққа ең бірінші азық-түлік керек. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары осыған орай тиісті меморандум жасауға қатыстық. Мұнда ешбір жұмыс орындарын қысқартпайтынымыз, өнім көлемі мен сапасын арттыратынымыз айтылған. Біз жыл сайын 36 мың гектар алқапқа егін егіп келсек, биыл да сол деңгейден көрінеміз. Тек нарықтың талаптарын ескере келіп, дәнді дақылдың үлесі есебінен майлы дақылдардың ауқымын ұлғайтамыз. Осылайша ауыл шаруашылығын әртараптандыруды одан әрі жалғастырамыз. Биыл тағы да Үкімет егін және мал шаруашылықтарын дамытуға тиесілі субсидиясын беретін болды. Мұндай қамқорлық барда ауыл әсте жүдемейді.

Көктемгі дала жұмыстарын да жылдағыша ойдағыдай атқара алатынымызға күмән жоқ. Қазір жанар-жағармай арзандады. Шаруаға бұл да тиімді болып тұр. Үкімет тарапынан тұқым алуға да жәрдем болады. Ресейдің рубль бағамы төмен түскелі ол жақтан бидайды арзан бағаға әкеліп жатқандар да бар. Міне, осындай өзіндік қалтарыстарымен биылғы көктем диқанға тиімсіз болмайды. Дағдарыс уақытша құбылыс, жұмыла тірлік етсек, ертең-ақ барлығы баяғы қалпына келеді.

## Қызылордада жалақының уақтылы төленуі бақылауда тұр

*Біздің облыста прокуратура еңбек адамдарының жалақыларын уақтылы төленуін ұдайы бақылауға алып отыр. Біз де кезекті айлығымызды құқық қорғау органдарының көмегімен алдық. Бірақ бұл қашанғы жалғаса береді?*

**«Дани-Ер» ЖШС жұмысшылары.**
***ҚЫЗЫЛОРДА.***

Мұның жайын **Қызылорда қаласы прокурорының аға көмекшісі Эльвира ПЕРНЕБЕК** тарқатып айтып шықты.

– Облыста жұмыс адамдарының айлық жалақыларын уақтылы алулары жайы көптен бері прокуратура органдарының бақылауында тұрғаны рас, – деді ол. – Бірақ кейде жағдай басқаша да өрбіп жатады. Біздің өзімізге нақты шағым түспегеніне қарамастан, мәселеге араласып кететін кездеріміз де кездеседі. Мысалы, өздеріңіз айтып отырған «Дани-Ер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратына 20 жұмысшының барып, жалақылары төленуін талап еткендері туралы хабарлама түскеннен кейін біздің іске араласуымызға тура келді. Сол кезде серіктестіктің қалалық прокуратураға жазған арызына сәйкес, серіктестік өзінің 45 (сол уақытта 40 жұмысшы екені хабарланса, соңынан 45 жұмысшыға қарыз екені анықталған) жұмысшысына 5 133 549,12 теңге айлық жалақылары төленбей, олардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол берілгендігі анықталды.

Осыған орай, қалалық прокуратура айлық жалақыны төлеу туралы шаралар қабылдауға ұйғарым енгізді. Бірақ серіктестік есеп-шоттарын мемлекеттік және жеке сот орындаушылары жауып тастағандықтан, ұйғарымды орындауға мүмкіндік жоқ екенін мәлімдеді. Зерттеу серіктестіктің банктегі есеп шоттарын жеке сот орындаушысы мен мемлекеттік сот орындаушылары жауып тастағанын анықтады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 9-бабы 1-бөлігі 7-тармағына сәйкес, талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы прокурордың қаулылары атқарушылық құжаттар болып танылатыны көзделген. Заңның 111-бабында бірінші кезекте қызметкерлердің еңбектегі құқық қатынастарынан туындайтын талаптары қанағаттандырылатыны белгіленген. Осыған байланысты қалалық прокуратура ұйғарым талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы қаулы қабылдады. Мұның нәтижесінде мемлекеттік сот орындаушысы аталған есеп шоттарға инкассалық өкім салды. Сөйтіп, аталған атқару құжаты бүгінгі күні нақты орындалып, мекеменің 45 жұмысшысының жалақылары толық өтелді.

Жалпы, мұндай шаралар біздің практикамызда әрдайым кездесіп тұрады. Біз еңбек дауына байланысты кез келген мәселені заңнама шеңберінде жедел шешіп отыруға ұдайы күш салып келеміз.

## Орал кәсіпорындары жұмыс орындарын қысқартпайды

*Қазір әркімнің жағдайға қарай бейімделуі керек екенін Елбасының өзі қайта-қайта айтып жатыр. Біз бейімделуге бет алдық. Оны кәсіпорында бірде-бір жұмысшыны жұмыссыз қалдырмау ұранымен байланыстырып отырмыз. Басқалар мұны қалай шешіп жатыр екен?*

**Нұрлан ТҰЯҚОВ,**
**«Нұргазпромстрой» ЖШС бас директоры.**
***ОРАЛ.***

Қойылған сұрақтың жауабын **Батыс Қазақстан облысының орталығы – Орал қаласының әкімі Алтай КӨЛГІНОВ** қайтарды.

– Жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ірі кәсіпорын басшыларын жұмыс орындарын қысқартпауға шақырғаны белгілі. Осы тапсырма берілген бойда біз Орал қаласындағы бірқатар іргелі кәсіпорындар басшыларын жинап, кеңес өткіздік. Оның қорытындысында қала әкімі мен кәсіпорындар басшылары арасында жұмыс орнын негізсіз қысқартпау және жалақыны төмендетпеу жөнінде меморандумға қол қойылды. Келісімге келген өндіріс орындары қатарында «Орал Терминал» ЖШС, «Кама Қазақстан» сауда үйі, «Агропродукт ЛТД» ЖШС, «Стройкомбинат» ЖШС, «Кублей» ЖШС, «Желаев нан өнімдері комбинаты» АҚ секілді жұмыс қолдары көп кәсіпорындар бар. Аталған өндіріс орындарында қазіргі таңда 1 600 адам еңбек етіп, нәпақаларын айырып отыр.

– Жасыратыны жоқ, біз бұл жұмысты бұрыннан жүргізіп келе жатқанбыз, – деді бұдан әрі Алтай Сейдірұлы. – Сол кезге дейін қала әкімдігі 57 ірі, 260 орта және 909 ұсақ кәсіпорынмен тап осындай меморандумға қол қойған болатын. Бұларда 13 800 адам жұмыс істейді. Сөз орайында айта кетейін, облысымыз орталығындағы көптеген шағын және орта бизнес өкілдері бүгінде мемлекет қолдауын айқын сезініп отыр. Жаңа ашылған өндіріс ошақтары болсын, қызмет жасап жатқан кәсіпорындар болсын, бизнесті өркендетуге бағытталған түрлі бағдарламалар бойынша жәрдем алуда. Соның нәтижесінде өткен жылы қалада осы салада жаңадан 5 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Бірақ «Алмақтың да салмағы бар». Кәсіпкерлер өздеріне мемлекет тарапынан жасалып келе жатқан осындай қамқорлықты өз дәрежесінде сезініп, өз кезегінде бұған лайықты жауап қайтара алатындай болулары керек. Бір сөзбен айтқанда, жұмыс берушілер де бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін естен шығармай, әлеуметтік тұрақтылықты ту етуі тиіс. Мен олардың басым көпшілігінің қазіргі қысылтаяң кездерде осы деңгейден табылатынына сенемін.



**Сұрақтарға қайтарылған жауаптарды жазып алғандар:**
**Оралхан ДӘУІТ, Темір ҚҰСАЙЫН, Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА, Жолдыбай БАЗАР,**
**«Егемен Қазақстан».**

# Тайқазан – Төр Алтайда

**Шығысқазақстандықтар «Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 ізгі іс» эстафетасын зор қошеметпен қарсы алды. Облыс орталығына кіреберісте қасқайып тұрған Қаракерей Қабанбай батырдың өткен жылы ашылған зәулім ескерткішінің жанында еліміздің Көк байрағы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының және Ассамблея жылының тулары желбіреген автокөлік керуені аталған эстафетаның басты нышаны – «Тайқазанды» төбелеріне көтере енгенде шығыс өңірінің ақ жаулықты әжелері шашу шашып, жергілікті өнерпаздар асқақтата ән шырқап, күмбірлете күй шертіп, айрықша салтанатпен күтіп алысты.**



**Думан АНАШ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Бұдан кейін эстафета мүшелері Өскеменнің орталық алаңындағы Абай ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Облыс орталығында «Тайқазанды» өңір басшылары, этномәдени бірлестіктердің өкілдері мен қала жұртшылығы қарсы алды. «Subaru club ukg» автокөлік тізбегі әрі қарай өздерінің Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған материалдық көмектерін жеткізді. Содан соң «Достық үйінде» баспасөз өкілдерімен кездесіп, мәслихат құрды.

Тайқазан – тоқшылықтың, береке-бірліктің нышаны. Тайқазанның көшірмесі ақпан айының басында еліміздегі татулық пен келісімнің көрінісі ретінде қасиетті Түркістаннан елордаға жеткізілген болатын. Астанадан басталған автокөлік керуені Тайқазанды еліміздің барлық облыстарымен алып өтпек. Осыған дейін бірнеше өңірлерді аралап үлгерген Тайқазанның ішін отандастарымыз түрлі қайырымдылық идеялары мен жоспарлары жазылған жазбаларға толтырады. Бұл бастамалар биылғы Ассамблея жылы аясында жүзеге асырылмақ.

– Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары «Тайқазан» эстафетасын қарсы алды. Ұлтымыз үшін қасиеті бөлек жәдігер алдымен Семей шаһарына жеткізілген болатын. Енді, міне, өскемендік тұрғындар да асыға күткен эстафетамен қауышып, Тайқазанды көру бақытына ие болды. Бұл жәдігер облыс орталығында біраз күн болады. Шығысқазақстандықтар қасиетті жәдігердің өңірімізге келуін жақсылыққа балап отыр, – деді облыстағы Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының жетекшісі Еркімбек Аязбаев.

Ізгі тілектерге толы «Тайқазан» эстафетасы келесі кезекте Алматы қаласына жеткізілетін болады.

***ӨСКЕМЕН.***

**Ұлы Отан соғысы жылдарында жамбылдықтар киелі топырақ, аталы жұртына лайық батыр мінез танытты. Әулиеата жерінен 120 мыңнан астам адам майданға аттанды. 20 жамбылдық жауынгер Кеңес Одағының Батыры, 7 жерлесіміз «Даңқ» орденінің толық иегері атанды.**

# «Жеңіс пойызы» ауылдарды аралайды



**Оралхан ДӘУІТ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Қазақ батырларының бойтұмарындай болған Бауыржан Момышұлы, сұрмерген Ыбрайым Сүлейменов, жаужүрек Ағаділ Суханбаев, панфиловшы Николай Белашов, атақты ұшқыш Анатолий Семенюк, пулеметшілер бөлімшесінің командирі Саттар Естемісов, Сәду Шәкіров, Яков Тюлькин, Нурулла Фазылаевтың ерліктері аңызға айналды. Олардың майдандағы ерлігін тылда еселі еңбекпен жалғастырған жамбылдықтар Жеңіс күнін жақындатуға сүбелі үлес қосты. Енді, міне, Отан үшін жанын пида еткен жауынгерлер рухына бас иіп, тағзым ету, ардагерлерімізді ардақтау – бүгінгі ұрпақтың ең басты парызы.

Осы аптада Тараз қаласының теміржол бекетінен «Жеңіс пойызы» жолға шықты. Құрамында 15 медицина қызметкері, басқа да әлеуметтік қызметкерлер, өнер адамдары, ардагерлер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері бар бұл пойыз Б.Момышұлы ауылы мен Жаңатас қаласына дейін, бір жағы Шу, Шығанақ, Отар стансаларына дейін барып, өңірлердегі соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құрметтеп, хал-жағдайларын біліп, денсаулығына көңіл бөліп, кешенді түрде медициналық көмек көрсетеді. Нақтырақ айтсақ, «Жеңіс пойызы» облыс аумағындағы 38 стансаға тоқтап, теміржол саласында жұмыс істеп жатқан 2449 қызметкердің отбасындағы қарияларға, тыл еңбеккерлеріне де қызмет көрсететін болады. Сондай-ақ, осы сапар барысында ардагерлерге 128 тонна тегін азық-түлік таратылады.

– Біз Жеңіс солдаттары алдында мәңгі қарыздармыз. Аға ұрпақтың ерен еңбегінің арқасында біз бүгінгідей бейбіт күнде, тәуелсіз елде өмір сүрудеміз. Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев соғыс ардагерлерінің қоғамдағы рөліне үлкен мән беріп, оларға мемлекеттік қамқорлық жасауды тұрақты назарда ұстауда. Біздің борышымыз – алапат соғыстағы Жеңістің бізге қалай келгендігін терең ұғыну. Арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету. Ендігі жерде «соғыс» деген ауыр күн алдымыздан шықпасын. Ұрпағымыз бейбіт өмір сүрсін. Ұлы Жеңіс сыйлаған ардагерлеріміз аман-сау болсын!», – деп Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев «Жеңіс пойызына» сәтсапар тіледі.

***Жамбыл облысы.***

● *Әлем және Қазақстан*

# Ауызбірлікке бастайтын форум

## Алматы Ислам мәдениетінің 2015 жылғы астанасы атанды



**Ислам әлемінің айтулы тұлғалары Алматыда тоғысты. Халықаралық мәжіліске 15 мемлекеттен 100-ден аса беделді сарапшылар, саясаткерлер мен ғалымдар келді. Осылайша биыл Алматы Ислам әлемінің астанасы абыройлы міндетін атқаратын болады.**

**Айнаш ЕСАЛИ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Мегаполисте басталған «Алматы – 2015 жылғы Ислам мәдениетінің астанасы» халықаралық конференциясы Білім-ғылым, мәдениет істері жөніндегі ислам ұйымдары (ИСЕСКО) бастамасымен осы аттас Жыл шеңберінде өткізіліп жатыр. Шараға мәдениет және спорт вице-министрі Ғалым Ахмедияров, қала әкімі Ахметжан Есімов, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына кіретін елдердің мәдениет министрлері қатысты.

Мазасыз әлемді ынтымаққа шақыра келген мәртебелі меймандарды Алматы ыстық ықыласпен, шынайы меймандос көңілмен қарсы алды.

Конференцияны Алматы әкімі Ахметжан Есімов Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау сөзімен ашып берді.

«Алматының Ислам мәдениетінің астанасы мәртебесіне 2015 жылы Қазақстанның Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына мүше атануына 20 жыл толуы кезінде ие болуы есте қаларлық оқиға. Осы жылдар арасында Қазақстан ортақ мүдделер тұғырнамасын құра отырып, мұсылман әлемі елдерімен өзара қатынасты нығайтуға белсенді атсалысып келеді. Біздің елдеріміздің арасындағы мәдениеттегі, ғылымдағы, білім берудегі дәстүрлі гуманитарлық байланыстарды белсенді жаңғырту және дамыту ұзақ мерзімді сәтті ынтымақтастықтың берік негізін қалайды.

Ортағасырлық Ислам мәдениеті өзінің гүлденген дәуірінде Орталық Азия мен Жерорта теңізі халықтарының дамуына өлшеусіз үлес қосқанына тарих куә. Қарапайым әрі әр адамға түсінікті рухани және адамгершілік бағдарларға арқа сүйеп, мейірімділік, жанашырлық сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелей отырып, Ислам әлемдік діндер ретінде көптеген халықтар мен мемлекеттердің рухани бірлігін қамтамасыз етті.

Ислам мәдениетінің астаналары халықаралық жобасы – ИЫҰ-ға қатысушы елдердің мәдени алмасу, гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамыту және ынтымақтастықты тереңдету әлеуетінің өзектілігін арттыруға үндейді. Ислам мәдениетінің астанасы құрметті атағы тарихи сабақтастықты айшықтап, Алматы қаласына Ислам мәдениетін дамытуға тың серпіліс береді», – делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Сол сияқты Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев екі күндік мәжілістің күн тәртібі мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысу, тағаттылық, Ислам мәдениетінің бірігуі сияқты өзекті мәселелерді қамтитынына ризашылық білдірген. Елбасы конференцияға қатысушылардың саны мен сапасына сенім артып, олардың жоғары біліктілігі мен талқыланатын тақырыптардың ауқымдылығы қандай да түйткілді мәселелерді терең түсінуге жетелейтінін атаған.

Осыдан кейін Алматы қаласының әкімі А.Есімов осынау алқалы жиынның маңызды екендігін айта отырып, өткен жылы «Алматы – Достастықтың 2014 жылғы мәдени астанасы» атанған кезде де қала тұрғындары мен қонақтары үшін есте қаларлық мәдени оқиғалардың мол болғандығын атады.

– Былтыр алматылықтардың көңілінен шыққан 32 шара өтті. Ал биыл Алматы жаңа мәдени бағдарлама эстафетасын қабылдап отыр, – деді мегаполис басшысы. Сөзінің соңында А.Есімов Алматы тек қаржы орталығы ғана емес, сонымен қатар, түрлі мәдениет тоғысқан орын екендігін әрі мегаполистің діни, ұлттық, этностық толеранттылық үлгісін нақты өмірдің мысалдарымен дәйектеп келе жатқанын жеткізді. Қазіргі кезде қалада 300-ден астам этномәдени бірлестіктер жұмыс істейтіндігін мәлімдеді.

Дін рухани құндылықтарымызды құрайтын болғандықтан, оны мына замана ахуалынан бөліп қарай алмайтынымызға көзіміз жетті. Ақиқатында, дін қазіргі зайырлы қоғамның да ажырамас бөлшегі. Сондықтан, Қазақстанда дінаралық қарым-қатынасты дұрыс жолға қойып отыруға зор мән берілген. Оның ішінде Ислам да басқа діндер



сияқты қоғамның ілгерілеуіне үлкен ықпалы бар. Сондықтан да, Қазақстан кезекті рет аласапыран әлемді ынтымақ пен бейбітшілікке шақырудың үнқатысу алаңына айналғалы отыр. Осы тұрғыдан алғанда, 57 мемлекеттің және оның ішінде 1,5 миллиард мұсылманның басын біріктіретін Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы төрт бірдей құрлықты – Азия мен Африканы, Европа мен Оңтүстік Американы қатар қамтитынын төрткүл дүние біледі.

Шаһар басшысынан кейін сөз алған Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі Ғ.Ахмедияров осының бәрін саралай келіп:

– Қазақстан – өз тарихын тереңнен алатын мемлекет. Биылғы «Алматы – Ислам мәдениетінің астанасы жылы» еліміз үшін өте айтулы жыл – Қазақ хандығының 550 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғаны қуанышты нышан. Өйткені, қазақстандық тарих пен мәдениет, Ислам тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі, – деді.

Вице-министр Ислам әлемінің астанасы ретінде биыл Алматы кездейсоқ таңдалып алынбағанын, оңтүстік астанамыздың шежіресін тарихпен өре отырып, мегаполис қаламызбен қатар аталатын Түркістан мен Тараздың Еуразия кеңістігіндегі танымалдылығын таратып айтып өтті.

Спикер қазақтың кең даласын керуендерімен жалғаған Ұлы Жібек жолына шола қарап, Іле Алатауының сілемдеріндегі уақыттың ізі сайрап жатқанын сөз етіп, бүгінгі таңда бүкіл Ислам әлемінің ордасына айналған қалада 300-ден астам мәдени ошақтар мен 115 тарихи, архитектуралық ескерткіштер мен монументтер бар екендігін атап көрсетті.

Жоғарыда атап өткендей, конференцияда кезегімен сөз алған танымал тұлғалар мен салиқалы саясаткерлердің сөзі үндес шығып отырды. Сөз кезегінде ақын Олжас Сүлейменов:

– Саясаткерлер ХХІ ғасыр басталғанда ислам өркениеті мен батыс өркениетінің қақтығысы болады деген болжам айтқан еді. Сол кезде Қазақстан ЮНЕСКО-ға келер ғасырды мәдениеттерді жақындастыру жылы деп атауды ұсынған болатын. Халықаралық ұйым бір жылды атауды ұйғарды. Бірақ, ол аз көрінді де, мәдени ынтымақтастықты 10 жылға созу туралы шешім қабылданды. Келер ұрпақ мәдениеттердің іргесі неге ажырап кеткенін білуі керек. Қазір гомосапиенс өкілдері сонымен айналысуда, – деді.

Сонымен, екі күнге созылатын халықаралық конференцияда 40-қа тарта спикер, яғни аса беделді халықаралық ұйымдардың көшбасшылары мен ғалымдар кезегімен сөз алып, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы аясында халықаралық интеграциялану үрдісін талқылауда. Ислам әлемі елдеріндегі тарих пен мәдениетті зерттеу салаларындағы қалыптасқан ағымдағы ахуалға сараптама жүргізеді. Қысқаша айтқанда, көпжақты мәдени ынтымақтастықтың келешегі төрт бағыт бойынша Алматы қаласының төрт бұрышында өту үстінде.

Үлкен жиын «Интерконтиненталь» қонақүйінде «Ислам ынтымақтастығын ұйымдастыру – мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың негізі» атты секцияда өтті. «Алматының әлемдік Ислам мәдениетіндегі рөлі мен маңызы» атты ауқымды шара Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер мұражайының экспозиция залына ауысты. Ал «Ислам – төзімділік пен рақымшылдық діні» атты секция Алматыдағы Ұлттық кітапхананы таңдаған. Төртінші «Полиэтностық және поликонфессиялық қоғамда діни-мәдени дәстүрлерді жаңарту мен сақтау» атты секция «Интерконтиненталь» қонақүйіне қайта оралды.

Қалай десек те, Қазақстан өркениеттердің тоғысуында, діндердің өзара түсіністік табуында, барыс-келіс пен алыс-берістің артуында аз шара атқарған жоқ. Оған қоса, сан жүздеген жылдары бар тарихымызды да Исламнан бөліп қарамайтындығымыз аян. Сондықтан да, конференцияның ашылу салтанатында сөз алғандар әлемдік және дәстүрлі діндердің көшбасшыларын қазақ жерінде тоғыстыруға қол жеткізген Нұрсұлтан Назарбаевтың Ислам дініне қатысты: «Ислам діні – бұл біздің халқымыздың рухани тірегінің бірі. Біздер барлық қазақстандықтардың дініне, этномәдени ерекшеліктеріне қарамастан, жалпыұлттық бірлік пен келісімнің тамаша формуласын жасадық», деген сөзін еске ала отырып, Алматыдағы осынау оңды оқиға сол бастамалардың заңды жалғасы екендігін тілге тиек етті.

Қорыта келгенде, алқалы кездесу ИЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге, тәжірибе алмасуға, Алматының мәдени әлеуетін көтеруге және Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын дәріптеуге, Исламның оң бет-бейнесін сақтауға септігін тигізері сөзсіз.

Кеше халықаралық жиынның нәтижесінде қарар және көптеген ұсынымдар қабылданды. Енді олар мүдделі мемлекеттік органдар мен ИЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ғылыми мекемелеріне жіберілетін болады.

***АЛМАТЫ.***

**Суреттерді түсірген**
**Дәурен ИСАЕВ.**

● *Тағзым*

**Ол кісі туралы Отырар ауданы мен Оңтүстік өңірінде ғана емес, бүкіл байтағыңыздың бірталай жерінде жақсы әңгімелер айтатын аға буын өкілдері баршылық. «Ай, айналайын Айтбек-ай!» – десетіндер көп. Айтбек Мұсаев. Ол Отырар ауданындағы бұрынғы Қарақоңыр, қазіргі Шәмші ауылында туып-өскен. Өткен ғасырыңыздың елуінші жылдары ортасынан ауа орта мектепті бітіріп, оқуға аттанған. Түсе алмай, тұнжырап қайтқан. Қарақоңырға. Шәмші ауылына. Бұл жағдай хақында бүкіл Одағыңызға белгілі «Темір» кеңшарының кемел басшысы, даңқты директоры болған, Социалистік Еңбек Ері атанған Шерім Ермановтың «Мәңгі жастық» атты кітабында былай баян етіледі: «Жұрттың балалары оқуға түсуге әрекет жасап жатқанда сенің қайтып келгенің қалай? Олар әлі-ақ бірі дәрігер, бірі мұғалім, бірі инженер болып шыға келеді. Сен болсаң кежеге тамырың кейін, ауылға қарай тартады!» – деп ренжиді анасы Қызжан. «Он жыл оқып, енді қой бақ!» – бағанадан бері тым-тырыс отырған әкенің де сөзі осы болды.**

# Аты аңызға айналған

## Айтбек Мұсаевтың еңбек ерлігі – елге мұра

**Мархабат БАЙҒҰТ.**

– Бақсақ, бағамыз да! Еңбек етіп жүріп те оқып, білім аламын! – деп жас қыранша шаңқ ете қалған Айтбек сол құлшынған қайратынан қайтпады. Қайсарлық танытпақтан танбаған.

Елу алтыншы жылдың жазында шопан таяғын қолға алған Айтбек Мұсаев бірер жылда ерен еңбектің өнегесін өзгеше көрсетіп, кеңшар көрсеткішін жастық жалынымен біраз биіктетіп үлгерген. Айтбекпен бірге Халила, Дәмелі, Тұрсынбай, Тұрарбек сияқты бірталай жастар білек түріп, белсеніп шыққан. Олар тек таяқ алып, қой соңында салпақтаған жоқ. Жаңаша еңбектенді. Бәрі де қойда жүріп-ақ тракторшы, шофер, бонитер және қойды қолдан ұрықтандырушы мамандықтарын тез меңгеріп, жылдам игерді. Қора құрылысы, жемшөпті өңдеу, құнарландыру жұмыстарын да өздері атқаратынға айналды.

Анасы Қызжан мен әкесі Мұса қосарлана қатты ашуланғанда, өзі оқуға түсе алмастан «құлап» қайтқанда айтқан сөздерін бір сәт те естен шығармаған Айтбек Жамбылдағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын сырттай бітіріп алды.

Сол Айтбек Мұсаевыңыздың бастамасымен «Темір» кеңшарында бүкіл республика бойынша алғаш рет комсомол-жастардың ірілендірілген шопандар бригадасы құрылды. 1963 жылы осы ірілендірілген шопандар бригадасы әр жүз саулықтан 150 қозыдан алды. Әрбір қаракөл қойынан 3,4 келіден жүн қырықты. Келесі жылы бұл көрсеткіштер 160 қозыға, 3,6 келіге көтерілген. Мемлекетке өткізілген қаракөл елтірісінің 86 пайызы бірінші сұрыппен қабылданды.

Шопандар бригадасында жастар қалашығы пайда болды. Ырыскүл Шораева қоғамдық негізде кітапхана жұмысын жүргізді. Айтбектің бастамасымен сол кітапханада газет-журналдарға шыққан небір қызықты мақалалар қызу талқыланып, қазақ қаламгерлерінің жаңа әңгімелері мен повестері, романдары туралы парасатты пікірталастар өрбуші еді-ау...

Сол Айтбегіңіздің атақ-даңқы облыс пен республиканы айтпағанда, сол кездегі Сы-Сы-Сырыңызға тарап кетті. Шопандық шеберлігі, майталман маман ретіндегі жаңашылдығы, ізгі ізденістері, тәжірибесі туралы «Оңтүстік Қазақстан», «Социалистік Қазақстан» газеттері ғана емес, Мәскеуден мәністелер басылымдар да жазып жатты. Ал, Алаш жастарының айтулы басылымына, сүйікті газетіне айналған сол кездегі «Лениншіл жаста» Айтбек Мұсаев бас кейіпкер болатын.

Осылайша, Айтбек Мұсаевыңыз жиырма жеті жасында сол замандағы ең жоғары награда, ең бірінші орден – Ленин орденін омырауына таққан.

Осылайша, ол жыл сайын небір-небір наградалар алатын. «Еңбектегі ерлігі үшін» сияқты толып жатқан медальдар. ХШЖК (ВДНХ) алтын, күміс және қола медальдары. Республикалық, одақтық жоғары органдардың Құрмет грамоталары...

Осылайша, отырарлық Айтбек Мұсаевтың аты-жөні Зылиқа Тамшыбаева, Кәмшат Дөненбаева, Жадыра Таспамбетова, Сақан Дәулетқалиев, Серік Талмұрзин, Жансұлтан Демеев, Михил Довжик, Сағат Сәкенова сынды саңлақтармен қатар аталатынға айналған.

Қазақтың рух сардарлары санатында саналатын Өзбекәлі Жәнібеков өзінің «Тағдыр тағылымы» кітабында: «Сіздерді түсінсем бұйырмасын. Енді ғана шиыршық атып келе жатқан гүлді жұлуға бола ма? Бөлімше басқаратындар онсыз да баршылық. Ал ірілендірілген, механикаландырылған комсомол-жастар шопандар бригадасына білікті жетекшіні қайдан алмақсыздар? Айтбек болса комсомолдың Орталық Комитетінің мүшесі. Оны басқа қызметке ауыстырарда бізбен алдын ала келісіп алу керек емес пе?» – деп, Отырардағы «Темір» кеңшарының басшыларына қатты ренжігенін жазады. Мұсаевтың да бригада жетекшілігінен кеткісі келмегені кейін анықталған. «Атақты бригадиріңіз Айтбек Социалистік Еңбек Ері, кеңшар директоры Шерім Ермановтың егделігін, үлкендігін құрмет тұтып қарсылық танытпаған ғой», – дейді зейнеткер Базарбай Момбекұлы.

«Тағдыр айдап, 1988 жылы Торғай облысы тараған соң мен ҚКП Орталық Комитетінің жолдамасымен Шымкент облыстық партия комитетінің қарамағына жіберілдім.



Қызылқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайландым. Кейін ауданның атын халық тілегімен Отырар деп өзгерттік қой, – дейді Мұхамбетқасым Шәкенов. – Шілде айы еді. Ешкімді танымайтын, жаңа ауданға басшы болмақ оңай емес. Әкемнің бала кезімізде: «Аруағыңнан айналайын Арыстанбаб, өзің жар бола гөр» дейтіні жадымда. Шәмші Қалдаяқовтың, Мұхтар Шахановтың, Тәушен Әбуова мен Әселханның, әрине, аты аңызға айналған Айтбек Мұсаевтың аттарын ішімнен айтып, күбірлеймін... Айтбек ағамызбен тез арада таныстым. Ол кісі бас зоотехник екен. Моңғолияның батыры атағын да алыпты... Кейін Айтекең «Темір» кеңшарын басқарды. Өтпелі кезеңнің ауыртпалығын қайран ер қайыспай көтерді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де абзал азамат, абыз аға, қайраткер бола білді. Қазына қарияға айналды. Өкінішке қарай, ортамыздан ойламаған тұста, ертерек кетті...».

Қазекең: «Тексіздіктен, көргенсіздіктен сақтағай»дегенді жиірек айтады. Мұхамбетқасым мырза шерткен сырда шынайылық жатыр. Атақты Айтбек Мұсаев нағыз тектілер тұрпатынан, көргенділер қатарынан-тұғын. Отырардайын тарихи тағылымы құнарлы, құйқалы топырақта туып-өскен. Ең алдымен, еңбек киесін ерте ұғынған еді. Жастайынан-ақ көп оқыған, көп тоқыған тұлға болып қалыптасты. Шәмшідейін ән әулиесінің әуенімен тербеліп, жан-жүрегіне сезімталдық дарытты. Ылғи да жақсылық пен жайсаңдықтың, адалдық пен әділдіктің жағынан табыла білді. Атақтың буына алданбады. Мадақтың дақпыртын малданбады. Жағымпаздықтан аулақ болды.

«Мен «Темір» кеңшарында комсомол комитетінің жетекшісі едім. Өмір жолымда да, еңбек жолымда да Айтекеңе қайран қалып, таңданумен болдым. Алыстағы ауылда, мал шаруашылығында жүріп-ақ Елбасымыздан бастап, Өзбекәлі Жәнібеков сынды басшылармен сыйлас, сырлас болғаны, үлкенмен де, кішімен де тіл табысып, өзін де сыйлата білетін қасиеті қымбат еді», – дейді Сапарбек Мұқанов.

Отырардайын киелі топырақ, «Темір» кеңшары, осы аймағыңыздың адамдары, Айтбек туралы кемеңгер суреткеріңіз Мұхтар Әуезов те жазған. Алып жазушыңыз осы өңірді асықпай аралаған. Айтбектейін сезімталдардың көргенділігін көркейткен көптеген көркем ойлылар Отырарыңызға талай-талай келген. Айтбек Мұсаевтың өзі де талай елдерді, шаһарларды аралаған.

Өмірінің соңғы жылында «Қазығұрт kz» журналында Айтбек ағамыздың «Қазығұрт қыраны» дейтін дүниесін жариялап едік. Бұл ерекшелеу эсселік туынды негізінен Қалаубек Тұрсынқұловқа арналғанымен, Өзбекәлі Жәнібеков туралы да өзгешелеу толғанысқа құрылған. «Рахмет, айналайын. Тез жариялап жіберіпсіңдер», – деген еді Айтекең ақжарылқап күлкісімен ақтарыла күліп.

Әдемі де әдепті һәм әсерлі жазылған екен. Шын жүректен шыққан, шынайы шертілген сыр. «Ойда жоқ жерде Нағима жеңгеймен кездестім. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деген құп рас екен. Өмірлік жары, жазушы һәм қоғам қайраткері Қалаубек Тұрсынқұловтың талай рет үйінде болғанымызда қабақ шытпай, ашық-жарқын қарсы алып, әп-сәтте дастарқанын жайнатып қоятын сырбаз жеңгеміз сымбатын әлі жоғалта қоймапты», – деп басталады әлгі эссе.

Айтбек ағамыз Қалаубек көкемізбен 1961 жылы Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің пленумында танысыпты. Қалекеңмен таныстырған Шымкент облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков екен. «Қайран Өзекең жанып тұрған жалын еді ғой... Ал Қалекең үшінші хатшы екен. Сол күні Қалекең пленум делегаттарын мейманханаға орналастырып, қаланы аралатты. Ертесіне пленум ашылып, Қазақстан ЛКСМ ОК бірінші хатшысы Қосай Егізбаев баяндама жасады... Қызылдың құмында комсомол-жастар бригадасын құрып, екпінді майдан – мал шаруашылығын өркендеткен азаматтардың бірі Айтбек Мұсаев ортамызда отыр деп менің есімімді атады», – деп жазады авторымыз. Сол жиында Өзбекәлі Жәнібеков те Айтбек Мұсаевтың жас шопандар бригадасының озық тәжірибесіне талдау жасап, абыройын асқақтата түсіпті.

Пленум соңынан Өзекең мен Қалекең жас шопандар жетекшісін бірінші хатшыға кіргізіп, таныстырады. Әңгіме еркін өрбиді. Қосай Егізбаев: «Бәрі дұрыс қой, бірақ неге оқымай жүрсің?» – дейді де, Мұсаевтың жауабын күтпестен, дереу Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының ректорына қоңырау шалып: «Бұл азамат сырттай оқитын болсын» деп тапсырма береді. «Сөйтіп, 1965 жылы оқуға түсіп, 1970 жылы жоғары білімді маман болып шықтым. Жай шопандықтан ферма меңгерушілігіне, одан шаруашылық директоры, кейін ауыл әкімі қызметтерін абыроймен атқардым деп ойлаймын», – деп жазады Айтекең. Өзбекәлі Жәнібеков көп ұзамай-ақ Қазақстан комсомолын басқарады. Қалаубек Тұрсынқұлов обкомолдың бірінші хатшылығына сайланады.

«Естен кетпейтін бір сәтім – Өзекең мен Қалекеңнің арқасында мен ЛКСМ съезінде Қазақстан комсомолының туын залға алып келу құрметіне ие болдым. Сонда қасымдағы әріптесім кім еді десеңізші?! Ол – сол кездегі теміртаулық жұмысшы, домнашы, бүгінгі Президентіміз, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев еді. Кейде Нұрекеңді теледидардан көрген кезде екеуміздің алғаш Қазақстан комсомолының туын алып келе жатқан сәтіміз, оның съезд мінберінде саңқылдап сөйлеп тұрған кезі көз алдыма келеді», – деп сыр ақтарады Айтбек ағамыз жоғарыда аталған жазбасында.

Осы мақаласында, дәлірек діттесек, әсерлі эсселік дүниесінде Айтекең Қазығұрт тауы туралы, оның қыраны һәм құнары атанған қаламгер-қайраткер Қалаубек Тұрсынқұлов туралы терең толғанады. Кешегі кеңестік дәуірде Қаратас, Ленин деп аталған ауданға тарихи, қасиетті Қазығұрт атауын қайтаруға да қажырлы қайрат жұмсаған Қалекең екенін ерекшелепті. Бұл тірлік айтуға ғана оңай, әрине. Әйтпесе, ол уақытта кедергілер мен қиындықтар қат-қабат қасарысатын. Қазығұрт тауы, Қазығұрт атауының сыры, басында кеме қалғандығының ақиқаттығы хақында да Тұрсынқұлов тағылымы қымбат екенін Мұсаевыңыз тұлғалық тебіреніспен дәйектеген.

Айтбек Мұсаев туралы сарғайған газеттер мен журналдар қиындыларын, әртүрлі авторлар әдіптеген кітаптарды қарап, оқып отырсаңыз, ең алдымен, Еңбек Адамы деген ұғым бүкіл жан-дүниеңізді баурап алады. Санаңызға сәуле себелей себезгілер. Естелік айтушылардың, очерктер, мақалалар, толғамдар, өлеңдер өрнектеушілердің бәрі Айтбек Мұсаевтың еңбектегі ерлігін, өзінің ауылын, Отырар оазисін, туған өлкесін, Қазақ Елін соншалықты беріле сүйгенін сүйсіне баяндайды.

Айтекеңнің өзі де ауызекі әңгімеге, ашық сырласуға, салиқалы сұхбатқа аса ықыласты-тұғын. Жазуға һәм өзгеше икемділігін кейінірек, кешірек аңғарыппыз. «Қазығұрт қыранындағы» соңғы сөйлемдерін оқып көріңізші:

«Әңгіменің соңында мына бір ұмытылмас жайтты айта кетейін. Алпысыншы жылдары, әлі есімде, бірде Шымкенттегі «Гүлжан» дүкенінің жанында ұлы сазгер, жерлесім Шәмші Қалдаяқовпен кездесіп қалдым. Амансаулықтан соң Шәкең:

– Айтбек, сен менімен бірге жүр. Бұл үйде Қалаубек тұрады, ол мені қонаққа шақырып еді, – деді.

– Менің баруым артық емес пе?

– Жоқ, Қалаубек естіп қалса, ренжиді. Маған өкпелейді, неге ертіп келмедің деп.

Мен үнсіз келістім. Үйдің кірберісінде Қалекең зайыбы Нағима екеуі жылы жүзбен қуана қарсы алды. Мен мұнда бірінші рет келуім. Қабырғадағы сөрелер кітапқа сіресіп тұр. Дастарқан да дайын екен. Қалекең мен Шәкең бір-бірін сағынып қалған екен, әзіл әңгімелер, анекдоттар ағылды. Маған Нағима жеңгеміз аққудың көгілдіріндей болып көрінді. Ас мәзірі де, кісі күтуі де, киім киісі мен жүріс-тұрысы да, сәні де, ер-азаматтың мәні де – бәрі әйелге байланысты екен-ау деген ой түйдім.

Міне, арада жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Нағима жеңгей сырын да, сынын да, сымбатын да жоғалтпай, немере-шөбере сүйіп, әдемі әже атаныпты. Мен соған қуандым».

Айтекең толғанысын толығырақ, ұзағырақ келтіргіміз келді. Себебі, бұл үзіндіні толқымай оқу мүмкін емес. Тағылым да тұнып тұр. Бүгінде ұлы Шәмші де, Қалекең де, Өзекең де, өзге көптеген қимас ағалар да мәңгілік мекендерінде. Күні кешелері аты аңызға айналған Айтбек ағамыз да аттанып кете барды. Нағима жеңгейлер сияқты Мұсаевтар әулетінің ұйытқысы болып жүрген «Алтын алқа» иесі Ділдаш апайға, өнегелі өмірлер жалғасындай өскін өрендерге бақ-береке тілейік.

***Оңтүстік Қазақстан облысы,***
***Отырар ауданы.***

● Дүние және дағдарыс

# ТӨМЕНДЕГЕН ТҰРМЫС, ҚАПТАҒАН МИГРАНТТАР

## Халықаралық көші-қон үдерісі ушығып барады

**«Балапан басына, тұрымтай тұсына», дегендей, жаһанды жайлаған экономикалық тұрақсыздық, дүркін-дүркін әр жерде тұтанған соғыс қимылдары халықаралық миграцияны өте ушықтырып жіберді. Босқындар саны да төмендер емес. Халықаралық миграция жөніндегі ұйымның (ХМҰ) дерегі бойынша, қазір әлемдегі заңды және заңсыз мигранттардың саны 70 миллионға жетіпті. Дүние жүзінде 125 миллион адам өзі туған елінен сырт аймақта өмір сүрсе, сырттан келетін мигранттар саны 1 миллиард адамға жеткен көрінеді.**



Қалыптасқан осындай жағдайға байланысты жақында Еурокомиссия мигранттар жағдайын реттеу және бақылау жөніндегі «Тритон» операциясын 2015 жылдың соңына дейін созуға шешім қабылдады. Еурокомиссияның осы шешімімен бірге мигранттар тасқыны шиеленісіп тұрған Италияға 13 миллион еуро көлемінде қаржы бөлу қарастырылуда. Сонымен бірге, осы операция аясында жүзеге асырылатын шаралар көлемінде Европалық одақ елдерінде көші-қон мәселелері жөнінде ақпарат алмасу шараларын күшейту ойластырылуда. Осы орайда, Еурокомиссия сириялықтарға бөлінген заңды миграция мөлшерін арттыруды жоспарлаған. Еске сала кетсек, Еуропалық одақ бойынша, сириялық босқындарға 35 мың ғана орын бөлу жөнінде шешім қабылданған болатынды. Ал қазір Сирия мемлекетін тастап шыққан босқындар саны 3,5 миллионнан асты.

Сарапшылардың пікірі бойынша, «Тритон» операциясының ауқымы бұрын Италияда қолданылып келген «Маре нострум» ұлттық операциясынан төмен көрінеді. Мәселен, Рим «Маре нострум» операциясына ай сайын 9 миллион еуро қаржы бөлсе, «Тритон» операциясына ай сайын бөлінетін қаржы одан төмен. Сонымен бірге, «Тритон» операциясының қамту аймағы да шектеулі. Италия мемлекеті өзінің «Маре нострум» ұлттық операциясы шеңберінде елдің бүкіл территориялық теңіз аймағына бақылау жасаса, «Тритон» тек 30 миль шеңберіндегі теңіз аймағына бақылау жасайды. Сондай-ақ, «Тритон» операциясы теңізде апатқа ұшырағандарды құтқару ісімен де айналыспайды.

Өткен жылы Еуропаға заңсыз түрде 276 мың мигранттар келген. Оның ішінде, 207 мың адам Еуропалық одақ шекарасынан Жерорта теңізі арқылы өткен. Заңсыз мигранттар қатарының жылдан-жылға өсіп бара жатқандығы Еуропалық одақты ерекше алаңдатуда. Мәселен, 2014 жылы кәрі құрлыққа кірген мигранттар 2013 жылмен салыстырғанда 138 пайызға артқан. Еурокомиссияның мигранттар ісі жөніндегі комиссары Димитрис Аврамопулостың айтуынша, тек 2014 жылдың қыркүйек айында ғана заңсыз мигранттар мінген 12 жүк кемесі ұсталыпты.

Биылғы жылдың алғашқы айында-ақ Италияның теңіз жағалауларына 5 мыңнан астам мигранттар келген. Туған жерін тастап шыққан босқындардың жағдайы адам жанын түршіктіреді. Биылғы жылдың қаңтар айында Италия жағалауында теңізшілер тастап кеткен иесіз кеме табылды. Ал оның трюмін ашқанда, аштықтан және шөлден бұралып жатқан 400 адам табылған. Ал Адриатика теңізіндегі Корфу аралының маңында Молдавияның «Блю Скай Эм» атты жүк кемесінің бортынан адам төзгісіз жағдайда тасымалданып келе жатқан 1 мыңға жуық Ирак және Сирия азаматтары ұсталған. Тек 2014 жылы ғана Жерорта теңізінде 3300 заңсыз мигранттар мерт болыпты.

Заңсыз мигранттар мәселесі Венгрия мемлекетін де ерекше алаңдатып отыр. 2015 жылдың алғашқы айында ғана Венгрия шекарасынан өткен мигранттар саны 2014 жылғы бүкіл мигранттар санынан асып түскен. Венгрия полициясы қаңтар айында ел шекарасына 10 мыңнан астам мигранттар кіргенін айтады. Олардың тек 20 пайызы ғана тіркеуден өткен көрінеді. Егер Италияның теңіз жағалаулары арқылы негізінен Сирия мемлекетінің босқындары келетін болса, Венгрия арқылы Еуропалық одаққа косоволық албандар өтетін көрінеді. Заңсыз мигранттардың көздеген басты мақсаты Еуропалық одақтың Германия, Австрия сияқты бай мемлекеттеріне жету.

Кәрі құрлыққа өткен заңсыз мигранттардың тағы көздеген елі Ұлыбритания болып табылады. Бұл елде әлеуметтік көмек көрсету деңгейі жоғары және медициналық қызмет тегін. Сондықтан, жыл сайын бұл елге келетін босқындар мен заңсыз мигранттардың саны артуда. Бұл елдің премьер-министрі Дэвид Кэмерон аңсыз мигранттар тасқынына тосқауыл қою үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда. Жақында ол Еуропалық одақтан осы елге келетін мигранттар үшін әлеуметтік жеңілдіктерді қысқарту жөніндегі министрлер кабинетінің шешімін жариялады. Осы шешімге байланысты ЕО-дан келетін мигранттар елдегі әлеуметтік жеңілдіктерді (оның ішінде салық жеңілдіктері және муниципалдық пәтер) алу үшін осы елде төрт жыл тұрақты тұруы керек. Лондонның мұндай шараларға баруына заңсыз мигранттардың жылдан-жылға артып бара жатқандығы себеп болып отыр. Тіпті, Ұлыбритания премьер-министрі ЕО-дан келетін мигранттар саны азаймайтын болса, Англияның бұл одақтан шығатынын мәлімдеп отыр.

«Біреуге жан қайғы, біреуге мал қайғы» демекші, өз елдеріндегі соғыс пен қантөгістен қашқан босқындарды қабылдаудан кәрі құрлық та ат тонын ала қашуда.

## Кедейшілікке ұшырағандар саны өсуде

**Еуроаймақтың ең бай мемлекеті болып табылатын Германияда да кедейшілікке ұшырағандар саны өсіп барады. Euronews агенттігінің хабарлауынша, бұл елдегі кедейлердің саны 1990 жылы Еуроодаққа біріккенге дейінгі кезеңнен бері ең жоғары көрсеткішке жетіп отыр.**



Халықтың әл-ауқаты мәселелерін зерттеу жөніндегі ассоциациясының баяндамасы бойынша 2013 жылы Германиядағы кедейлер саны 12,5 миллион адамға жетіп, ел тұрғындарының барлық санының 15,5 пайызын құрады. Ал бұдан бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 12,1 миллион адам болатын. Бремен, Мекленбург – Алдыңғы Померания және Саксония – Анхальт федералдық жерлеріндегі тұрғындардың 20 пайыздан астамы ең төменгі жалақыға күн көреді. Мемлекеттің ең бай жерлері саналатын Бавария және Баден –Вюртемберг сияқты өңірлерде бұл көрсеткіш 11 пайызды құрап отыр.

«Германиядағы кедейшілік бұл экономикалық проблема емес, саяси салақтықтың салдары, – дейді ассоциация жетекшісі Ульрих Шнайдер. – Бізде, әлемдегі ең бай бес елдің бірі ретінде кедейшілікті түбірімен жоюға болатын еді. Елімізде көпшілік тұрғындардың тұрмысы жақсарумен қатар, бірқатарының кедейшілікке ұшырауы орын алуда. Бұл негізінен табысты бөлудегі теңсіздік проблемаларынан туындап отыр». Сараптама көрсетіп отырғанындай, кедейшілікке ұшырайтындардың басым көпшілігін зейнеткерлер, жалғызбасты аналар, арнайы білім жоқ адамдар, сонымен бірге, ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркелгендер құрайды. Жұмыссыздардың 40 пайыздан астамы әлеуметтік жәрдемақы алады. Соған қарамастан, олар кедейшілік жағдайда өмір сүруде. 3 миллионнан астам адамның жалақысы елдегі ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Сондықтан олар азық-түлікті барынша үнемдеуге мәжбүр болуда. Германияда айына 892 еуродан аз табыс табатындар кедейшілікке ұшырағандар болып есептелінеді. Екі баласы бар отбасы үшін ең төменгі табыс 1873 еуро болуы керек.



## Жолы болмаған жоба

**АҚШ-тың беделін асқақтатқан «тақтатас төңкерісінің» аяғы ақиқаттан аңызға айнала бастаған сияқты. Американдық Шеврон компаниясы Румыниядағы тақтатас газын зерттеу және игеру жөніндегі жобасын тоқтатты.**

Румынияның Agerpres мемлекеттік ақпараттық агенттігінің хабарлауынша, соңғы жылдары елде қарқынды жұмыстар жүргізіп жатқан Шеврон компаниясы өз қызметін тоқтататын болды. Агенттіктің дерегі бойынша, американдық компания Румыниядағы тақтатас газын игеру жөніндегі жұмысын Польша, Литва және Украина елдеріндегі осындай жобаларын тоқтатқаннан кейін аяқтап отыр. Басылым атап көрсеткендей, «Румыния тақтатас газын зерттеу және игеру жобасын осы уақытқа дейін жүргізіп келген ең соңғы еуропалық ел болып отыр». Компания Румыниядағы жұмысын тоқтатуға бұл жобаның бәсекеге қабілетсіздігі себеп болғандығын алға тартады.

Өткен жылы қарашада Румынияның премьер-министрі Виктор Понта «Біздің елімізде тақтатас газы табылмады, біз оны іздеудің барлық жолын қарастырдық» деген болатын. Ол бұл пікірін неменеге сүйеніп жариялап отырғандығын ашып айтпады. Американдық компанияның Румынияда тақтатас газын игеретіндігі жөніндегі науқан дақпыртқа айналды. Қазіргі таңда Румыния табиғи газға деген сұранысын толық қамтамасыз ете алмайды. Соңғы жылдары Румыния өз сұранысының 22 пайыздан 42 пайызға дейінгі көлемін Ресейден келетін табиғи газ арқылы жауып отыр.

**Дайындаған**
**Жылқыбай ЖАҒЫПАРҰЛЫ,**
**«Егемен Қазақстан».**

# ШАРАЙНА

Әлем жаңалықтары

### Еуропа раввиндерінде үрей бар

**Еврейлерге бірнеше рет шабуыл жасалғаннан кейін, Еуропа раввиндері болып қалуы ықтимал жаңа шабуылдарға дайындалу қажет деп шешті.**

Осыған байланысты олар Прага қаласындағы кездесулері кезінде өзін-өзі қорғаудың және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетудің әдіс-тәсілдерін үйренді. Тренингке 100-ге жуық раввин келіпті. Олар суық қарудан қалай қорғанудың, оны денеге дарытпаудың әдісін меңгерген. «Ассошейтед пресс» агенттігінің хабарлауынша, тренингке қатысушылардың барлығы бұл «жаттығуға» байсалдылықпен қараған. Мұндай тренингтерді енді Еуропаның өзге де елдерінде ұйымдастырмақ. Осы жылдың ақпанында Копенгагенде синагоганың еврей күзетшісі атып өлтірілген еді.

### Жігіті ұнамағаны үшін қызын «жазалады»



**Ата-анасына қызының жігіті ұнамағандықтан, олар қызын алты жыл бойы қорада қамап ұстапты. Жағдай Қытайдың Хубей провинциясындағы Жинганг селосында болған.**

Антисанитарлық жағдайда ұсталған қыздың фотосуретін интернетке жергілікті тұрғын Чоу Джен деген орналастырыпты. Оның айтуына қарағанда, ата-анасы Чжан Циді бірнеше рет ұнатқан жігітімен қашып кетуге әрекет жасағаннан соң, 2009 жылы қораға қамап тастаған. Ал бойжеткеннің ата-анасы жүйкесі ауыратындықтан, қызының қауіпсіздігі үшін қамап ұстағандарын алға тартқан. Чоу Дженнің мәлім етуінше, қазір полиция осы оқиғаны тексеруді қолға алған. Бұдан жергілікті тұрғындар мен полиция бұрыннан хабардар болса керек. Оның осынша уақыт жария етілмеуі қыз ата-анасының ықпалды адамдар болғанына байланысты сияқты.

### Үш адамды мерт еткен дүкендегі атыс

**Оңтүстік Кореяның Седжон қаласындағы дүкенде бір адам оқ жаудырған және өрт қойған. Соның салдарынан үш адам қаза тапты.**

«Ассошейтед пресс» ақпарат агенттігінің хабарлауынша, біраз уақыт өткен соң, оқ атқан адамның өлі денесі табылған. Ол өзін-өзі өлтірген деген болжам жасалып отыр. Құрбан болғандар бір-біріне туыс болса керек. «Ренхап» агенттігінің келтірген мәліметтеріне қарағанда, күдікті қылмысын жасыру үшін дүкенді әдейі өртеп кеткен. Полиция күдікті бұрын оққа ұшқандардың бірінің қарындасымен жақын қарым-қатынаста болғанын айтады.

### Қысқа қайырып айтқанда:

***• Чад елінің әскерилері Нигерияның Гарамбу қаласының маңында «Боко харам» терроршыл тобының 207 содырының көзін жойды. Сонымен бірге, үлкен көлемде қару-жарақ пен оқ-дәріні қолға түсірді.***

*• Оқу-жаттығу кезінде Түркияның екі әскери ұшағы соқтығысып қалып, төрт ұшқыш қаза тапты. Қайғылы оқиғаға ауа райының қолайсыздығы себеп болған сияқты.*

***• АҚШ президенті Барак Обама Канададан тартылатын құбыр құрылысы туралы заң жобасына вето қойды. Бұл заң жобасына 270 депутат жақтап, 152 депутат қарсы дауыс берген еді.***

*• Әзербайжан парламентінің депутаттары Ресейге КСРО-ның құқықтық мұрагері ретінде Баку қаласына батыр қала атағын беруді ұсынды.*

### Содырлар адам ұрлағанды үдетіп барады



**«Ислам мемлекеті» тобының содырлары Сирияның солтүстік-шығысында орналасқан христиандар тұратын елді мекендерден 90-ға жуық адамды ұрлап кеткен.**

Ақпарат құралдарының хабарлауынша, христиандар елдің осы аумағында бірнеше ғасырдан бері тұрып келеді. Олардың саны Сириядағы азаматтық соғыс салдарынан біршама азайған. Ақпан айының орта шенінде «Ислам мемлекетінің» содырлары мысырлық 21 христианды өлім жазасына кескен бейнеролик таратқан болатын. Осының алдында содырлар Ирактың Мосул қаласында 16 адамды өртеп жіберген еді.

### Найзағай отының құрбаны болды

**Танзания еліндегі бір мектепке жай түсіп, бір мұғалім мен төрт оқушыны мерт етті. Бұл кезде сыныпта 22 оқушы болған екен.**

Қайғылы жағдай елдің шығысындағы Ньякасан елді мекенінде орын алған. Жергілікті басылымдардың жазуына қарағанда, оқушылар мен оқытушы найзағайдан қорғанудың барлық амалдарын жасаған көрінеді. «Жай оты бір сыныпқа ғана түсті. Бес адам найзағайдың құрбаны болды және 17 бала жарақат алды», – деп мәлімдеді жергілікті әкімшілік өкілі Кигома Уильям Литухи. Айта кетейік, 2013 жылы қаңтарда осы елдің аумағында Ирландияның альпинисі Иэн Маккивер Килиманджаро шыңына өрмелеп бара жатқан кезде жай түсіп, қаза тапқан еді.

### Иіс сезгіштігі иттерден де күштірек



**Оңтүстік Африкада Йоханнесбург қаласының маңындағы фермалардың бірінде пілдерді мина іздеуге үйрету қолға алынған. «Оқу курсын» АҚШ-тың әскери-зерттеу ұйымдарының қатысуымен оңтүстікафрикалық компания ұйымдастырған.**

Компания маманы Шон Хенсменнің айтуынша, Африка пілдерінің иіс сезу қабілеті иттерден де күштірек. Олар жер астына жасырылған минаны алыстан таба білуге қабілетті. Сынақтан өткізушілер қазірдің өзінде біршама ілгерілеушілікке қол жеткізген сияқты. Бұған мысал ретінде олар 17 жастағы Чишуру атты піл қатар қойылған шелектерді иіскеген кезінде, тротил салынғандарын сезіп тоқтай қалып, алдыңғы аяқтарының бірін көтергенін келтіреді. Минадан тазарту шараларына пілдерді пайдалану идеясын алғаш рет анголалықтар қолға алыпты.

**Интернет материалдары негізінде әзірленді.**

*Өнеге өрнектері*

**Мен бұл мақаламда Ахмет Байтұрсынұлынан кейінгі қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдарының бірі – әкем – Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың тағдыры мен тағылымы туралы қысқаша баяндау мақсатында қолыма қалам алып отырмын. Қазақ кеңес тіл білімінің пайда болуы мен қалыптасуын сөз ете отырып, біз отандық ғылымның дамуына жанын салған жандарды үлкен құрметпен еске аламыз. Осындай жандардың бірі 20-шы және 30-шы жылдары қазақ филологиясы бойынша жемісті еңбек еткен қазақ кеңес лингвистикасының негізін қалаушылардың бірі саналатын профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов екендігін мақтанышпен айта аламын.**

# Тіл ғылымының тұңғыш профессоры

**Асқар ЖҰБАНОВ,**
**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор.**

Әкемнің қазақ филологиясы ғылымының тарихында «профессор» атағын алған алғашқы ғалым болғанын зиялы қауым жақсы біледі. Оның әділетсіздік пен қатал тағдырдың құрбаны болғаны да баршаға мәлім.

Қ.Жұбановтың бастапқы кезде алған білімі оның тілші-ғалым болып қалыптасуына негіз болғанын айта кетуіміз керек. Өйткені, ол осы жылдары араб және парсы, сондай-ақ орыс тілі сияқты құрылымы өзге тілдерді меңгереді. Он сегіз жасында-ақ Қ.Жұбанов түркі, араб және парсы тілдерінде сөйлеу, сондай-ақ жазба тілдерін меңгеріп шығады. Бала кезінен әдебиетке қызығып, кейбір шығыс тілдерін білгендіктен, көптеген араб-парсы әдебиетін, атап айтқанда, Фирдоусидің «Шахнамасы», Сағдидің «Гүлістанын», Низамидің «Ләйлі мен Мәжнүнін», т.б. классикалық туындылардың түпнұсқасын оқиды. Ақтөбеде қызмет істеп жүргенде Қ.Жұбановты Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылорда қаласына шақырады. Онда ол Халық ағарту комиссариатындағы (Наркомпрос) инспекторлық жұмысқа тұрады. 1929 жылы қаңтар айында ғалымды Ленинградтағы Шығыстың тірі тілдері институтына түркология ілімі бойынша аспирантураға жібереді. Бір жылдан кейін КСРО Ғылым академиясының Яфетидология институтының аспирантурасына ауысады. Ол өз бетінше жалпы тіл білімі және түркітану саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Жаңа латын әліпбиіне өтуге арналған іс-шараларға белсене араласады, 1929 жылы маусым айында қазақ орфографиясының негізгі қағидаттарын әзірлеу мәселесіне қатысты Қызылорда қаласында шақырылған ғылыми-орфографиялық конференцияда сөз сөйлейді. 1930 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстанның Бірінші өңіртану құрылтайында арнайы баяндама жасайды. Бұл баяндамасы оның бірнеше түркі тілін салыстыра зерттеген тиянақты ғылыми ізденістерінің нәтижесі ретінде көрінді.

Құдайберген Жұбанов түркі және басқа тілдердің білгірі ғана емес, қабілеті ерекше публицист те болған. «Күй» атты тамаша туындысы тақырыбының сонылығымен және деректік материалдардың молдығымен ерекшеленеді. Осы жұмысты филологтарға ғана емес, Абдул-Хадир Мураги, Рауф Екта, әл-Фараби, Беляев, Успенский, профессорлар Фитрат, Оганезашвили, т.б. авторлардың музыкатану бағытындағы жекелеген еңбектерін мысалға келтіре отырып, түркі тілдерінің тарихи-лингвистикалық деректерін жүйелеу мен талдау арқылы халық музыкасы жанрларының пайда болу ретін нақтылап, қазақ музыкатанушылары мен өнер тарихшыларына тыңнан жол сілтеді.

Көрнекті ғалым қазақ жазба әдебиетінің классигі Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуына орай ақынның тілі туралы жазылған мақаласы оның еңбектерінің ішіндегі танымдық мәні жағынан қызықты да мазмұнды шығармаларының бірі болып табылады. Бұл мақала қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған аса құнды үлес десек, артық айтқандық болмас. Абай өлеңдері құрылысының төлтумалығын, оның халық тілін қолданудағы жаңашылдығы мен шеберлігін алғашқылардың бірі болып дәлелдеді. Жалпы, әлем мәдениетінің, оның ішінде классикалық Шығыс мәдениеті қазынасының тамаша білгірі ретінде профессор осы мақалада Абай Құнанбайұлының қазақ халқы мәдениетінің тарихындағы орны мен мәнін дұрыс анықтау үшін ұлт руханиятына тереңдеп барады.

Құдайберген Қуанұлы көрнекті түркітанушы, іргелі зерттеуші ретінде өзінің лайықты бағасын алған тұлға. Ол Ленинград Шығыс содан кейін Яфетидология институтының (кейіннен КСРО ҒА Тіл білімі институты) аспиранты бола жүріп, зерделі зерттеуші, кең ауқымды тілші-ғалым ретінде танылды. Дарыны мен қабілеті өзі бірнеше жыл қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып қызмет еткен Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында сабақ берген жылдары ерекше айқын көрінеді. Ол көне түркі жазулары тілін мүлтіксіз меңгеріп, тыңдаушыларды руна (Орхон-Енисей) жазулары мәселелері, оларды лексика-грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктері туралы білім нәрімен сусындатты. Өзінің педагогикалық қызметін қазақ және басқа да түркі тілдерінің ғылыми мәселелерімен шебер ұштастыра білді. Ғалымның қаламынан туған ғылыми еңбектер қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Көмекші және күрделі етістіктерге арналған жұмысы авторды ана тілінің лексика-грамматикалық жаратылысының білгірі ретінде тануға мүмкіндік береді. Аталған еңбегі тіл тарихшыларын сөйлем мүшелері мәселелерін зерттеумен ғана емес, бірнеше түркі тілдерінің грамматикалық және лексикалық формаларының этимологиясын анықтаумен қызықтырды. Бұл еңбек түркі тілдері деректерін зерттеуде салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудың тиімділігін көрсетті.

Тілші ғалымның қаламынан туған қазақ орта мектептерінің 5-6-сыныптарына арналған алғашқы оқулықтардың бірі саналатын «Қазақ тілінің грамматикасын» (1936 жыл) ерекше атап өтуіміз керек. Аталмыш оқулықта автор қазақ тілінің сөз құрамының негізгі мәселелері мен фонетикалық құбылыстарын бір жүйеге салып берді. Бұл грамматика орта мектептерге арналған қазақ тілі оқулықтарын жазуда үлгі саналады.

Ғалым қазақ фонемаларының сандық және сапалық құрамы туралы да жүйелі ізденістер жасаған. Ол өз зерттеулерінде «буындардың кірігуі мен алмасуы (слияние и смещение слогов), екпін, әсіресе, үндестік заңдары сияқты көптеген фонетикалық құбылыстар сөз бөліктерінің өзара мықты байланысуына қызмет етеді», деген ғылыми тұжырымын ұсынған. Ғалым әліпби, орфография және қолданбалы тіл білімінің басқа да салаларына арналған кейінгі еңбектерін қазақ фонологиясының ережелеріне негіздегені және бар.

Қ.Жұбанов 1936 жылы «Қазақ тілінің грамматикасымен» қатар орта мектептердің 5-7-сыныптарына арналған қазақ тілі бағдарламасын дайындады. Бұл бағдарлама



қазақ тілінің ғылыми зерттеу пәніне айналғандығын дәйектейтін алғашқы зерделі зерттеулердің бірі болып табылады. Онда ғалым құрмалас сөйлем синтаксисіне қатысты көзқарастарын айқын көрсеткен. Алда айтқан бағдарлама оқытушы жұртшылығынан жоғары баға алған екен. Белгілі кеңес түркітанушысы С.Малов та жоғары бағалаған. Бұған оқымыстының «проект профессора Х.Жубанова чрезвычайно научный, принципиально выдержанный», – деп атап өтуі мысал болады.

Қазақ тілі мен мектептері тарихында лайықты орыны бар ғалым жеке басқа табынушылық кезеңінде сынға ұшырайды. «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығын әділетсіз қаралап, грамматикалық ережелерден «зиянкестік» пиғыл іздеген мақалалар пайда болды.

Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі өз кезінде қазақ зиялы қауымының, әсіресе, білім беру-ағарту саласы қызметкерлерінің арасында танымал болды. Оны академиктер И.И.Мещанинов, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, С.Е. Малов, К.К.Юдахин, А.К.Боровков және басқалар тамаша лингвист-ғалым ретінде танып, еңбектерін жоғары бағалағанын жоғарыда да айттық. Ғылыми-педагогикалық қызметімен қатар Қ.Қ.Жұбанов қоғамдық өмірге де белсене араласып отырған. Фирдоуси, Абай сияқты ұлы тұлғаларға арналған ғылыми конференциялар ұйымдастыруда бастама көтеріп, алқалы жиында мазмұнды баяндамалар жасаған. 1935 жылы ол Қазақстандағы мәдениет қызметкерлері құрылтайы ұйымдастыру комитетінің төрағасы болған. Содан кейін XVI Бүкілресейлік кеңестер құрылтайына Қазақстан атынан делегат етіп сайланған.

Бұл жылдары қазақ арасынан шыққан кәсіби тілші ғалымдар өте аз болғаны белгілі. Олардың барлығы дерлік (өз қызметтерін енді ғана бастап келе жатқан ең жас зерттеушілерді қоспағанда) репрессия құрбанына айналды. Соның салдарынан қазақ тіл білімін қайта жандандыру кезеңінде кәсіби тілші ғалымдардан ешкім қалмаған еді. Сталиндік жазалаушы мәшине аяушылық білдірген жоқ, әрі мүлтіксіз жұмыс істеді. Шығармашылық күші мен қуаты толысқан, дарыны пісіп жетілген ғалым, зерттеуші, 38 жастағы әкем – профессор Құдайберген Жұбанов та «ұлтшыл» ретінде айыпталды. 1936 жылы жарық көрген қазақ орта мектептеріне арналған төлтума грамматика осы айыптауға негіз болды. Оның оқулығында 1937 жылдың басында кенеттен «халық жауы» атанған С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров сынды ақын-жазушылардың шығармаларынан мысалдар келтірілген болатын. Қазақ тілінің орфографиялық нормасын қалыптастыру мәселесінде Қ.Жұбанов Ахмет Байтұрсынұлы принциптерін қолдады. Осы және басқа да жағдайлар Құдайберген Қуанұлын «ұлтшыл-фашист» ретінде айыптауға «айғақ» болды.

Ғалымның темір тордың ар жағындағы өмірінің соңғы күндеріне қатысты кейбір деректерде Қ.Жұбановтың табандылығы мен алған бетінен қайтпайтындығы айқын көрінеді. Оны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) мұрағатында сақтаулы «РСФСР ҚК 58-бабының 2, 8, 9 және 11-тармақтарына сәйкес айыптау бойынша №11020 істе» келтірілген мәліметтерден аңғаруға болады. Онда «1937 ж. 19 қарашада басталған» және «1937 ж. 23 желтоқсанда аяқталды» деп көрсетілген «№9555387 мұрағаттық-тергеу ісі» бар. Онда әкемнің ұлты үшін ешнәрседен тайынбайтынын, ақиқат жолына басын тігетіні тайға таңба басқандай дәл айтылған. Бәрін бір мақаланың аясына сыйғызу мүмкін емес деп білемін.

Ғалым қаза болғаннан кейін Қ.Қ.Жұбановтың отбасында зайыбы Раушан мен оның алты баласы (үлкені бар-жоғы 12 жаста, ең кішісі – мен 3 айлық шақалақ екенмін) қалды. Шүкір, бәріміз де кейіннен жоғары білім алдық, ал өзім филология саласында әкемнің ісін жалғастырып, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақ тілінің жаңа салалары – математикалық, компьютерлік және корпустық лингвистикалар бойынша кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғадым. Қазір қазақ тілінің қолданбалы саласы бойынша бөлім меңгерушісі және зерттеу тақырыптарының ғылыми жетекшісі ретінде қызмет атқарып келемін. Осы саланың профессорымын.

Қазақ лингвистикасының негізін салушылардың бірі, көрнекті түркітанушы-ғалым, әкем – Құдайберген Жұбановтың есімі 1957 жылға дейін қазақ халқының жадынан өшіріліп тасталған еді. Ұшқыр ойлы, гуманитарлық пәндер саласында шынайы энциклопедиялық білімді біртуар оқымыстыдан мезгілсіз айырылу 30-жылдары әлі қалыптасып үлгермеген қазақ тіл ғылымының даму үдерісіне айтарлықтай әсер етті. Қазіргі кезде Жұбанов үрдісі ғылымда жалғасын табуда. Әкемнің ғылыми еңбектері 3-ші рет қайта басылып, жарыққа шығып жатыр. Республикамыздың ірі ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарында 115 жылдық мерейтойы өткен жылы аталып, қазақ филология ғылымдарының тарихында алғаш профессор атағы берілген ғалымға арналған ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді. Ақтөбе қаласындағы мемлекеттік университетке Құдайберген Жұбанов есімі беріліп, ескерткіш орнатылды. Білім ордасының алдындағы даңғыл ағайынды профессорлар Құдайберген мен інісі академик Ахметтің – «Ағайынды Жұбановтар» атымен аталды.

Таяуда Алматыда Қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін салушы, тұңғыш профессор, ағартушы-ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың туғанына 115 жыл толуына байланысты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты «Профессор Қ.Қ.Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді деп жоспарлап отыр. Онда қазақ тіл білімінің негізгі проблемалары мен лингвистикалық зерттеулер, оның нәтижелерін қолданысқа енгізу, бұған қоса Құдайберген Қуанұлының еңбектері сөз болады.

***АЛМАТЫ.***

## Назар аударыңыз, фотобайқау!

**Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі «Тарихи фотосуреттер» республикалық фотобайқауын жариялайды. Байқау Қазақ хандығының 550 жылдығына, Жеңістің 70 жылдығына, ҚР Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналып отыр.**

Байқаудың мақсаты – қазақ тарихының аса маңызды оқиғаларына қоғам назарын аудару, осы арқылы жас ұрпақтың туған елінің болашағы мен төл тарихына деген құрметін арттыру.

Фотобайқау 2015 жылғы 18 ақпаннан 30 қазанға дейін жүргізіледі, ал жеңімпаздарды марапаттау 2015 жылғы 20 қарашада өтеді. Байқау жүлдесі – 1-орын 200 мың теңге (оған қоса, 1-орын иегерінің фотоларынан Ұлттық музейде жеке фотокөрмесі ұйымдастырылады), 2-орын 200 мың теңге, 3-орын 100 мың теңге. Байқау қорытындысына сәйкес Ұлттық музейде тарихымыздағы атаулы даталардың фотоқұжаттар мұрағаты жасалатын болады.

ҚР Ұлттық музейінің ұйымдастыруымен өтетін
***«Тарихи фотосуреттер»*** республикалық фотобайқауының
**ЕРЕЖЕСІ**

**Байқаудың тақырыбы:**
Қазақ хандығының 550 жылдығы;
Жеңістің 70 жылдығы;
ҚР Конституциясының 20 жылдығы;
Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы.

**Байқаудың шарттары:**

1. Байқауға кәсіби және әуесқой фотографтар қатыса алады, жасына шектеу қойылмайды.
2. jpg (jpeg) форматындағы түпнұсқа фотосуреттер қабылданады. Көлемі 300*1200-ден кем болмауы керек.
3. Байқауға ақ-қара түсті суреттер де қабылданады.
4. Фотоколлаж, арнайы эффектілермен өңделген фотосуреттер қабылданбайды.
5. Байқауға сапасыз, талапқа сай келмейтін фотосуреттер қатыстырылмайды.
6. Байқауға қатысушы әрбір тақырып бойынша 3 фотосуреттен, барлығы 12 фотосурет жолдауы тиіс.
7. Фотосуреттер қатысушы жайлы толық ақпаратпен (аты-жөні, тұрғылықты жері, жұмыс орны, байланыс телефондары, фотосуреттің тақырыптық атауы, қайда, қашан түсірілгені туралы т.б) қоса электронды поштамызға жіберілуі тиіс.
8. Байқауға фотосуреттер жіберу арқылы қатысушы байқау ережесінде көрсетілген барлық талаптармен келісетіндігін растайды. Яғни, байқауға қатысушы өзі жайлы ақпараттардың және оның фотосуреттерінің жариялануына қарсы еместігін мақұлдайды. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын толықтай сақтайтынына кепілдік береді. Авторлық құқық мәселесіне байқауға қатысушы тарап жауапты.
8. Суреттер арнайы мамандардан жасақталған қазылар алқасымен іріктеліп алынады.

**Байқауға қатысатын фотосуреттерді іріктеу шарттары:**
Байқау ережесінде көрсетілген барлық тақырыптардың қамтылуы;
Көркемдік шешімнің сонылығы, байқау тақырыптарын ерекше жеткізу;
Фотосуреттің сапалылығы: бейненің анықтығы, дәлдігі;
Фотосуреттерді әзірлеудегі кәсіби көркемдік талғам.

**Байқау жүлдесі:**
1-орын 200 мың теңге (оған қоса, 1-орын иегерінің фотоларынан Ұлттық музейде жеке фотокөрмесі ұйымдастырылады).
2-орын 200 мың теңге.
3-орын 100 мың теңге.

**Байқаудың мерзімі**
*Байқау III кезеңнен тұрады:*
I-кезең. Фотосуреттерді байқауға қатысушылардан қабылдау – 2015 жылғы 16 ақпаннан 30 қазанға дейін.
II-кезең. Фотосуреттерді іріктеу, бағалау – 2015 жылғы 10 қарашаға дейін.
III-кезең. Фотобайқау жеңімпаздарын марапаттау – 2015 жылғы 20 қарашада өтеді.

**Ұйымдастыру комитеті және байқаудың қазылар алқасы**

1. Байқаудың ұйымдастыру жұмыстарын Байқаудың қазылар алқасының қызметін атқаратын Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің құрамын Ұлттық музей директоры бекітеді.
2. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдарға талдау жасап, бағалап, ең үздік материалдарды анықтайды және фотобайқаудың жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады.
3. Қазылар алқасы тарихшы-ғалымдар, белгілі кәсіби фотографтардан жасақталады.
4. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмысын фотобайқаудың барлық тақырыбы бойынша бағалайды.
5. Қазылар алқасының әрбір мүшесі қарастырылған жұмыстар бойынша хаттама толтырады.
6. Ұйымдастыру комитеті қосымша номинацияларды, арнайы жүлделерді, ынталандыру дипломдарын жариялай алады.

**Байланыс**
Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 54-үй,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің
Ақпараттық-имидждік орталығы.
**Email:** ulttyqmuzei@mail.ru
Тел: 8(7172) 91-90-35 (ішкі 344).

## Ляньюньган – Алматы тұрақты пойызы жолға шықты

**Кеше «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-тың президенті Асқар Мамин бастаған делегация Ляньюньган – Алматы тұрақты контейнерлік пойызын шығарып салу рәсіміне қатысты. Шығарып салу салтанатына Цзянсу провинциясының вице-губернаторы Ши Хэпин, Ляньюньган қалалық партия комитетінің хатшысы Ян Синши мен басқа да ресми адамдар қатысты.**

Ляньюньган қаласындағы порттағы Қазақстан – Қытай бірлескен терминалы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамашылығымен ашылған. Көліктік-логистикалық терминал Қазақстанның теміржол көлігі арқылы транзиттік әлеуеті мен экспорттық-импорттық жағдайын дамытуға бағытталған. Ол Оңтүстік – Шығыс Азия мен Азия – Тынық мұхит аймағы елдеріне шығатын қысқа бағдарлар мен Орталық Азия елдерін, Парсы шығанағы, Ресей, Кавказ аймағы және Еуропамен жалғайды. Аталған жоба Президент Н. Назарбаевтың «Нұрлы Жол» қазақстандық саясаты мен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин қолдаған Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеуін дамытуға ықпал етеді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ делегациясы Цзянцу провинциясы мен Ляньюньган қаласы басшылығымен жұмыс кездесуі барысында тараптар Қазақстан – Қытай бірлескен терминалын дамыту динамикасының жоғары екендігін ерекше атап өтті. 2014 жылы 19 мамырда жұмысын бастаған терминалдан 65 мың контейнер өңдеуден өткізілді. Биылғы жылы 250 мың ДФЭ контейнерін өңдеуден өткізу жоспарланып отыр.

Цзянсу провинциясында 74 миллион адам тұрады. Дамыған аймақтың ІЖӨ-сі 100 млрд. АҚШ долларынан асады. Ал Ляньюньган теңіз порты жылына 210 миллион тонна жүк өткізетін әлемнің 20 ірі порты қатарына жатады.

**«Егемен-ақпарат».**

**«Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ бос орын лауазымына конкурс жариялайды**

**«Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ жанындағы «Көкше Жәрдем» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры.**

Кәсіпорынның мекенжайы: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуезов көшесі, 213 б.

Кәсіпорынның негізгі қызметі: елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру, санитарияны қамтамасыз ету, коммуналдық және тұрғын үй шаруашылық саласындағы шаруашылық қызметтерді және басқа да жергілікті инфрақұрылымдарды қамтамасыз ету жүйелерін іске асыру.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: жоғары кәсіби білім; кәсіпорын бейініне сәйкес мамандығы бойынша басшы лауазымдағы еңбек өтілі ең кемі бес жыл.

Конкурс Қазақстан Республикасы Үкіметі 2003 жылғы 10 шілдедегі № 685 қаулысымен бекіткен мемлекеттік кәсіпорын басшыларын аттестаттау және тағайындау Ережелеріне сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға тілек білдіргендер конкурстық комиссияға конкурсқа қатысатыны жөнінде өтінішті; мемлекеттік және орыс тіліндегі түйіндемені; еркін түрде жазылған өмірбаянды, белгіленген тәртіпте куәландырылған білімі жөнінде құжаттардың көшірмесін; белгіленген тәртіпте куәландырылған еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының көшірмесін, не болмаса соңғы жұмыс орнынан қабылданған және босатылғандығы жөнінде бұйрықтың үзіндісін; денсаулығы жөніндегі анықтаманы тапсырады.

Конкурсқа қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат ұсына алады.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға ұсынылған құжаттарды зерделегеннен кейін Көкшетау қаласы әкімінің аппаратында конкурсқа қатысушылармен әңгіме өткізеді.

Әңгімелесу кезінде комиссия Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексін (Жалпы және Ерекше бөлімі), Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Мемлекеттік кәсіпорын туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңдарын, аталған кәсіпорын қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін білуі тексеріледі.

Конкурсқа қатысушылардан құжаттар қабылдау «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен басталады және 30 күнтізбелік күннен соң аяқталады.

**Қажетті құжаттар мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 139 а, 205-бөлме. Тел. 25-60-24.**

**ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Кокшетау» объявляет конкурс на занятие вакантной должности**

**Директора Государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Көкше Жәрдем» при отделе жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Кокшетау».**

Адрес предприятия: 020000, Республика Казахстан, Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауезова, 213 б.

Основная деятельность предприятия: обеспечение санитарии, благоустройства и озеленения населенных пунктов, осуществление хозяйственной деятельности в области коммунального хозяйства и жилого хозяйства и других систем обеспечения местной инфраструктуры.

Требования к участникам конкурса: высшее профессиональное образование; стаж работы по специальности на руководящих должностях в соответствующей профилю предприятия отрасли не менее пяти лет.

Конкурс проводится в соответствии с Правилами назначения и аттестации руководителей государственных предприятий, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 10 июля 2003 года № 685.

Лица, желающие принять участие в конкурсе, должны представить в конкурсную комиссию заявление об участии в конкурсе; резюме на государственном и русском языках; автобиографию, изложенную в произвольной форме; копии документов об образовании, заверенные в установленном порядке; копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо выписки из приказов о приеме и увольнении с последнего места работы, заверенные в установленном порядке; справку о состоянии здоровья.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию/ касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня.

Конкурсная комиссия после изучения представленных участниками конкурса документов проводит собеседование с участниками конкурса в аппарате акима города Кокшетау.

При проведении комиссией собеседования проверяются знания Конституции Республики Казахстан, Гражданского кодекса Республики Казахстан (Общая и Особенная части), законов Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», «О государственном предприятии», «О государственных секретах», нормативных правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в сфере деятельности данного предприятия.

Прием документов от участников конкурса начинается со дня выхода объявления о проведении конкурса в газетах «Егемен Қазақстан». «Казахстанская правда» и заканчивается по истечении 30 календарных дней.

**Необходимые документы должны быть представлены по адресу: 020000, Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауелбекова, 139 а, каб. 205. Тел. 25-60-24.**

## «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» ММ республикалық мүлікті мүліктік жалдауға беру жөнінде тендер өткізеді

**Тендер 2015 ж. 13 наурызда сағат 10.00-де Қарағанды қ., Костенко к-сі, 6 мекенжайында өткізіледі**

| № | Объектінің атауы, сипаттамасы және алаңы, ш.м. | Орналасқан жері, мекен-жайы | Баланс ұстаушы | Тендер өткізу шарты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Офистік, барлық инженерлік-техникалық құрылғыларымен бірге жалпы ауданы 292,1 ш.м. асхана үй-жайы | Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі,11а | «Қазсушар» РМК-ның «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалы | - Жалдау ақысының бастапқы айлық мөлшерлемесі - 195354 теңге;<br>- Мүліктік жалдау мерзімі - 1 жыл; Ағымдағы шарт мерзімін ұзартуға құқысыз;<br>- Кепілді жарна 130236 теңге. |

**Тендерге қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен басталады және тендер өткізуге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.**

**Тендерге қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:**

1) тендерге қатысуға өтініш, онда тендерге қатысуға үміткердің келісімі және тендер шартын орындау бойынша оның міндеттемесі мен тиісті шартты жасауы қамтылады;

2) жапсырылған конверттегі тендер шарты бойынша ұсыныс;

3) өтініш беру сәтінде салық берешегінің болмауы туралы салық органынан анықтама;

4) кепілді жарнаның аударылғандығын растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі;

5) екінші деңгейлі банктен ағымдағы шоты бар екендігін растайтын анықтама;

6) заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің, құрылтай құжаттардың (құрылтай шарты мен жарғының) көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқасын міндетті көрсетумен салық төлеушінің куәлігі немесе аталған құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

жеке кәсіпкер үшін – жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, жеке куәлігі, азаматтығын тіркеу кітапшасы (мекенжай анықтамасы) салыстыру үшін түпнұсқасын міндетті көрсетумен немесе аталған құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

жеке тұлға үшін – жеке куәлігі, азаматтығын тіркеу кітапшасы (мекенжай анықтамасы) салыстыру үшін түпнұсқасын міндетті көрсетумен немесе аталған құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

1) акционерлік қоғамдар үшін – бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінен көшірмені;

жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының тізілімінен жүргізу жағдайында;

2) шетелдік заңды тұлғалар үшін – қазақ және орыс тілдеріне аударылып нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттары.

Өтініш қосарланған конверттерде қабылданады. Сыртқы конвертте жоғарыда аталған құжаттар қамтылуы тиіс. Ішкі конвертте үміткердің ұсынысы қамтылуы тиіс.

Өтініштер қабылдау тігілген түрде, нөмірленген парақтарымен және соңғы параққа қол қойып және мөр басылғандығын растауымен «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» ММ-ға тапсырылады.

Кепілді жарна «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» ММ шотына енгізіледі депозиттік шот KZ060705012170172006, «ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті» ММ, БСК KKMFKZ2A, БСН 120240019369, КБЕ 11, КНП 171, алушы банк – Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті.

Төлем белгісі – тендерге қатысу үшін кепілді жарна.

Тендер жеңімпазы болып нысан үшін жалдау ақысының ең жоғары сомасын ұсынған және тендерлік құжаттамада қамтылған барлық талаптарға сәйкес келетін тендер қатысушылары танылады.

Шарт жасау мерзімі – тендер жеңімпазымен шарт тендер хаттамасына қол қойылған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірілмей жасалады.

**Барлық сұрақтар бойынша «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» ММ-ға хабарласу керек. Анықтама үшін телефондар: 8 (7212) 425751, 425753.**

---

### «НГСК КазСтройСервис» АҚ

осы арқылы Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-мен және SINOPEC Engineering(Group) Co., Ltd-мен ірі мәмілелерге қосымша келісімдер жасау туралы шешімдерді қоғамның Директорлар кеңесі қабылдағаны жөнінде барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізеді.

---

### *Құрметті салымшылар!*

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ 2015 жылдың 5 наурызынан бастап 2015 жылдың 4 мамырына дейін тұрғын үйді сатып алушылар мен жалға алушылардың пулына қатысуға өтініш қабылдайтынын хабарлайды. Пул «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасының «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша II топтың талаптарына сәйкес келетін тұлғалардың ішінен құрылады. Нысан – «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы шеңберінде құрылысы жоспарланып жатқан СҚО, Петропавл қаласы, Береке шағын ауданындағы 90 пәтерлі тұрғын үй (барлығы 45 пәтер). Бағасы «таза» әрлеумен 1 шаршы метрге 100 000 теңге. Құрылыстың аяқталу мерзімі: 2015 жылғы маусым.

Қатысушыларға қойылатын талаптармен Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсында «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бөлімінде танысуға болады.

Банктің барлық филиалдарында, сондай-ақ Банктің www.hcsbk.kz интернет- ресурсындағы «Клиенттің жеке кабинетінде» өтініш беруге болады.

Өтініш тек Банк салымшыларынан ғана қабылданады.

Банктің СҚО, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28 мекенжайында орналасқан филиалында немесе Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы тұрғын үйді сатып алушылар мен жалға алушылардың пулын құру тәртібімен және құрылыс нысанының сипаттамасымен (соның ішінде ғимарат қасбетін және пәтерлердің жоспарлануын көру де бар) егжей-тегжейлі танысуға болады.

---

### *Құрметті салымшылар!*

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ 2015 жылдың 5 наурызынан бастап 2015 жылдың 4 мамырына дейін тұрғын үйді сатып алушылар мен жалға алушылардың пулына қатысуға өтініш қабылдайтынын хабарлайды. Пул «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасының «Халықтың барлық санатына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша II топтың талаптарына сәйкес келетін тұлғалардың ішінен құрылады. Нысан – «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы шеңберінде құрылысы жоспарланып жатқан СҚО, Петропавл қаласы, Береке шағын ауданындағы 55 пәтерлі тұрғын үй (барлығы 28 пәтер). Бағасы «таза» әрлеумен 1 шаршы метрге 100 000 теңге. Құрылыстың аяқталу мерзімі: 2015 жылғы маусым.

Қатысушыларға қойылатын талаптармен Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсында «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бөлімінде танысуға болады.

Банктің барлық филиалдарында, сондай-ақ Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсындағы «Клиенттің жеке кабинетінде» өтініш беруге болады.

Өтініш тек Банк салымшыларынан ғана қабылданады.

Банктің СҚО, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28 мекенжайында орналасқан филиалында немесе Банктің www.hcsbk.kz интернет-ресурсында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы тұрғын үйді сатып алушылар мен жалға алушылардың пулын құру тәртібімен және құрылыс нысанының сипаттамасымен (соның ішінде ғимарат қасбетін және пәтерлердің жоспарлануын көру де бар) егжей-тегжейлі танысуға болады.

---

### Назар аударыңыз!

Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің Жезқазған филиалы «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 33 (28511) санында жарияланған «2015 жылғы 10 наурызда республикалық меншік объектілерін сату бойынша электрондық аукционды өткізу» туралы ақпараттық хабарламасына мынадай түзету енгізіп:

Объект лоты 1: ВАЗ-21103 автокөлігі, 2004 жылы шығарылған, мемлекеттік нөмірі М 031 КР, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Железнодорожная көшесі, 5. Баланс ұстаушы – «Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы ішкі істер желілік басқармасы» ММ. Бастапқы (алғашқы) баға – 130 000 теңге, кепілді жарна – 19 500 теңге**, сауда-саттықтан алынып қалатындығы туралы хабарлайды.**

Аукцион өткізу туралы ақпаратты 8(7102) 73-40-14 телефоны арқылы немесе Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, 408-бөлме мекенжайынан алуға болады.

---

«Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы, Достық көшесі, 11, 2-қабат, 214-бөлме, анықтама телефоны: (8-7172) 44-62-38, **электронды пошта:** info@nabrk.kz төмендегі бос лауазымға конкурс жариялайды:

Ақпараттық-мәдени бағдарламалар қызметінің жетекшісі.

Функционалды міндеттері: қызметтің бағытына қарай мәдени, ақпараттық және әлеуметтік бағыттағы іс-шараларды ұйымдастырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары кітапханалық немесе педагогикалық білімі және басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күн.

---

### АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 2015 жылғы 13 наурызда сағат 11.00-де мемлекеттік республикалық мүлік объектілерін мүліктік жалға беру бойынша тендер өткізілетіндігін хабарлайды. Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 33-үй**

**Тендерге «Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» ММ теңгеріміндегі мына объектілер қойылады:**

**№ 1 лот** – Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы, Алтынсарин көшесі, 3А мекенжайында орналасқан Әйтеке би аудандық қазынашылық басқармасының ғимаратындағы жалпы алаңы – 109,1 ш.м. үй-жайлар. Жалдау ақысының бастапқы мөлшерлемесі айына – 48 655 теңге. Кепілді жарна – 19 462 теңге. Мүліктік жалға беру шартын жасау мерзімі – 2 ай.

Банктік операцияларды жүзеге асыру үшін (банктердің есептеу-кассалық бөлімшелері, «Қазпошта» АҚ) нысандарды пайдалануға.

**№ 2 лот** – Ақтөбе қаласы, Некрасов көшесі, 73 мекенжайында орналасқан Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің ғимаратындағы жалпы алаңы – 103,3 ш.м. асхана үй-жайы. Жалдау ақысының бастапқы мөлшерлемесі айына – 23 035 теңге. Кепілді жарна – 36 854 теңге. Мүліктік жалға беру шартын жасау мерзімі – 1 жыл ұзарту құқығымен. Қызметкерлердің тамақтануын ұйымдастыру үшін пайдалануға.

Мүліктік жалдау (жалға алу) ақысына коммуналдық қызметтер үшін төлемдер, ағымдағы және күрделі жөндеуге аударымдар, объектіге қызмет көрсеткені үшін төлемдер қосылмайды. Бұл төлемдерді жалға алушы тікелей ведомстволық күзетке, пайдалану, коммуналдық және басқа да қызметтерге төлейді.

**Тендердің талаптары**

Нысан үшін жалдау ақысының ең жоғарғы сомасын ұсыну.

Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтау.

**Тендердің жеңімпазын таңдау өлшемдері**

Нысан үшін жалдау төлемінің ең жоғары сомасын ұсынған және тендерлік құжаттамада қамтылған барлық талаптарға сай келетін тендерге қатысушы тендер жеңімпазы деп танылады. Қатысушылар ұсынған жалдау төлемінің сомалары сәйкес келген (тең болған) жағдайда, тендер комиссиясының шешімі бойынша тендерге қатысуға өтінімі бұрын тіркеген тендерге қатысушы тендер жеңімпазы болып табылады.

**Тендер өткізу ережелері**

Тендер өтетін күні отырыста тендер комиссиясы тендерге қатысушылардың өтінімдері бар ішкі конверттерді ашады және олардың ұсыныстарын жариялайды. Конверттерді ашу алдында комиссия олардың бүтіндігін тексереді, бұл ішкі конверттерді ашу хаттамасында тіркеледі.

Конверттерді ашу және ұсыныстарды жариялау кезінде тендерге қатысушылар немесе олардың уәкілетті өкілдері қатыса алады.

**Тендерге қатысушы ретінде тіркеу үшін мыналарды тапсыру қажет:**

Тендерге қатысуға өтінім, онда тендерге қатысуға үміткердің келісімі және тендер шартын орындау бойынша оның міндеттемесі және қосарланған конвертерде сәйкесетін шарттың қорытындысы қамтылуы тиіс.

**Сыртқы конвертте мына құжаттар қамтылуы қажет:**

1) үміткердің тендерге қатысуға келісімін және оның тендер шарттарын орындау мен шарт жасау жөніндегі міндеттемелерін қамтитын тендерге қатысуға өтінімді;

2) желімделген конвертте тендердің шарттары бойынша ұсыныстарды;

3) заңды тұлғалар үшін – салыстыру үшін міндетті түрде түпнұсқасын ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің, құрылтай құжаттарының (құрылтай шарты мен жарғы) көшірмелерін немесе көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

дара кәсіпкер үшін – салыстыру үшін міндетті түрде түпнұсқасын ұсына отырып, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың, азаматтардың тіркеу кітабының (мекенжай анықтамасының) көшірмелерін немесе көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

жеке тұлғалар үшін – салыстыру үшін міндетті түрде түпнұсқасын ұсына отырып, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың, азаматтардың тіркеу кітабының (мекенжай анықтамасының) көшірмелерін немесе көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін;

4) акционерлік қоғамдар үшін – бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінен үзінді-көшірмені;

жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін – серіктестікке қатысушылар тізілімінен үзінді-көшірмені (серіктестікке қатысушылардың тізілімі жүргізілген жағдайда);

5) шетелдік заңды тұлғалар үшін – қазақ және орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар құрылтай құжаттарын;

6) кепілді жарнаның аударылғандығын растайтын төлем тапсырмасының көшірмесін;

7) салық органының қатысушының салықтық берешегі жоқ екендігі туралы өтінім берілген кезге дейінгі бір айдан кешіктірілмей берілген анықтамасын;

8) екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шоттың бар екендігін растайтын анықтаманы ұсынуы қажет.

Ішкі конвертте қатысушының жапсырылған конверттегі тендер шарты бойынша ұсынысы қамтылуы тиіс.

Ішкі конверт өтінімдер беру сәтінде жабық болуы және қатысушының оны мөрлеуі қажет.

Өтінім қабылдау жалға берушінің атына тігілген түрде, парақтарына нөмір қойылған және соңғы бетіне қол қойып, мөр басылған құжаттарды (жеке тұлға үшін, егер мұндай мөр бар болса) ұсынылған кезде жүргізіледі.

**Өтінімдер қабылдау ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және 2015 жылғы 12 наурызда сағат 11.00-де аяқталады.**

Кепілді жарна Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің – БСК KZ160705012170166006, БЖК KKMFKZ2A, БСН 120340000827, ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің банкі, ТБЖ-171, КБЕ 11, ММ коды 2170166 есеп шотына енгізіледі. Төлемнің мақсаты – тендерге қатысу үшін кепілді жарна.

**Құжаттарды қабылдау және тендерге қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап мына мекенжайда: Ақтөбе қаласы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 33-үй, 4-қабат, 403-бөлмеде жүргізіледі және тендер өткізілгенге дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.**

**Тендердің өткізілуі жөнінде қосымша ақпаратты 8(7132) 54-44-54 телефоны арқылы немесе www.gosreestr.kz сайтынан алуға болады.**

---

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, ТЕНДЕР!

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің «Жезқазғансирекмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік мүлкін бес жыл мерзімге кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендер өткізу туралы хабарлайды**

**Тендер шарттары және тендер Жеңімпазын айқындау өлшемдері**

**«Жезқазғансирекмет»** ***РМК-нің (бұдан әрі - Объект) мүліктік кешенін сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендер шарттары:***

- мүліктік кешен түрінде кәсіпорынның қызметінің бейінін сақтау;

- кәсіпорынның құрылымын сақтау, сенімгерлік басқарушы «Жезқазғансирекмет» РМК қызметкерлерін қысқарту туралы шешім қабылдаған жағдайда қысқартылған қызметкерлерге олардың біліктіліктеріне сәйкес басқа жұмыс ұсынуға міндеттенеді;

- негізгі құралдарды иеліктен шығаруға тыйым салу;

- мұрағат материалдарын сақтау, оларды пайдалануға беру, қалалық мұрағатқа тапсыру;

- жасалған ұжымдық шартқа және салалық келісімге сәйкес кәсіпорынның қызметкерлері үшін әлеуметтік-экономикалық және еңбек кепілдіктерін сақтау;

- мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және оларды тасымалдағыштарды қорғауды қамтамасыз ету;

- кәсіпорынның қайта өндеуге жыл сайын кемінде 10 000 тм жалпы саны кемінде 2,5 тонна рений бар шикізатпен (шайынды күкірт қышқылымен) қамтамасыз етуі;

- кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару мерзімі бес жыл*.

Объектіні сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендерге қатысушыларға қойылатын талаптар:

Кәсіпорынның тұрақты қаржы-шаруашылық қызметі үшін сенімгерлік басқару кезеңінде құрамында рений бар шикізатты жеткізуді жыл сайын қамтамасыз ету;

**Сенімгерлік басқарушының:**

- құқықтық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

- төлем қабілеттілігінің болуы;

- банкроттық не тарату рәсіміне жатпауы тиіс.

Тендерлік құжаттамада қамтылған барлық талаптарға жауап беретін, ұсыныстары тендер шарттарын қанағаттандыратын және объект үшін ең жоғары бағаны қамтитын қатысушы тендер жеңімпазы деп танылады.

*- Объектінің нарықтық құны сенімгерлік басқару мерзімі ішінде инфляция деңгейіне сәйкес индекстеуге жатады.

**Тендер Объектісінің қысқаша сипаттамасы**

| Объектінің атауы | Объектінің орналасқан жері | Қызметінің түрлері | Қызмет-керлер саны | Жер учаскесінің құнын ескерусіз Объектінің нарықтық құны (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| «Жезқазған сирекмет» РМК-нің мүліктік кешені | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сәтбаев көшесі, 7А | құрамында осмий, рений өнімдері бар, басқа да сирек, ауыр түсті, асыл, бағалы металдарды, олардан жасалатын бұйымдар мен тұздарды өндіру, тасымалдау, сақтау және сату;<br>металлургиялық және химиялық өндірістің қалдықтарын сирек металдардың жанама құрамдарын тау-кен орындарынан алу деңгейін жоғарылату, сондай-ақ жоғары таза өнімді алудың технологиялық жүйелерін енгізу;<br>құрамында осмий, рений және сирек жер металдары бар материалдарды өндіру мен сату мәселелері жөнінде заңнамада белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;<br>технологиялық процесстер мен құрал-жабдықтарды жаңадан жасау және қолда барды жетілдіру;<br>шикізатты кешенді пайдалану мен өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату кешенділігін қамтамасыз ету мен қалдықтары аз және қалдығы жоқ экологиялық таза өндірістерді жасау;<br>металдарды қайта өндеу мен концентраттар өндірісі үшін жаңа тиімді құрал-жабдықты әзірлеу мен сынақтан өткізу, сондай-ақ оларды енгізуді қамтамасыз ету;<br>өнім өндірісі бойынша ұзақ мерзімді, келешекті болжамдар мен ағымдағы бағдарламаларды қалыптастыру үшін ұсыныстар дайындау. | 204 | 1 300 000 000 |

**Тендерді өткізу күні, уақыты және орны**

Тендер **2015 жылдың 18 наурызында сағат 11.00**-де өткізіледі.

**Тендер өткізілетін орын:** Астана қаласы, Жеңіс даңғылы,11, 903-бөлме.

**Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін мыналарды:**

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 46 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидалардың (бұдан әрі - Қағидалар) 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша тендерге қатысушы тендер жеңімпазы деп жарияланған жағдайда, оның жазбаша, ақпараттық хабарламада көрсетілген және тендерге қатысушының өзі ұсынған тендер талаптарында шарт жасасу міндеттемесін білдіретін тендерге қатысуға өтінімді;

2) басқа құжаттардан бөлек желімделген конвертте тендерге байланысты құжаттаманы қоса бере отырып, жазбаша түрде Объект үшін баға және тендер шарттары бойынша ұсыныстарды;

3) тендер жарияланған күннен кейін берілген анықтаманы берген күннің алдындағы үш айдан астам созылатын тендерге қатысушы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша банк (банк филиалы) алдында мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы банктің (банк филиалының) қол қойылған және мөр басылған (электронды цифрлық қолтаңба) анықтамасының түпнұсқасы. Егер әлеуетті қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, осындай банктердің әрқайсысынан анықтама ұсынылады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есебін;

5) салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе көрсетілген құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;

6) жарғының нотариат куәландырылған көшірмесін немесе салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны міндетті түрде ұсына отырып, жарғы көшірмесін ұсынады. Шетелдік заңды тұлғалар құрылтай құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасымен ұсынады;

7) тендер жарияланған күннен кейін берілген, үш ай бұрын салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) тиісті салық органының қол қойылған және мөрі (электронды цифрлық қолтаңбасы) бар анықтамасының түпнұсқасын немесе электронды көшірмесін;

8) мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысының депозиттік шотына кепілді жарнаны аудару туралы төлем тапсырмасының немесе түбіртегінің (жеке тұлға үшін) түпнұсқасын;

9) тендерге әлеуетті қатысушы өкілінің, оның ішінде Қағидалардың 19-тармағына сәйкес кепілді жарнаны енгізген өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын құжатты (жеке куәлікті, паспортты (шетелдік азаматтар үшін) немесе ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәлікті ұсынған жағдайда жарамды);

10) әлеуетті қатысушының ақпараттық хабарламада көрсетілген сенімгерлік басқаруға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

Жеке тұлға болып табылатын тендерге әлеуетті қатысушы 1), 2), 8), 10) тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ:

1) жеке куәліктің, паспорттың (шетелдік азаматтар үшін) немесе ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәліктің көшірмесін;

2) кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмастан жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесін (дара кәсіпкер үшін) ұсынады.

**Қатысуға өтініммен, Объектінің бағасы бойынша және тендердің шарттары бойынша ұсыныстармен конверттерді беру орны:** Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11, 903-бөлме.

Өтінімдерді қабылдау **2015 жылдың 17 наурызында сағат 11.00-де** аяқталады.

**Кепілді жарна мөлшері мен оны енгізу үшін банк деректемелері**

Кепілді жарна Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіндегі ЖСК KZ420705012170034006 депозиттік шотына енгізіледі, БСК KKMFKZ2A, БСН 980240000950, төлем мақсатының коды 171, Кбе 11, мекеме коды 2170034.

Кепілді жарна 130 000 000 (жүз отыз миллион) теңге мөлшерінде енгізіледі.

**Анықтама үшін телефондар: 8 (7172) 71-86-65, 71-72-65.**

---


## АЛИКАПС КӨМЕККЕ КЕЛЕДІ

Әрбір еркек әл-қуатының мықты болуына онша мән бермейтіні рас. Келе-келе оның салдарынан қолайсыз жағдайдың көрініс табатыны да жасырын емес.Мұндай кірпияз проблеманы достарымен немесе әйелімен талқылауды ерлер құп көрмейді. Шығар жолды өзіне іздеуіне тура келеді. Мұндай жол бар!

Бұл орайда бел қуаты проблемасынан арылтатын табиғи дәрі-дәрмек туралы айтудың реті келген сыңайлы. Оның аты – **АЛИКАПС.** Табиғи құралдың күшті екеніне сену қиын ба? Ал фактінің аты факті. АЛИКАПС-тың құрамында ешқандай химия жоқ, өйткені, қабылдағаннан кейін бір сағаттан соң тұрақты да ұзақ мерзімді күш-қуат береді.

Құрамында бірнеше күшті табиғи заттар мен дәрумендер бар - ***жгун-тамыр, горянка, женьшень, йохимбе*** ***қабығының сығындысы, индол-3-карбинол (өсімдік негізінде), L-аргинин, кверцетин, фолий қышқылы (В9), В6 және В12 дәрумендері, калий***. Олар ұштасқанда ерлердің бел қуатын күшейтеді.

АЛИКАПС ерлер ағзасына жалпы сауықтырғыш әсер береді, тұтастай алғанда ағзаның шыдамдылығын қамтамасыз етеді.

Бір ай ішінде күніне небәрі бір капсула – жігеріңізді жаниды,күш-қуатыңыз артып жалпы дәрменге ие боласыз.

АЛИКАПС-тың ерекшелігі оның шаршауды басуға қабілетінде. Мәселен, егер күні бойы жұмыста болып, күйзелістермен өткізсеңіз, онда ойыңыздағыңызға мүлдем көңіл бұрмасыңыз анық. Міне осындайда АЛИКАПС қажет болады. Оның бір капсуласын бір сағат бұрын ішсеңіз, ағзаңызда орасан табиғи күш пайда болады, шаршағаныңыз басылып, тамаша күйге бөленесіз.

АЛИКАПС – ЕРЛЕР КҮШ-ҚУАТЫН МЕЙЛІНШЕ АРТТЫРАТЫН КҮШТІ ЖӘНЕ ТАБИҒИ ДӘРІ-ДӘРМЕК

**Дәріханалардан сұраңыздар!**




Шұғыл желідегі тегін телефон: 8-800-080-59-59 (жұмыс уақыты: 08:00-23:00)
Алматы қаласындағы анықтама телефоны: 8-727-297-59-59 / www.riapanda.ru


---


**Егер сіз «Егемен Қазақстан» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:**

**Астана тел/факс 37-64-48, 37-60-49. Электронды пошта: egemen_adv@mail.ru. Алматы 273-74-39, ф. 341-08-11. Электронды пошта: gulnurekkz@mail.ru.**


---

Атканов Олжас Бакытовичке және Арымбай Жанерке Нұркенқызына берілген КТ сертификаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

---

В связи с утерей сертификата КТА колледжа при Евразийского гуманитарного университета выданного на имя Серікова Назерке Жанболатқызы считать недействительным.

---

«KAZGOR» жобалау академиясы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, еліміздің еңбек сіңірген құрылысшысы, Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі

**Ораз Мақайұлы БЕЙСЕНОВТІҢ**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

---

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің ұжымы Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы

**Маралбек Білісбекұлы МЕЙІРБЕКОВТІҢ**

мезгілсіз дүние салуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

● *Табиғат терезесі*

# Бөрітостаған







**Тарбағатай өңірінде ерекше бір тас бар, ол сіз ойлағандай жай тас емес, айдалада жатқан алып тас, Бөрітостаған тасы десе, кейбіреулер оны «Бөрітостаған» деп атайды.**

**Сапарбай ПАРМАНҚҰЛОВ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Алдымен қабырғадағы пішіні бөлектеу сурет көзге оттай басылды. Бағамдай қарағанда білгенім, осы өңірдің әрбір азаматы мақтанышпен айтар жартас екенін, оны арнайы қылқаламмен әдемі күйінде өрнектеп қойғанын бірден түсіндім. Тарбағатай тауынан бөлек егістік алқабы секілді теп-тегіс жер бар, сол жерде бір қызығы айналасы алаңқай пішіндегі жерге бітімі бөлек жұмырланған үлкен алып тасты орналастыра салған сияқтанады, ол жайында түрлі әңгімелерге ұласып, сан түрлі жорамалдарға ұласып кете барады. Бөрітостаған жайында ел арасында аңыз көп, ол да қилы тақырыпқа жалғасып, түрлі әуенге ұласа түседі. Бір кезде бізді бұл өңірге сүйрелеген осы әңгіменің бізге жеткен қызықты бір тұсы еді. Тарбағатай өңірінде жаратылысы бөлектеу ғажайып бір тастың пошымы құбылған оның жатысына таңғалар едіңіз. Жақын маңдағы тау жыныстарын емге де таба алмайсыз, ең жақын жердегі тау деп, 50-60 шақырым қашықтықтағы Тарбағатайды ғана ауызға аласыз. Бұл елден елге жеткен ғажап тас жөніндегі таусылмас әңгіме аңыз болып тарады: «Тым ерте кезеңдерде осы Тарбағатай тауларының бірінде өте ірі денелі алып кейуана өмір сүріпті. Күндердің бір күнінде жарықтық алып анамыз отарлы қойын жазыққа айдап салып қаперсіз жайып отырады. Терең ойға берілген күйі бір уақ ыңылдап бір әннің қайырымын келтіреді. Ара-арасында ұршығын иіріп сол балалық шақтың қилы қызықтарын сағына еске алғандай сәтте тыныш жатқан отардың шеті қайта-қайта дүр көтеріледі. Сондай жайсыз, әбден мазаны кетірген қапысыз кезде тау шатқалынан бейқам сәтте тосыннан шығатын көкбөрілерге жыны келген кейуана алдындағы отар тағы құлақтарын кере ірірілп қалғанда не істерін білмей, қолындағы ұршығын қияндап кеткен малға қайыру бермей мазаны алған бөрілерге құлаштап тұрып жіберіп кеп қалады. Тыныш жатқан отарына да, бейқам отырған өзіне де маза бермеген қасқырларға әбден зығырданы қайнаған алып кейуана иіріп отырған ұршығының басын лақтырып көкжал біткенді үркітіп отырған деседі. Ұршықтың тасын көз алдыңызға елестетіп көріңіз», – дейді бір аңыз. Ал кезінде өткен ғасырдың сексенінші жылдары «Білім және еңбек» ғылыми журналына алматылық ғалым Тоқтар Нүркенов «Бөрітостаған» аспаннан түскен қатты зат, бұл тас метеориттік қопарылыс кезінде ұясынан шығып кеткен пергаменттік дене болуы мүмкін деген болжам айтқан. Шындығын зерттеген геологтар «Бұл өзі мол су көзін басып жатыр», – деп топшылайды.

***Тарбағатай ауданы,***
***Шығыс Қазақстан облысы.***

**Суреттерді түсірген автор.**



**Ақмола облысының Жақсы ауданында Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында және «Өмір жолы» жобасының аясында Ұлы Отан соғысының ардагері Анатолий Комяковқа орталықтандырылған «SOS» жүйесіне қосылған дабыл телефоны табыс етілді.**

# «SOS» телефонын сыйлады

**Бақберген АМАЛБЕК,**
**«Егемен Қазақстан».**

Анатолий Васильевич Ресейдің Кострома облысында туған. Әскер қатарына 1943 жылы шақырылып, 3-ші Украина майданына жіберілген. Жеңіс күніне дейін ол 244-ші дивизияның 325-ші барлаушылар ротасында қызмет еткен.



Анатолий Васильевичтің айтуынша, оның денесінен бірнеше рет ота жасау арқылы 250 снаряд жарықшағы алыныпты. А.Комяков ІІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. Ол Венгрия, Австрия сияқты елдердегі қиян-кескі шайқастарға қатысып, жеңісті Румынияда қарсы алыпты. 1945 жылы елге оралған ардагер шаруашылықта ұста болып жұмыс істеген.

Жеңіс жауынгері 1968 жылы отбасымен бірге Жақсы ауданына қарасты Қайрақты ауылына көшіп келіп, бүгінгі күнге дейін осында тұрып жатыр. Өзінің сүйікті ісі – ұсталық жұмысқа 33 жыл өмірін арнады. Ол зейнеткерлікке шыққан соң да ауылдағы көптеген жұмыстарға араласып жүрді. Себебі, оның ұзақ жылдарғы тәжірибесі мен біліктілігі елге қашан да қажет.

***Ақмола облысы,***
***Жақсы ауданы.***

● *Оқиға*

# Қар құрсауынан құтқарылды

**Жолдасбек ШӨПЕҒҰЛ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Атыраудағы Құлсары қаласының 4 тұрғыны 18 қаңтарда түске жақын «Лада Гранта» жеңіл көлігімен Ақтөбе облысына бару үшін жолға шығыпты. Олар Байғанин



ауданындағы Оймауыт ауылында өтетін садақаға қатыспақ болған. Жолаушылар сол күні кешкілік 17.00. сағатта ағайындарымен телефонмен байланысып, Құлсарыдан 200 шақырым қашықтағы «Қаражар қыстағының маңындамыз» депті. Содан кейін олармен бірде-бір рет ұялы телефонмен байланысу мүмкін болмаған. Телефон байланысы үзілгеніне алаңдаған ағайындарының хабарлауымен 19 қаңтарда жолаушыларды іздеу басталды.

Іздеу жұмыстарына төтенше жағдайлар департаментінен «Трэкол» жол талғамайтын көлігі, құтқарушылар мен дәрігер жұмылдырылды. Көмекке «Доссормұнайгаз» басқармасынан бір «Джип» көлік пен мұнайшылар да қол ұшын созды. Іздеушілер кешке жақын жолаушыларды Қызылқоға ауданы аумағындағы «Ақсуат» қыстауынан 18 шақырым жерден тапты. Белгілі болғанындай, жолаушылар көлігі қарға батып қалыпты. Бұл маңда ұялы байланыс желісі ұстамайды екен. Көліктегі төрт жолаушы – екі ер және екі әйел адам құтқарылды.

***Атырау облысы.***

● *Жағымды жаңалық*

# Үш ұл

**Маңғыстау облыстық перинаталдық орталығында Бейнеу ауданының тұрғыны үш ұлды өмірге әкелді. Мұқағали, Шәмші, Төлеген есімді үшем туылды. Бір жарым ай дәрігерлердің бақылауында болып, жағдайлары түзелген соң «үш батыр» туған үйлеріне жол тартты.**

**Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Ауылда Болатбай есімді ағамыз бар. Кітап оқығанда анау-мынау оқымыстыңды жаңылдырмақ түгілі жолда қалдыратынына күмәнім жоқ. Әке таяғын ұстап, кеңшардың бір отар қойын шырқ үйірген ағамыздың қыста тонының қойнынан, жазда жейдесінің қалтасынан кітабы түспейтіні анық – алыс дала төсінде отарды шалқайта жайып тұрып қанша кітаптың ішіне сүңгіп шыққанының санын өзі де білмес, сірә! Кітапты көп оқитындығы соншалықты, күнделікті сөйлеу мәнері де кітаптың көркем тіліне айналып кеткен, ал «бәленше жазған бәленше деген кітаптың бәленінші бетінде былай дейді ғой» дегенде, таңданысыңызды жасыра алмайсыз. Дүние есігін ашқан үшемнің бірі «қазақ вальсінің королі» атанған Шәмшінің, Болатбайдың кіші інісі 44 жастағы Сәкен – Маңғыстаудың «Сам» кеңшарында ұзақ жыл шопан болған Іздібай ақсақал мен «Батыр ана» Жібек марқұмдардың кенже ұлы. Ал Сәкеннің жары Балкүміс 40 жасында отбасына бірден торсық шекелі үш ұл сыйлау бақытына ие болды.

Маңғыстау облыстық перинаталдық орталығының директоры Жамал Жаманбаеваның айтуынша, анасы мен сәбилердің денсаулығына сай ота арқылы босандырылған. Ең кішкентайының салмағы 1 кг 800 грамды құраған сәбилерді бір айдан астам уақыт дәрігерлер өз қадағалауларында ұстап, жағдайлары қалыпқа келген соң үйлеріне шығарып салған.

Қатарға «ат ұстар» келсе, қуанбайтын қазақ жоқ. Қазақтың саны бірден үш азаматқа көбейіп жатса, бұл бүкіл елдің қуанышы. Сондықтан, Маңғыстаудың алыс ауданындағы



қалған екеуі ХХ ғасырдағы қазақ халқының, қазақ әдебиетінің үзеңгі қағыстыра жүріп жыр төгілткен айтулы қос ақыны – Мұқағали мен Төлегеннің есімдерін иеленді дегенді естігенде, ол ауылдағы Болатбай ағамның шешімі болар деп топшыладым. Маңғыстауда биылғы жылғы алғашқы үшем ғана емес, алғашқы егіздер болып табылатын олардан бұрын отау иесі болар 13 жасқа келген ұл бала өсіп жатқан отбасының иесі, кітапқұмар Сам құмының өскіндері – Мұқағали мен Төлегенге, Шәмшіге мықты денсаулық тілейміз. Аттарына сай айтулы азаматтар болып өсіп-жетілуіне тілекшіміз. Ал қазіргідей кітап оқу құрдымға кетіп, ұлттық болмысымыздан ұзаңқырап кеткен кезде кітапты жанына серік етіп, қазақтың ұлы тұлғаларын құрмет тұтқан ауылдағы ағайынға қалай риза болмассың?!

***Маңғыстау облысы.***

● *Жанайқай*

**21 ақпанда BAQ.KZ сайтында Ақтөбе облысында браконьерлер бір үйір киікті атып тастаған. «Охотзоопром» РМКК мекемесінің инспекторлары кезекті рейдтік тексеру кезінде қырылған киіктің үстінен түскен.**

# Қырылған киіктер

## Оған кім кінәлі?

«Барлық жануарлардың мүйізін кесіп алып кеткен. Оқиға Қызылорда облысымен шекаралас Ырғыз ауданының аумағында тіркелген. Қазір жедел тергеу тобы құрылып, сол аумақта тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қызыл кітапқа енген киіктерге қырғидай тигендер әлі табылған жоқ. Табиғатқа келген шығын көлемі анықталуда. Киіктерді жаппай қыру дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалады», – делінген ақпаратта.

Киікті жаппай қыру мәселесі олардың өздерінің табиғи төлдейтін өңірлеріне өте қалмай қалуы салдарынан да болып отыр. Бұған өткен жылы іске қосылған Арқалық – Шұбаркөл, Жезқазған – Сексеуіл – Шалқар-Бейнеу мыңдаған шақырымдық теміржолдары бойынан ақбөкендердің Арқаға қарай қыстауға және төлдеуге өтетін жайдақ тұстары дұрыс салынбағандығы да себеп болып отыр. Еуропалық мемлекеттерде жаңа теміржолдарды салған кезде, оның бойынан жан-жануарлардың өтетін тұстарына қатты назар аударады. Таяуда осы өңірге сапар барысында мыңдаған ақбөкендердің жаңадан салынған теміржолдарды кесіп өте алмай, теміржол маңын шиырлап қайта кетіп қалғандығының куәсі болдым. Жаңа теміржол желісі ақбөкендердің қалың топтарының Қызылорда, Ақтөбе, Маңғыстау, Қостанай облыстарының теміржолдарының арғы бетінде қалып қоюына әкеліп соқтырды. Бұл мәселені Үкіметтің басқаруымен Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ шұғыл қолға алмаса, теміржолдардың жан-жануарлар өтетін жайдақ тұстарын қайта қарап, көптеп келетін жерлерінің топырағын көтеріп, теміржолмен теңестірмесе, көтерем ақбөкендердің аналықтарының көктемгі суықтан қырылып қалуы ғана емес, төлдерінің де жапан далада жайрап қалуы әбден мүмкін.

Ал көз алдарында өріп жүрген киіктерді көріп жүрген жергілікті тұрғындардың қызуқандылықпен оларды қырып салмасына ешкім де кепілдік бере алмайды.

**Ескендір ЕРТАЙ.**

● *Қылмыс*

# Инспекторға пара беруші ұсталды

**Жолдасбек ШӨПЕҒҰЛ,**
**«Егемен Қазақстан».**

Атырауда жылжымалы жедел басқару орталығының инспекторына пара бермек болған көлік жүргізушісінің әрекеті іске аспады. ««ВАЗ-21014» көлігінің жүргізушісі жолдың қарсы бағытына шығып, жол ережесін өрескел бұзған. Бірақ, әкімшілік хаттама толтыртпай, жауапкершіліктен қашу үшін инспекторға екі мың теңге көлемінде пара бермек болған. Ал мұны көріп отырған бейнебақылау инспекторы сол бойда бұл деректі Атырау облыстық ішкі істер департаментінің өзіндік қауіпсіздік басқармасына хабарлайды. Аталған басқарманың қызметкерлері 1978 жылы туған жүргізушіні бұлтартпас айғақпен ұстады. Қазір пара берушіні тиісті жауапкершілікке тарту мәселесі шешілуде», деп хабарлады департаменттің баспасөз хатшысы Гүлназира Мұхтарова.

Оның мәлім етуінше, жыл басынан бері әкімшілік полиция басқармасының жол-патрульдік қызметкерлері жолда жүру ережелерін бұзудың 13000-ға жуық фактісін анықтады. Тіркелген фактінің 7 мыңнан астамы жол ережесін өрескел бұзғандарға қатысты болып отыр.

***Атырау облысы.***

# Балықтың құжаты дұрыс болмай шықты

**Қазақ-өзбек шекарасында тұрған қазақстандық шекарашылар жалған құжатпен ірі көлемдегі жүкті шекарадан алып өтпек болған азаматты ұстады.**

Нақтырақ айтқанда, еліміздің оңтүстігіндегі Сарыағаш шекара отрядына қарасты «Б.Қонысбаев авто» бақылау-өткізу бекетінің бақылаушылары Қазақстаннан көршілес Өзбекстанға мұздатылған балықтарды алып бара жатқан 43 жастағы отандасымызды тоқтатты. Оның «МАН» көлігіне тиелген жүгінің көлемі шекарашылардың күдігін туғызды. Қолындағы құжат бойынша жүктің көлемі азайтылып көрсетілгені сырт көзге байқалып тұрды. ҰҚК ШҚ баспасөз қызметінің деректеріне сәйкес, жүкті таразыға салып өлшегенде оның салмағы 28 тоннадан асып кетті.

Құжаты дұрыс болмай шыққан балықтары үшін жерлесіміз әкімшілік жазаға тартылатын болды.

# Құныққандар

## Көлік полицейлері Жамбыл облысының 3 тұрғынынан 1 тоннадан аса кесілген рельстерді тапты

Ағымдағы жылдың 7 ақпанында Луговой стансасындағы Желілік полиция бөлімінің қызметкерлері жедел-іздестіру шарасы барысында РСП-2 аумағынан 1988ж. 1989ж. және 1974 ж.туылған Жамбыл облысының тұрғындарының басқаруындағы АУДИ-100, Мерседес-Бенц-230 және Фольсваген-джеттапод автомашиналарын ұстады. Тексеру барысында аталған көліктердің салондарынан 19 дана кесілген Р-65 рельсі табылып алынды. Заттың жалпы салмағы 1 тонна 261 келіні құрайды.

Қазіргі уақытта Көліктегі ІІД баспасөз қызметі хабарлағандай, ҚР ҚК-нің 188-бабының 2-бөлімі 1,3-(Ұрлық) тармақтарына сәйкес сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Еске сала кетейік, тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен; ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық – мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

**«Егемен-ақпарат».**

# 2014 ЖЫЛЫ «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ-2020» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫМЕН АЗАМАТТАРДЫ ҚАМТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ХАЛЫҚ САНЫ
**819,4 МЫҢ АДАМ**

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ХАЛЫҚ
**434,3 МЫҢ АДАМ**




БАҒДАРЛАМА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ БОЛДЫ: **8369 АДАМ**

БАҒДАРЛАМА ШЕҢБЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ




БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСҚАНДАР

| аз қамтамасыз етілгендер | 50 жастан үлкен зейнетақы жасындағы адамдар | түлектер | мүмкіндігі шектеулі адамдар | оралмандар |
|---|---|---|---|---|
| 438 адам | 1057 адам | 138 адам | 265 адам | 12 адам |

2014 жылы:

**8623** адам еңбекке орналастырылды

тұрақты жұмыс орнына **7811** адам орналастырылды

Еуразиялық интеграция институты әзірлеген

**Меншік иесі:**
"Егемен Қазақстан" республикалық газеті" акционерлік қоғамы

**Президент**
**Сауытбек АБДРАХМАНОВ**

**Вице-президент – бас редактор**
**Жанболат АУПБАЕВ**

**Вице-президент**
**Еркін ҚЫДЫР**

● **МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010008 АСТАНА, "Егемен Қазақстан" газеті көшесі, 5/13. 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58 А.**

**АНЫҚТАМА ҮШІН: Астанада: АТС 37-65-27, Алматыда: 341-08-12.**
**БАЙЛАНЫС:** Астанада: факс (7172) – 37-19-87, электронды пошта: egemenkz@mail.online.kz
egemenkz@mail.ru, egemenkz@mail.kz. Интернет-редакция: ekazakhstan@mail.ru
Алматыда: факс (727) – 341-08-12, электронды пошта – egemalm@mail.ru

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**
Астана – 8 (717-2) 37-61-21;
Ақтау – 8 (701) 593-64-78;
Ақтөбе – 8 (713-2) 56-01-75;
Талдықорған – 8 (728-2) 27-05-70;
Атырау – 8 (712-2) 31-74-13;
Көкшетау – 8 (716-2) 25-76-91;
Қарағанды – 8 (721-2) 43-94-72;
Қостанай – 8 (714-2) 39-12-15;
Қызылорда – 8 (701) 772-70-74;
Орал – 8 (777) 496-21-38;
Өскемен – 8 (778) 454-86-11;
Павлодар – 8 (718-2) 68-59-85;
Тараз – 8 (726-2) 43-37-33;
Шымкент – 8 (701) 362-63-76;
Петропавл – 8 (715-2) 50-72-50.

**ЖАРНАМА-АҚПАРАТ БӨЛІМІ:** Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, факс – 37-64-48, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 341-08-11, gulnurekkz@mail.ru

Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет мына қалалардағы:
010000, Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС,
050000, Алматы қ., Гагарин к-сі, 93 А, «Дәуір» РПБК ЖШС,
100008, Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, «Арко» ЖШС,
110007, Қостанай қ., Мәуленов к-сі, 16, «Қостанай полиграфия» ЖШС,
120014, Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 49, «Энергопромсервис» ПФ» ЖШС,
130000, Ақтау қ., 22-м/а, «Caspiy Print» ЖШС,
030010, Ақтөбе қ., Рысқұлов к-сі, 190, «А-Полиграфия» ЖШС,
060005, Атырау қ., Ж.Молдағалиев к-сі, 29 А, «Атырау-Ақпарат» ЖШС,
160000, Шымкент қ., Т.Әлімқұлов к-сі, 22, «Ernur print» ЖШС,
140000, Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, «Дом печати» ЖШС,
150000, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 11, «Полиграфия» АҚ,
080000, Тараз қ., Төле би д-лы, 22, «ЖБО «Сенім» ЖШС,
090000, Орал қ., Достық-Дружба даң., 215 А, «WESTA» ЖШС,
040000, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32, «Офсет» баспаханасы,
070002, Өскемен қ., Абай д-лы, 20, «Печатное издательство-агентство Рекламный Дайджест» ЖШС баспаханаларында басылып шықты.

*Газетті есепке қою туралы №01-Г куәлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес сертификатталған.*

**Таралымы 203 394 дана.**

**Нөмірдің кезекші редакторы Александр ТАСБОЛАТОВ.**



Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді. Көлемі 13 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. «Егемен Қазақстанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Тапсырыс 8921

Газет Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «ERNUR» Медиа холдингі» ЖШС-те басылды, тел. 99-77-77. Тапсырыс №509 ek

**(Жалғасы. Басы 14-бетте).**

4-кесте. Карамель дайындаушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|---|---|---|---|
| 1 | Штамплау және кескіш машиналар, суытылған карамель, карамельді массалар, бояғыштар, қышқылдар мен эссенциялар | Жабдықтарды жөндеуге арналған құралдар, проминалды тасымалдағыш, тарту машинасы | 1-1) Штамплау және кескіш машиналарға қызмет көрсету |
| | | | 1-2) Карамель массасына бояғыштар, қышқылдар мен эссенциялар енгізу және араластыру |
| 2 | Карамель массалары, батондар | Қолды жұмыс, карамель қалыптастыратын агрегат | 2-1) Қосарланған немесе қою салмасы бар карамельді бөлу |
| | | | 2-2) батонды калибрлеу-созу тетігі арқылы жгут етіп созу және оны карамельді қалыптастыратын агрегатқа беру |
| 3 | Карамель массалары, карамель | Ағымды-механизацияланған желі, жұмыс киімі, қолды жұмыс, қолғап | 3-1) Карамель массасын илеу, бөлу және салқындату режимін реттеу |
| | | | 3-2) Қалыпталған карамельді орау және өлшеп-орау сапасын тексеру |
| 4 | Карамель массалары, пісіру аспабы, дозатор, салқындатқыш құрылғылар, проминалды, жаймалау-салындылы және ысытатын машиналар, қалыптастыратын агрегат, жылтыратуға арналған аспап, өлшеп-орау автоматы, орау машиналары мен тасымалдағыштар | Үздіксіз жаймалау-салындылы және ысыту үшін агрегат, қолды жұмыс, қолғап, жабдықтарды жөндеу және тексері үшін құралдар | 4-1) Салындыларды ысыту және механизацияланған тәсілмен немесе қолмен салынды толтырғышқа жіберу, «конвертті» қабығы мен қалыптау процесінің сатысына байланысты өзгерту, барлық пайдаланылатын жабдықтарды бақылау, реттеу және олардың ақаусыз жұмыс істеуін тексеру |

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі карамель дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 1-1) | Функционалдық тапсырмаларды орындау кезінде ережелер мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шараларын, жеке денсаулығын, сонымен бірге басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің сақталуына жеке жауапкершілік | Танымал жағдайда стандартты практикалық ауылшаруашылығы қызметі саласында қарапайым тапсырмаларды орындау үшін база-лық дағдылардың шектеулі көлемін пайдалана алады | Жұмыс орнында оқу немесе нұскаулық үдерісте алынған ауылшаруашылығы саласының нақты бір құрылымының еңбек заттары жөніндегі білімі |
| 1-2) | Қажетті тапсырмаларды тікелей басшылық бақылауында шешуді түсіну | Ауылшаруашылығы қызметінің жұмыс жағдайының шарттарына сай іс-әрекеттерді түзете білу | Карамель дайындауда қолданылатын негізгі және қарапайым құралдардың, жабдықтардың базалық білімі |

6-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі карамель дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 2-1) | Практикалық міндеттерді негізгі практикалық және танымдық дағдыларды пайдалана отырып, өздігінен және (немесе) тікелей басшылықпен шешу | Карамель дайындаушының практикалық тапсырмаларды шешу және қойылған нәтиже жетістігі | Өздігінен жұмыс орнында алынған білім |
| 2-2) | Карамель дайындауда анықталған тапсырма шеңберінде жұмыстың сапасы мен нәтижесінің жауапкершілігі | Жұмыс жағдайы шарттарына сәйкес алгоритм бойынша берілген тапсырманың әдістерін таңдай білу және түзету | Жұмыс орнында оқу немесе нұскаулық үдерісте алынған ауылшаруашылығы саласының нақты бір құрылымының еңбек заттары жөніндегі білімі |
| 3-1 | Барлық пайдаланылатын жабдықтарды бақылау, реттеу және олардың ақаусыз жұмыс істеуін тексеруде практикалық және танымдылық дағдыларын қолана отырып стандарттық, практикалық тапсырмаларды шешу | Стандартты тапсырмаларды шешу дағдылары және қойылған нәтиже жетістігі | Кондитер өнеркәсібі жұмысы үдерісінде қолданылатын негізгі және қарапайым құралдардың, жабдықтардың негізгі білімі |

7-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі карамель дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 3-2) | Карамель дайындаушының функционалдық міндеті шеңберінде қажетті нәтижеге қойылған өзіндік жетістіктің уақытын, қажетті қорын анықтау және міндетін бағалау жауапкершілігі | Стандартты тапсырмаларды шешу, өзіндік мәтініндегі дағдыларды жоспарлау, еңбек үдерісі мен нәтижесін бағалау және орындау | Кәсіби дайындық кезінде алынған тәжірибеге бағытталған білім, техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау білімі |
| 4-1) | Жұмыс үдерісінің жоспарына кіретін орындаушылық іс-әрекетті түсіну; кәсіби іс-әрекеттің нормадан ауытқуы жағдайында үдерісті жақсарту үшін пікірлерді ұсыну | Практикалық өтілім және білімі негізінде әрекет ету және алынған нәтижелерді түзету | Еңбек қызметінде техникалық қызмет көрсету, орналастыру, материалдар мен жабдықтардың сақталуы мен қоймаға қою үдерісінің қолдану негіздерін білу |

*Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 7-қосымшасы*

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ) | |
| Базалық топ | 7412 «Мармеладшы-пастилашы» |
| Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА) | |
| Шығарылым, БТБА тарауы | 51 шығарылым, тарау 4 «Кондитер өндірісі» |
| БТБА бойынша кәсібі | Мармелад-пастила өнімдерін дайындаушы |
| СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 1 | 1 |
| 2 | 2 |
| 3 | 3-5 |

2-кесте. Мармелад-пастила өнімдерін дайындаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | Кондитерлік өнеркәсіп және фабрика, тәтті тағамдар сататын дүкен, наубайхана, нан комбинаттары, қоғамдық тамақтану орындары | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Жоқ | |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 1 | Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар) | Талап етілмейді |
| 2 | Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (білімді ұйымдастыру базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту) | Талап етілмейді |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту) | 2 деңгейде тәжірибесі 1 жылдан кем емес |

3-кесте. Мармелад-пастила өнімдерін дайындаушы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі) |
|---|---|
| 1 | Агрегаттардың түрлі типтерінің бункеріне мармелад массасын құю. Құю машинасын іске қосу және тоқтату. Мармеладты құю, сығымдау және іріктеу процестерін іріктеу. Үш қабатты мармелад дайындау кезінде желе массасын ысыту, хош иістендіру, қышқылдату және бояу; массаның дайындығын тексеру; әрбір қабаттың желелену дәрежесін айқындау |
| 2 | Құю механизмдерінің жұмысын реттеу. Дайын мармелад қабаттарын кесуге жіберу. Лотоктарды пастила құю машинасының тізбекті тасымалдағышына орнату, оларды пастила массасымен толтыру. Пастила массасы қабаттары қалыңдығының тегіс болуын қамтамасыз ету |
| 3 | Дайын өнім бар лотоктарды вибрациялық машинаға жіберу. Сығымдағыш машинада зефирді сығымдау, машина бункерін зефир массасымен толтыру. Сығымдағыш машинаны іске қосу және тоқтату. Лотоктардың қозғалысын және зефирге сығымдау сапасын бақылау. Зефирдің сығымдалған жарты бөліктері бар лотоктарды алу және оларды арбашықтарға орналастыру. Сығымдағыш қаптарды зефир массасымен толтыру және тақтайларда зефирді қолмен сығымдау. Зефирді ағын-механизацияланған желіге желімдеу |
| 4 | Зефир мен пастилаға арналған пісіру аппаратары мен үздіксіз жұмыс істейтін былғау-араластыру агрегаттарының, мармелад және пастила құятын агрегаттардың, тоннелді типтегі механизацияланған кептіргіштердің, пастила мен зефирді қораптарға орау автоматтарының, кесу машиналарының техникалық жай-күйі мен жұмысын бақылау |

4-кесте. Мармелад-пастила өнімдерін дайындаушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|---|---|---|---|
| 1 | Агрегат түрлерін құятын бункерлер, желе массасы | Мармелад құятын агрегат, қолды жұмыс, қолғап | 1-1) Агрегаттардың түрлі типтерінің бункеріне мармелад массасын құю |
| | | | 1-2) Үш қаттамалы мармеладты жасау кезінде желе массаларын темперлеу, хошиістендіру, қышқылдату және бояу |
| 2 | Мармелад пластары, пастила массасы салынған лотоктар | Қолды жұмыс, пастилақұятын машина, жұмыс киімі | 2-1) Дайын мармелад пласталарын кесуге беру |
| | | | 2-2) Пастила құятын машиналардың тізбекті тасымалдағышына лотоктарды орнату, оларға пастила массасын толтыру. Пастила массасының бірқалыпты қалыңдығын қамтамасыз ету |
| 3 | Зефир, сығымдалған жарты зефир салынған лотоктар, пісіру аппараттары және зефир мен пастилаға арналған үздіксіз жұмыс істейтін былғағыш-араластырғыш агрегаттар, мармелад-пастила құятын агрегаттар | Сығымдағыш машина, бункер, қолды жұмыс, қолғап, басқару пульті | 3-1) Сығымдағыш машинада зефирді сығымдау, машина бункерін зефир массасымен толтыру |
| | | | 3-2) Сығымдалған жарты зефир салынған лотоктарды түсіру және оларды арбаларға орналастыру; Жабдықтардың барлық түрлерінің техникалық жай-күйін және жұмысын бақылау |

5-кесте. СБШ біліктіліктің 1-деңгейлі мармелад-пастила өнімдерін дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 1-1) | Функционалдық тапсырмаларды орындау кезінде ережелер мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шараларын, жеке денсаулығын, сонымен бірге басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің сақталуына жеке жауапкершілік | Танымал жағдайда стандартты практикалық тапсырмаларды орындау; Кондитер өндірісінде жабдықтармен жұмыс істеген кезде қарапайым тапсырмаларды орындау үшін базалық дағдылардың шектеулі көлемін пайдалана алады | Жұмыс орнында оқу немесе нұскаулық үдерісте алынған кондитер өндірісі саласының нақты бір құрылымының еңбек заттары жөніндегі білімі |
| 1-2) | Тапсырманы тікелей бақылау және (немесе) біреудің басшылық етуімен орындау қажеттігін түсіну | Кондитер өндірісінде жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес өз қимылдарын түзете алу | Кондитер өнеркәсібі жұмысы үдерісінде қолданылатын негізгі және қарапайым құралдардың, жабдықтардың негізгі базалық білімі, олардың қолданыс саласы |

6-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі мармелад-пастила өнімдерін дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 2-1) | Тікелей басшылықтын бақылауымен негізгі өзіндік дағдыларды қолдана отырып стандартты практикалық тапсырмаларды шешу | Стандартты және біртекті практикалық тапсырмаларды шешу, нәтижеге қойылған жетістігі | Кәсіби дайындық үдерісінде алынған білім |
| 2-2) | Осы сала бойынша нақты тапсырма шеңберінде жұмыс сапасының және нәтижесінің жауапкершілігі | Жұмыс жағдайы шарттарына сәйкес алгоритм бойынша берілген тапсырманың әдістерін таңдай білу және түзету | Негізгі және қарапайым құралдарды, жабдықтарды, жұмыс үрдістерінің рәсімдерін білу |

7-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі мармелад-пастила өнімдерін дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 3-1) | Функционалдық міндеті шеңберінде қажетті нәтижеге қойылған өзіндік жетістіктің уақытын, қажетті қорын анықтау және міндетін бағалау жауапкершілігі | Практикалық тапсырмаларды шешу, өзіндік мәтініндегі дағдыларды жоспарлау, еңбек үдерісі мен нәтижесін бағалау және орындау | Кондитер өнеркәсібінде өзіндік кәсіби дайындық кезінде алынған тәжірибеге бағытталған білім, техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау білімі |
| 3-2) | Функционалдық міндеті шеңберінде қажетті нәтижеге қойылған өзіндік жетістіктің уақытын, қажетті қорын анықтау және міндетін бағалау жауапкершілігі | Практикалық тапсырмаларды шешу, өзіндік мәтініндегі дағдыларды жоспарлау, еңбек үдерісі мен нәтижесін бағалау және орындау | Кондитер өнеркәсібінде өзіндік кәсіби дайындық кезінде алынған тәжірибеге бағытталған білім, техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау білімі |

*Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 8-қосымшасы*

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ) | |
| Базалық топ | 7412 «Шәрбат бояушы» |
| Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА) | |
| Шығарылым, БТБА тарауы | 51 шығарылым, тарау 4 «Кондитер өнеркәсібі» |
| БТБА бойынша кәсібі | Шәрбат бояушы |
| СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 2 | 2 |

2-кесте. Шәрбат бояушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | Кондитерлік өнеркәсіп және фабрика, тәтті тағамдар сататын дүкен, наубайхана, нан комбинаттары, қоғамдық тамақтану орындары | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Жоқ | |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 2 | Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (білімді ұйымдастыру базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту) | Талап етілмейді |

3-кесте. Шәрбат бояушы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі) |
|---|---|
| 1 | Дайын түссіз шәрбатты жұмыс орнына тасымалдау |
| 2 | Рецептураға сәйкес түрлі бояғыштардың ерітінділерін дайындау, белгіленген рецептураларға сәйкес дайын шәрбатқа бояғыш ерітіндісін енгізу, шәрбатты түрлі бояғыштармен бояу; Шәрбаттың біркелкі боялуын бақылау |

4-кесте. Шәрбат бояушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|---|---|---|---|
| 1 | Мөлдір шәрбат құйылған ыдыс | Тасымалдауға арналған арба | 1-1) Мөлдір шәрбатты жұмыс орнына тасымалдау, Рецептураға сәйкес әр түрлі бояғыштардың ерітінділерін дайындау |
| 2 | Бояғыштар ерітінділері, мөлдір шәрбат, шәрбәт | Қолды жұмыс, қлғап, палитра для разведения (құрғақ бояғыштар), бояғыштар, жұмыс киімі, бақылағыш | 2-1) Дайын шәрбатқа бояғыш ерітіндісін қосу, шәрбатты бояу, Шәрбаттың бірқалыпты боялуын қадағалау |

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі шәрбат бояушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 1-1) | Шәрбәт бояушының ережелер мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шараларының сақталуына жеке жауапкершілік | Қарапайым тапсырмаларды орындау үшін базалық дағдылар | Шәрбәт бояушының еңбек жөніндегі техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау білімі |
| 2-1) | Шәрбәт бояушының қажетті тапсырманың орындалуын түсіну, нәтиже жетістігінің жауапкершілігі | Жұмыс жағдайынын шарттарына сай іс-әрекеттерді түзете білу, мәселесін шешу, себебін анықтау | Техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау біліктілігі |

*Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 9-қосымшасы*

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ) | |
| Базалық топ | 7412 «Белокты массаны дайындаушы» |
| Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА) | |
| Шығарылым, БТБА тарауы | 51 шығарылым, тарау 4 «Кондитер өндірісі» |
| БТБА бойынша кәсібі | Белокты массаны дайындаушы |
| СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 2 | 2 |
| 3 | 3-5 |

2-кесте. Белокты массаны дайындаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | Кондитерлік өнеркәсіп және фабрика, тәтті тағамдар сататын дүкен, наубайхана, нан комбинаттары, қоғамдық тамақтану орындары | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Жоқ | |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 2 | Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (білімді ұйымдастыру базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту) | Талап етілмейді |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту) | 2 деңгейде тәжірибесі 1 жылдан кем емес |

3-кесте. Белокты массаны дайындаушы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі) |
|---|---|
| 1 | Халуа өндірісінде белок массаларын дайындау кезінде қосалқы жұмыстарды орындауға қатысу, кунжут, күнбағыс және басқа да майлы дақылдардың дәнін жару, жарылған кунжут дәнінен қабықты соломур машинасында немесе қолмен алып тастау, тұздық ерітіндісін дайындау, жарылған кунжут дәнін ерітіндіге тиеу, дәндерді жуғыш машинада немесе қолмен жуу. |
| 2 | Халуа өндірісінде белок массаларын дайындау кезінде қосымша жұмыстарды орындауға қатысу, түсетін шикізаттың сапасын, жарылуын айқындау және кунжут дәнін органолептикалық жуу, шикізатты центрифугаларға тиеу, центрифугаларда шикізаттың ылғалдылығын жою. Ылғалдың жойылуын органолептикалық қадағалау |
| 3 | Халуа өндірісінде белок массаларын дайындаудың технологиялық процесін жүргізу, кунжуттың, арахистің түсуін қадағалау, сорт пен сапасына қарай оларды өңдеудің режимін айқындау, дәндерді сулаудың, кептірудің, соломурлаудың, қуырудың және үгітудің белгіленген режимінің сақталуын қамтамасыз ету |
| 4 | Техникалық жай-күйін қадағалау, соломурлау және кептіру машиналарын, центрифугаларды, кептіргіштерді үгіту қондырғылары мен пневматикалық құрылғыларды баптау және жұмысын реттеу; қызмет көрсететін жабдықтың және коммуникацияның жұмысындағы олқылықтарды алдын алу және жою |

4-кесте. Белокты массаны дайындаушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|---|---|---|---|
| 1 | Белок массалары, Кунжут, күнбағыс және басқа да майлы дақылдар | Қолды еңбек , қолғап, жарғыш машиналар | 1-1) Халуа өндірісінде белок массаларын дайындау кезінде қосалқы жұмыстарды орындауға қатысу |
| | | | 1-2) кунжут, күнбағыс және басқа да майлы дақылдардың дәнін жару |
| 2 | Кунжут, күнбағыс және басқа да майлы дақылдар, жарылған кунжут дәндері, жарылған дәндер Веялкалар, жабылатын бактар, сеператор, жарғыш машиналар | Соломурлау машинасы, қолды еңбек, жуу машинасы | 2-1) жарылған кунжут дәнінен қабықтытардыалып тастау |
| | | | 2-2) жарылған кунжут дәнін ерітіндіге тиеу, дәндерді сумен жуу |
| 3 | Кунжут, арахис, шикізат, белок массалары, кунжут дәндері, Соломурлау және кептіру машиналары, центрифугалар, кептіргіштер, үгіту қондырғылары мен пневматикалық құрылғылар | Мөлшерлеу аспабы, қолды еңбек, қолғаптар, жабдықтарды жөндеу құралдары | 3-1) Халуа өндірісінде белок массаларын дайындаудың технологиялық процесін жүргізу |
| | | | 3-2) кунжуттың, арахистің түсуін қадағалау, сорт пен сапасына қарай оларды өңдеудің режимін айқындау, дәндерді сулаудың, кептірудің, соломурлаудың, қуырудың және үгітудің белгіленген режимінің сақталуын қамтамасыз ету; Алынатын белок массаларының сапасын бақылау; Жабдықтардың техникалық жай-күйін қадағалау, сондай-ақ олардың жұмысындағы тетіктерді жою |

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі белокты массаны дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 2-1) | Белокты массаны дайындау барысында стандартты және бір текті практикалық міндеттерді негізгі практикалық және танымдық дағдыларды пайдалана отырып, өздігінен және (немесе) тікелей басшылықпен шешу | Практикалық өтілім және білімі негізінде әрекет ету, алуа дайындауда қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бағалау, өздігінен шешім қабылдау, өздігінен ұйымдастыру және түзету дағдыларын көрсету | Шикізат пен кунжут дәндерін өңдеу сапасына қойылатын талаптар |
| 2-2) | Өз денсаулығы мен қауіпсіздігі, басқалардың да денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін, сондай-ақ олардың белгілі бір міндеттерді орындауы кезінде қоршаған ортаны қорғау үшін жауапты болады | Нұсқаулықтармен берілген алгоритм бойынша іс-қимылдар әдісін таңдау және жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес іс-қимылдарды түзету | Қызмет көрсет етін машиналардың құрылымы, кунжут дәндерін кептірудің ережесі |

6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі белокты массаны дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 3-1) | Функционалдық міндеті шеңберінде қажетті нәтижеге қойылған өзіндік жетістіктің уақытын, қажетті қорын анықтау және міндетін бағалау жауапкершілігі | Практикалық тапсырмаларды шешу, өзіндік мәтініндегі дағдыларды жоспарлау, еңбек үдерісі мен нәтижесін бағалау және орындау | Белок массаларын дайындау технологиясы, тұзды ерітінділердің күштілігін айқындау тәсілдері; технологиялық белок массаларын өндіру жабдықтарының конструктивтік ерекшеліктері; қызмет көрсететін жабдықтар жұмысындағы тетіктерді анықтау, алдын алу және жою тәсілдері |
| 3-2) | Жұмыс процесін жоспарлауды қамтитын атқарушылық қызметті түсіну. Нормадан ауытқыған жағдайда, кәсіби қызмет процестерін жақсарту үшін идеялар ұсынады | Жұмысты жоспарлармен салыстыра алады, жоспарланып отырған нәтижеге қол жеткізуді және алынған нәтиженің сапа нормаларына сәйкес | Техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау біліктілігі |

*Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 10-қосымшасы*

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ) | |
| Базалық топ | 7412 «Рецептші» |
| Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА) | |
| Шығарылым, БТБА тарауы | 51 шығарылым, тарау 4 «Кондитер өнеркәсібі» |
| БТБА бойынша кәсібі | Рецепт дайындаушы |
| СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 2 | 2 |
| 3 | 3-4 |

2-кесте. Рецепт дайындаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | Кондитерлік өнеркәсіп және фабрика, тәтті тағамдар сататын дүкен, наубайхана, нан комбинаттары, қоғамдық тамақтану орындары | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Жоқ | |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 2 | Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (білімді ұйымдастыру базасындағы қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту) | Талап етілмейді |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту) | 2 деңгейде тәжірибесі 1 жылдан кем емес |

3-кесте. Рецепт дайындаушы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі) |
|---|---|
| 1 | Шикізаттың алуан түрлерін іріктеу және мөлшерлеу процесін біліктілігі аса жоғары рецептурашының басшылық етуі арқылы жүргізу, белгіленген рецептураға сәйкес мөлшерлеу аппаратурасының көмегімен шикізаттың алуан компоненттерін таразылау, өлшеу |
| 2 | Қажет жағдайда шикізаттың алуан түрлерін машиналарда немесе қолдан ұсақтау, шикізаттың барлық түрлерін қамыр араластырғыш машиналардың ұңғыларына салу, кондитерлік массалар дайындаудың технологиялық процесін бақылауды жүзеге асыру, мөлшерлеу аппаратурасының бақылау-өлшеу аспаптарының көрсетілімдерін қадағалау |
| 3 | Белгіленген рецептураларға сәйкес шикізаттың алуан түрлерін іріктеу және мөлшерлеу арқылы рецептуралық қоспалар жасау процесін жүргізу, мөлшерлеу аппаратурасының бақылау-өлшеу аспаптарының көрсетілімдері бойынша кондитерлік массалар үшін рецептуралық қоспалар дайындаудың технологиялық процесін реттеу |

4-кесте. Рецепт дайындаушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

| Еңбек функцияларының шифры | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|---|---|---|---|
| 1 | Шикізаттың түрлері, шикізат компоненттері | Қол жұмысы, қолғап, мөлшерлеу аппартурасы | 1-1) Шикізаттың алуан түрлерін іріктеу және мөлшерлеу процесін біліктілігі аса жоғары рецептурашының басшылық етуі арқылы жүргізу |
| | | | 1-2) Шикізаттың алуан түрлерін машиналарда немесе қолдан ұсақтау |
| 2 | Шикізаттың түрлері, шикізат компоненттері | Қолғаптар, шикізатқа арналған ыдыстар, қол жұмысы, қолғап | 2-1) Шикізаттың түрлерін қамыр араластырғыш машиналардың ұңғыларына салу |
| | | | 2-2) Шикізатты қабылдау және рецептураларға сәйкес шикізаттың барлық түрлерін жүктеу |
| 3 | Шикізаттың түрлері, түсетін май | Мөлшерлеу аспабы, органолептикалық және визуалды, қол жұмысы, қолғаптар, рецептуралық қоспалар дайындауға арналған жабдықтардың рецептуралық бөлімшесі | 3-1) Шикізат түрлерін іріктеу және мөлшерлеу арқылы рецептуралық қоспалар жасау |
| | | | 3-2) Түсетін шикізаттың сапасын бақылау, шикізат түрлерінің дұрыс дозалануын және жүктелуін қадағалау |

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі рецепт дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 1-1) | Функционалдық тапсырмаларды орындау кезінде ережелер мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шараларын, жеке денсаулығын, сонымен бірге басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің сақталуына жеке жауапкершілік | Танымал жағдайда стандартты практикалық тапсырмаларды орындау; Кондитер өндірісінде жабдықтармен жұмыс істеген кезде қарапайым тапсырмаларды орындау үшін базалық дағдылардың шектеулі көлемін пайдалана алады | Кондитер бұйымдарын дайындау рецепті; жұмыс істеу жабдықтарының жұмысыны үдерісінің ережелері |
| 1-2) | Тапсырманы тікелей бақылау және (немесе) біреудің басшылық етуімен орындау қажеттігін түсіну | Осы міндетті орындау кезінде жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес өз іс-қимылдарын түзете алу | Техникалық қауіпсіздік қағидалары, кондитерлік бұйымдар дайындау рецептуралары; қызмет көрсететін жабдықтардың жұмыс істеу қағидаты |

6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі рецепт дайындаушының құзыретіне қойылатын талаптар

| Міндеттер шифры | Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер | Біліктер мен дағдылар | Білімдер |
|---|---|---|---|
| 2-1) | Стандартты және бір текті практикалық міндеттерді негізгі практикалық және танымдық дағдыларды пайдалана отырып, өздігінен және (немесе) тікелей басшылықпен шешу | Практикалық өтілім және білімі негізінде әрекет ету, алуа дайындауда қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бағалау, өздігінен шешім қабылдау, өздігінен ұйымдастыру және түзету дағдыларын көрсету | Кондитерлік массалар дайындау рецептуралары; Шикізат пен массалардың сапасына қойылатын талаптар |
| 2-2) | Өз денсаулығы мен қауіпсіздігі, басқалардың да денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін, сондай-ақ олардың белгілі бір міндеттерді орындауы кезінде қоршаған ортаны қорғау үшін жауапты болады | Нұсқаулықтармен берілген алгоритм бойынша іс-қимылдар әдісін таңдау және жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес іс-қимылдарды түзету | Шикізат пен массалардың сапасына қойылатын талаптар қызмет көрсететін жабдықтарды орнату және оларды пайдалану қағидалары, техникалық қауіпсіздік қағидалары, қызмет көрсететін жабдықтардың жұмыс істеу қағидаты |

*Кондитерлік өндіріс бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 11-қосымшасы*

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ) | |
| Базалық топ | 8274 «Инвертті шәрбатты дайындау аппаратшысы» |
| Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА) | |
| Шығарылым, БТБА тарауы | 51 шығарылым, тарау 4 «Кондитер өнеркәсібі» |
| БТБА бойынша кәсібі | Шәрбәт бояушы |
| СБШ біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 3 | 4 |

2-кесте. Инвертті шәрбатты дайындау аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|---|
| Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым) | Кондитерлік өнеркәсіп және фабрика, цех | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Жоқ | |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі | Қажетті еңбек тәжірибесі |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту) | 2 деңгейде тәжірибесі 1 жылдан кем емес |

